

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТІРЛІГІ
ШЕТ ТІЛДЕР ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК ҚАРЬЕРА УНИВЕРСИТЕТІ**



АУБАКИРОВА ДАМИРА ЕРЖАНҚЫЗЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА
ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ БАСҚАРУ**

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Алматы 2015

УДК 334(075.8)

ББК 65.290я73

А93

Аубакирова Д.Е.

Қазақстан республикасында шағын және орта бизнесті басқару: Учебное пособие - Алматы, 2015 ж., б.

ISBN 978-601-7047-21-4

Қазақстан республикасында шағын және орта бизнесті басқару пәні ЖОО-ның экономика мамандандарының студенттерін оқытушылар оқыту үшін жасалынған. Жиналған ақпарат экономистердің жұмысын және мамандану деңгейін көтеруге ықпал жасайды.

Рекомендовано к изданию Ученым советом
(протокол №3 от 21 января 2015 года.) в качестве учебного пособия

Сын пікір берушілер:

Турсынбаева Д.К., э.ғ.к., ф.д. і.

(ҚР БҒМ ҒК Экономика институті)

Жангилова Р.Н., э.ғ.к., доцент

(ШТЖІКУ)

ISBN 978-601-7047-21-4

Аубакирова Д.Е.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....4

1 БӨЛІМ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....8

1.1 Шағын және орта бизнестің экономикалық мәні мен рөлі.....	8
1.2 Шағын және орта бизнестің қалыптасқан жағдайын шет мемлекеттермен салыстыру.....	19
1.3 Шағын және орта кәсіпкерліктің мемлекеттік қолдау жүйесі мен макроэкономикалық реттеу механизмдері.....	28
2 БӨЛІМ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫНА ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ.....	40
2.1 Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерліктің ағымдағы жағдайын бағалау.....	40
2.2 Шағын және орта кәсіпкерлікті үкімет тарапынан қолдауына талдау жасау.....	49
2.3 Шағын және орта кәсіпкерлік рейтингінің жоғарылауына кедергі келтіретін факторларды талдау.....	60
3 БӨЛІМ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПОРЫНДАР ДАМУЫН БАСҚАРУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ.....	71
3.1 Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау мен реттеуді жетілдіру жолдары.....	71
3.2 Нақты өндіріс саласындағы шағын және орта бизнесті белсендірудің қаржылық-несиелік әдістерді жетілдіру жолдары.....	77
3.3 Шағын және орта кәсіпкерлік - қорғауға және қолдауға ие бизнес.....	85
ҚОРЫТЫНДЫ.....	90
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ.....	94

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының шағын және орта бизнесті жүргізу жолдары, оларды жүзеге асыру, басқару және даму тенденциясы, сонымен қатар банктердің берілетін несиелері және сапалы қызмет көрсету мәселелеріне талдау жүргізілген. Бұл Қазақстан Республикасының нарығында шағын және орта бизнестің даму мәселелері, оның нарықтағы үлесін ұлғайтып, Қазақстан

Республикасының халқы үшін қолайлы сұранысты ұсынып, осы кәсіпкерлік түрінің маңыздылығын көрсету.

Қазақстанның нарықтық экономикалық жағдайында экономикалық дамудың кәсіпкерлік моделі жалпы экономика жағдайын жақсартуда және дағдарыстан шығу жолындағы алғышқы қадам ретінде маңызды фактор бола алады.

Кейінге қалтыруға келмейтін шаралар қатарында кәсіпкерлік қызметке, шағын және орта бизнесті дамытуға қолдау көрсету маңызды орынды алады. Қазақстан Республикасы Президентінің Н.Ә.Назарбаевтің 11.11.2014 ж шыққан «Нұрлы жол – Путь в будущее» атты жолдауында шағын және орта бизнес ішкі жалпы өнімдегі үлесі 50% жоғарлауы керек [1].

Шағын және орта бизнес – нарықтық экономиканың маңызды элементі, онсыз мемлекет жан-жақты дами алмайды. Ол көп жағдайда экономикалық өсу қарқындарын, жалпы ұлттық өнімнің құрылымы мен сапасын анықтайды. Бұл сектор өзінің мәні бойынша нарықтық инфрақұрылымның шешуші элементі болып табылады.

Кәсіпкерліктің кез-келген формасын дамыту негізінен жалпы елдегі, оның аймақтарындағы ішкі экономикалық жағдайлар және кәсіпкердің өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін берілген құқықтарын пайдалана алу қабілеті сияқты екі шартқа байланысты.

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға байланысты соңғы жылдары жүргізіле бастаған шағын және орта кәсіпкерлікті қалыптастыру және оны әрі қарай дамытуға байланысты қолайлы өзгерістер жасалынып жатыр.

Шағын және орта кәсіпкерлік баяу қарқынмен және қайшылықты түрде дамып келеді. Қазіргі уақытта нарықтық экономиканың ерекше секторы ретіндегі шағын және орта кәсіпкерліктің қалыптасуының алғашқы қадамдары ғана жасалды. Әлі буыны қатып, бекімеген, дербес өмірге аяқ басқан кезеңде кемшіліктердің болуы табиғи нәрсе. Дегенмен, шағын және орта кәсіпкерліктің рөлін бағаламаушылық, оның техникалық-өндірістік және әлеуметтік-экономикалық әлуетін есепке алмау, экономикалық әдебиеттер мен нақты статистикалық деректер нарықтық экономикасы дамыған елдерде де шағын және орта кәсіпкерліктің рөлінің күшейгендігін көрсетеді. Шағын және орта кәсіпорындар санының өсіп, дамыған инфрақұрылым мен мемлекеттен қолдау тапқанда ғана шағын және орта кәсіпкерлік экономикалық, әлеуметтік, сонымен қатар тұрғындарды жұмыспен қамту мәселелерін шешудің маңызды факторына айналады.

Республикадағы нарықтық қатынастардың алға басып, экономика мен әлеуметтік саладағы дағдарыстан шығу қажеттілігі шағын және орта бизнесті қалыптастыру мен дамыту мәселелерін терең зерттеуді талап етеді.

Әлемдік тәжірибе, экономикалық дағдарыс жағдайында шағын және орта кәсіпкерліктің дамуын қолдауға бағытталған саясат қана экономикалық өсуді жүзеге асыруда керекті нәтиже беретіндігін көрсетеді. Кәсіпкерлікті қолдау ең алдымен аймақ пен қалалардың міндеті болып табылады. Қазіргі кезде аймақтар еркіндік алып, орталық ұйымдарының ықпалынан шықты.

Сондықтан, нарықтың біртіндеп күш алып, қалыптасып келе жатқан уақытында территорияны әлеуметтік, экономикалық және экологиялық дамыту мәселесі толығымен аймақ әкімшілігіне жүктеледі.

Экономиканың қарқынды дамуына байланысты Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерліктің өндірген өнімдерінің көлемі жыл сайын артып келеді, алайда жалпы ішкі өніміндегі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің үлесі төмендеуде және қазіргі уақытта 31,2% деңгейін, ал шағын кәсіпкерлік саласында қызмет етушілердің саны экономикалық белсенді халықтың 22% құрайды. Бұл көрсеткіштер дамыған елдердің ұқсас көрсеткіштерінен едәуір төмен, яғни ол ЖІӨ-нің 50%-ды және жұмыспен қамтылған халық саны 70%-ды құрайды.

Сонымен, Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлікті белсендіру нәтижесінде жағдайдың жақсаруына қарамастан, халықаралық бағалау жүйесінде еліміздің кәсіпкерлікті жүргізу рейтингі әлі де жоғары емес, әсіресе лицензия беру, халықаралық сауда, кәсіпорындарды тарату салаларында төмен көрсеткіштер байқалуда, ал осының барлығы бірінші кезекте шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік тетіктерінің тиімсізділігін білдіреді.

Тағы бір өзектілігінің бірі, бұл Жапониядағы шағын бизнестің кадр саны 15 адам болса, ал Қазақстандағы шағын бизнестің кадр саны 50 адам. Яғни бұл жерде Жапонияда халықтың саны көп, ал Қазақстанда аз, осы жерде неге деген сұрақ туындайды.

2011 жылы Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде кәсіпкерлік жағдайы бойынша біздің ел 66-орынға көтерілді, бұл рейтингті Дүниежүзілік банктің «Бизнесті жүргізу» бағалауы дәлелдейді. 2013 жылдың қорытындысы бойынша «Бизнесті жүргізу-2014» рейтингінде 181 елдің ішінен Қазақстан бір сатыға жоғарлап 63-орынға ие болды.

Жалпы алғанда, экономиканың даму барысында халықаралық бағалау жүйесінде жоғары рейтинг алу жалғыз мақсат емес. Алайда, ұсыныстар әзірлеу стратегиясын таңдау үшін елдегі экономиканың түрлі салаларының рейтингтік дамуын бағалау, әсіресе шағын және орта кәсіпкерлік жөнінде ақпарат алу қажет, себебі қазіргі таңда көптеген мемлекеттердің экономикалық және әлеуметтік қатынастар жүйесінде шағын және орта кәсіпкерлік өте маңызды қызмет атқарады. Шағын және орта кәсіпкерлік тіршілік әрекетінің негізгі көзі ғана болып қоймай, ол сондай-ақ тұлғаның ішкі әлеуетін ашуға жәрдем етеді.

Бұның барлығы оқу құралының күмәнсіз өзектілігі туралы айтады.

Қазіргі жарнама теориясының даму проблемалары отандық О.С. Сабден, М.Г.Исаева, А. Кантарбаев, А.Б. Молдашев, К.К. Курманалиев және тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде көтерілген. Бұл тақырыпқа шетелдік зерттеушілер А. Смит, Д.Маккеланд, Д.Шумптер, Ф.Найт, Р.Кантиллион, Н.Бауде, Дж.М. Кейнс, тағы басқалар үлкен еңбектер жазды. ТМД елдерінің ғалымдары А.В.Сидорович, Е.Ф. Борисов, А.П. Дурович, Э.А. Уткин, П.Д.Половинк т.б. нарықтық экономика жағдайында шағын және орта бизнестің дұрыс жүргізу мүмкіндіктерін қарастырды.

Оқу құралының маңыздылығын, әрі шағын және орта бизнес жеткілікті деңгейде зерттелмегендігін ескере отырып төмендегідей мақсат қойдық: Қазақстан, тіпті бұрынғы Кеңестер Одағы көлеміндегі табиғи байлығы мол, жаңа экономикалық жүйеге өту кезеңінің талаптарына сәйкес әкімшілік құрылымның өзгеруіне байланысты қосымша қиындықтарды басынан кешіріп жатқан шағын және орта кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуының теориялық және ғылыми-практикалық мәселелерін зерттеу арқылы нарыққа өту жағдайында оның макроэкономикалық тетіктерін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар жасау.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер орындалды:

- Шағын және Орта Кәсіпкерлікті құбылыс ретіндегі экономикалық мәнін, оның нарықтағы орнын, ірі өнеркәсіп құрылымдарымен салыстырғандағы артықшылықтары мен кемшіліктерін ашып көрсету;
- шағын және Орта Кәсіпкерліктің жалпы теория-методологиялық мәселелерін - өтпелі кезеңдегі республика және аймақтың заңдылықтары мен ерекшеліктерін айқындау;
- тарихи және логикалық тұрғыдан алғандағы шағын және орта кәсіпкерлік қызметінің құрылымдары мен даму динамикасына талдау жасау;
- шағын және орта кәсіпкерліктің жергілікті халықтың сұранысын қамтамасыз етудегі рөлін көрсету;
- шағын және орта кәсіпкерліктің жағдайы мен даму бағыттарын анықтау;
- шағын және орта кәсіпкерліктің мемлекеттік қолдау жүйесі мен макроэкономикалық реттеу механизмдерін айқындау;
- Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерліктің ағымдағы жағдайын бағалау;
- шағын және орта кәсіпкерлікті үкімет тарапынан қолдауына талдау жасау;
- шағын және орта кәсіпкерлік рейтингінің жоғарылауына кедергі келтіретін факторларды талдау;
- Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпорындар дамуын басқарудағы мәселелер мен оларды шешу жолдарын анықтау;
- шағын және орта кәсіпкерлікті реттеудің макроэкономикалық тетіктерін жетілдіру бойынша бірқатар ұсыныстар келтіру және оларды негіздеу;

Зерттеу пәні - кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау үдерісінде болатын экономикалық және ұйымдастырушылық қатынастардың арақатынасы.

Зерттеу объектісі – Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік.

Зерттеудің теориялық негізі – туындап отырған проблема бойынша отандық және шетелдік экономика ғалымдарының еңбектері, Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік актілері, Үкімет қаулылары, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдаулары, халықаралық ұйымдарының есептері.

Зерттеу барысында салыстырмалы және статистикалық талдау, эмпирикалық, сұхбаттау, бақылау әдістері қолданылды.

Диссертацияның статистикалық базасын Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметтері, «ДАМУ» дамыту қорының сандық көрсеткіштері құрайды.

Зерттеуде алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы ретінде келесі түйіндерді қарастыруға болады:

- Кәсіпкерлік, бизнес, басқару және шағын және орта бизнеске өзіндік анықтама берілді;
- еліміздегі шағын және орта бизнестің қалыптасуы және тәжірибесі сарапталып, оның өзіндік ерекшеліктері айқындалып, жүйеге келтірілді;
- елу елдің қатарына кіру мақсатпен шағын және орта бизнестің бәсекелестігін арттыру, тұтынушылардың сұранымын басқа кәсіпкерлік түрлері арқылы қанағаттандыратын кәсіпкерліктердің жаңа түрлері ұсынылды.

1 БӨЛІМ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Шағын және орта бизнестің экономикалық мазмұны

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 11.11.2014 ж шыққан «Нұрлы жол – Путь в будущее» атты жолдауында Нерудың сөзін көрсеткен, ол былай деген екен: «Кім батыл

кимылдаса, соның үлесіне табыс жиі түседі». Бұл біздің кәсіпкерлерлерімізге немесе бизнесмендерімізге жақсы айтылған. Мұнда әрине Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы байланысты. [1]

Нарықтық экономика тақырыбы, бірнеше жылдардан бері біздің қоғамдық санамызда жетекші орын алып келеді. Бәлкім, нарықтық экономиканың ең сиымды да қысқа анықтамасы, «еркін кәсіпкерлік экономикасы» деп түсіндіруге болады.

Елімізде қазіргі кезеңде жүргізіліп отырған экономикалық реформаның басым бағыттарының бірі – шағын және орта бизнесті қалыптастыру мен дамыту стратегиялық бағыттарында көрініс тапты. Бұл жердегі бизнес (ағылшын: іс, кәсіп, қызмет) дегеніміз азаматтар мен азаматтар тобының нарықтық экономика жағдайында жеке мүліктік жауапкершілігі мен тәуекелі, қауіп-қатері негізінде пайда немесе экономикалық түсімнің өзге де нысанын алуға бағытталған дербес қызметі [3]. Кәсіпкерлікке экономикалық теория тұрғысынан келетін болсақ, «не?», «қалай?», «кім?», «не үшін?» деген сұрақтардың жауабы қандай да бір болмасын өндірісті бастаған кезде болуы шарт. Бұл жағдай адам өміріне, оның қажеттіліктерін қанағаттандыруға керек игіліктерді алудың басты көзі өндіріс - экономиканың негізі. Кәсіпкерлік арқылы еңбек, жер, капитал тәрізді үш өндіріс факторының бірігуі жүзеге асырылады, яғни бұл ерекше факторды нарық шаруашылығының ерекше бөлшегі ретінде қарастыруға болады. Кейбір экономикалық әдебиеттерде өндіріс факторы ретінде еңбек, капитал, жермен бірге кәсіпкерлікті де қарастырады. Бұдан, нарық – еркін кәсіпкерлікке негізделген экономика, ал ол өз кезегінде кез-келген әлеуметтік-экономикалық құбылыс сияқты уақыт талабына сай өзгеріп отырады.

Сондықтанда, шағын және орта бизнесті немесе кәсіпкерлікті басқарудың ішінен, алдымен кәсіпкерлік, бизнес және басқару дегеніміз не? деген сұраққа жауап табайық.

Кең мағынада кәсіпкерлікке берілетін анықтама, «кәсіпкерлік дегеніміз жеке меншікке (жеке кәсіпкерлік) немесе шаруашылық жүргізу құқығына негізделген, меншік түрінен тәуелсіз, тауарға (жұмыс не қызмет атқаруға) деген сұранысты қанағаттандыру барысында таза табыс табуға бағытталған азаматтар мен заңды тұлғалардың бастамалық қызметі».

«Кәсіпкерлік – азаматтар мен олардың бірлестіктерінің пайда алуға бағытталған мүліктік дербес қызметі. Кәсіпкерлікті азаматтар өз атынан, тәуекелдікке бас тіге отырып, өзінің ұйымдық құқықтық нысаны шегінде заңи тұлғаның мүліктік жауапкершілігі кепілдігімен жүзеге асырады» [4].

«Кәсіпкерлік - бұл қызметтің барлық қатысушылары үшін өзінің, қарызға алынған және басқа да қорлары есебінен өзара тиімді нәтижелермен табыстарға қол жеткізу мақсатын көздейтін қолданыстағы заң аясында әрекет ететін шаруашылық және басқа ынталы қызметі» [3].

Осы үш анықтамаға талдау жасайық, мұнда кәсіпкерлікті табыс табу, қызметті жүзеге асыру, шаруашылық жүргізу, тұтынышыларын сұранысын қанағаттандыру сияқты ерекшеліктері көрсетілген. Осының барлығын ескере

отырып келесідей ереже қалыптасты: «Кәсіпкерлік деп, өндіріс қызметін жеке тұлғалар немесе ұйым арқылы жүзеге асыру, сонымен қатар ол өнімді сату немесе өткізу арқылы, тұтынушылардың қалаулары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы, шаруашылықты дұрыс жүргізу арқылы табысқа жету». Осылайша, бизнес пен кәсіпкерліктің басты ерекшелігі ол, өндірісте, өйткені кәсіпкерлік сөзінің «кәсіп» түбірін алатын болсақ, ол өз қолымен жасалынатын нәрсе. Ал бизнес бұл, «Бизнес – кәсіпорындардың немесе ұйымдардың, жекеше тұлғалардың өңделгемеген түрде өнім шығыру, тауарлар сатып алу және сату немесе табыс табу мақсатымен басқа тауарларға немесе ақшаға айырбас ретінде қызмет көрсету жөніндегі харекті» [4].

Кең таралатын анықтама, «Бизнес – бұл қандайда болмасын ұйымдастырушылық қызмет, оның басты мақсаты мен формасы оның иелеріне пайда алып келу болып табылады».

Осыдан, біз барлығымыз білетіндей бизнестің басты мақсаты пайда табу. Яғни, мұнда басты мәселе затты өз қолымен жасау емес, мұнда дайын затты сату немесе қызметті көрсету. Бірақ, кәсіпкерлік «бизнес» сөзінің қазақ тіліндегі синонимі. Кәсіпкерлік белсенділік пен тәуекелділікке бел буа білу – егіз ұғым. Сондықтан, кәсіпкерлікті басқа экономикалық қызмет түрлерінен ерекшелейтін белгілеріне дербестік, жауапкершілік, тәуекелділік, іскерлік, белсенділік жатқызылады. Кәсіпкерліктің мәні нарықтың белгісіздік жағдайында өз меншігін, қолында бар қаражатын тиімді де ұтымды пайдалана білуінде болып табылады. Нарық үлгісіндегі басты тұлға кәсіпкер десек, ол – қарамағындағы мүліктерді заңды негізде пайдалануға, өзінің бастамасымен барлық шешімдерді қабылдауға және кез-келген әрекет жасауға құқықты заңды ұйым немесе жеке азамат. Бизнес терминіне келесідей анықтама беруге болады «бизнес - бұл тәуекелділікке бел буа отырып, табыс табу, әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мақсатымен, ұйымдастырушылық қызметімен, сол арқылы тұтынушыларды қанағаттандыру арқылы, нарықта өз орнын тауып, шаруашылық қызметті жүзеге асырудың түрі». Осыдан шығатын қорытынды, кәсіпкерлік пен бизнес қатар жүреді, өйткені әр кәсіпкер немесе бизнесмен өзінің қолымен жасамаса да, фантазиясын қосып, жақсы сапамен немесе өзіндік бір жаңалықпен қызмет көрсетеді. Диссертациямда кәсіпкерлік пен бизнес қатар жүретін, бір бірімен байланысты қызмет түрі ретінде қарастырылады.

Ал «басқару» сөзі немесе термині осы бизнес пен кәсіпкерлікті тиімді түрде жүргізу, дұрыс шешімдерді қабылдау, жүзеге асыру сияқты жайыттарды ескере отырып жүзеге асырады. «Басқару» терминіне келесідей анықтама беруге болады: Басқару - бұл ресурстардың шектеулілігін ескере отырып, қызметті жүргізу, реттеу, ұйымдастыру функцияларын орындайтын іс әрекет.

Кәсіпкерліктің даму тарихы орта ғасырлардан бастау алады. XVII ғасырдың орта шенінде халықаралық сауда саласында акционерлік компаниялар пайда болып, XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында ол кеңінен дамыды. Экономикалық әдебиеттегі «кәсіпкер» ұғымы алғаш рет Парижде жарық көрген коммерцияның жалпылама сөздігінде келтірілді. Онда

«кәсіпкер» деп өзінің жауапкершілігіне өндіріс немесе құрылыс объектісін алатын адамды айтады (кесте 1).

Кесте 1 - «Кәсіпкерлік» терминіне деген әртүрлі көзқарастардың эволюциясы.

Ғалымның фамилиясы, аты,	Теорияда ғалымдардың «кәсіпкерлік» ұғымына берген ережелері
Ричард Кантilliон	<ul style="list-style-type: none"> • Кәсіпкер – өзіне-өзі жұмыс орнын жасайтын адам. • нарық талаптарына сай іс-әрекет жасауы керек. • кәсіпкер – мөлшері белгісіз, тұрақсыз табыс табатын адам, басты ерекшелігі – тәуекелге бел буатындығы, негізгі экономикалық функциясы - әр түрлі тауар нарығындағы ұсыныс пен сұранысты сәйкестендіру. Ол бизнесмендерді капитал салушыларға және өз еңбегі мен ресурсын пайдаланушыға бөлді.
Адам Смит	<ul style="list-style-type: none"> • кәсіпкерді қандай да бір коммерциялық идеяны өткізіп, пайда алу үшін экономикалық тәуекелге баратын меншік иесі ретінде сипаттаған.
Николас Бауде	<ul style="list-style-type: none"> • Кәсіпкер ең алдымен жаңартпа менеджері. • меншіктенуші мен кәсіпкер арасында айырмашылықтар бар. • кәсіпкерлерді қолдап және арнайы оқытып отыру қажет.
Джон Мейр Кейнс	<ul style="list-style-type: none"> • кәсіпкер белсенді, тәуелсіз, ұқыпты және өте сақ болуы керек
Жан Батист Сэй	<ul style="list-style-type: none"> • Кәсіпкерлік еңбек те – еңбек, жер, капитал сияқты негізгі өндіріс факторы. • Кәсіпкерлер – белгілі бір моралдық және кәсіби қасиеттерге ие болулары қажет. • Кәсіпкер тұрлаусыздық жағдайында жұмыс істейді және әрдайым кәсіпорынның алдында тұрған қиыншылықтарды жеңіп отыруға мәжбүр.
Карл Менджер	<ul style="list-style-type: none"> • Кәсіпкер шешім қабылдауда 4 сатыны қолдануы қажет: мәлімет жинау, экономикалық есеп, тауар таңдау және өндіріс жоспарының орындалуын басқару. «өз қаражаты мен тәуекелі есебінен өз пайдасы үшін қандай да бір өнім өндіретін тұлғаны» кәсіпкер деп тұжырымдайды.
Альфред Маршалл	<ul style="list-style-type: none"> • Кәсіпкер мен менеджердің қызметтерінде айырмашылықтар бар, демек оларға әртүрлі талап қойылады.
В.Зомбарт	<ul style="list-style-type: none"> • кәсіпкерді «ерік-жігері мол, адамдарды үгіттей алатын және оларға өз тауарын сатып алғыза алатын белсенді ұйымдастырушы, сатушы».

(1-ші кестенің жалғасы)

Франк Найт	<ul style="list-style-type: none"> • Кәсіпкер – әлеуметтік-экономикалық жаңартпашы. • кәсіпкер өз еңбегімен пайданың жаңа түрін жасайды кәсіпкерлік табыс. • кәсіпкер бір мезгілде капитал меншіктенушісі де болуы керек. • кәсіпкердің негізгі міндеттері – ұйымдастыру және бақылау.
Джозеф Шумпетер	<ul style="list-style-type: none"> • Кәсіпкердің міндеті – капиталды, еңбекті іске қосу, жоспар құру және оның орындалуын ұйымдастыру. • кәсіпкерліктің мәні өндіріс күштерін жаңадан ұйымдастырудан тұрады. • кәсіпкерлік қызметтің бағыттары: 1) жаңа өнімдер немесе қызмет

	көрсетулер; 2) жаңа өндіріс; 3) жаңа өткізу нарықтары; 4) жаңа жабдықтау көздері; 5) жаңа ұйым түрлері. <ul style="list-style-type: none"> • бизнес – бұл пайда және басқа да қосымша табыс табу мақсатында инновациялар жүргізу, ал кәсіпкер – «жаңа идеяларға бай, өндіріс факторларын үйлесімді пайдалана отырып, жаңа технологияларды енгізетін сол арқылы экономиканың дамуын қамтамасыз ететін тұлға», егер кәсіпкер инноватор функциясын атқаруды доғарса, онда ол өз мәртебесін жоғалтады деп сипаттаған.
Давид Макклеланд	<ul style="list-style-type: none"> • кәсіпкер өз көзқарасын қорғай білуі және қиыншылықтарды жеңе білуі қажет.
Питер Друкер	<ul style="list-style-type: none"> • Кәсіпкер болашақ нәтижелерді болжай алу, тәуекел ете алу және жігерлік сияқты қасиеттерге ие болуы керек; • бірінші рет пайда табуға мүмкіндік категориясын енгізеді.
Харви Либенштейн	<ul style="list-style-type: none"> • Кәсіпкердің міндеті – ресурстарды тиімділігі төмен саладан, тиімділігі жоғары салаға ауыстыру. • кәсіпкер әртүрлі нарықтық жағдайларда жұмыс істей білуі қажет: тұрақты нарық жағдайында сондай-ақ жаңа, белгісіз нарық жағдайында.
А.В.Сидорович	<ul style="list-style-type: none"> • Кәсіпкерді «жеке меншік мүлкінің жауапкершілігі арқылы бәсекелік негізде табыс (пайда) табу мақсатымен дербес бастамалық іс-әрекет жасайтын шаруашылық жүргізуші субъект» ретінде сипаттайды.
Е.Ф.Борисов	<ul style="list-style-type: none"> • «Кәсіпкер – бұл баю мақсатында өндірістің барлық факторын пайдаланатын іскер адам» деп тұжырымдайды
А. Қантарбаева	<ul style="list-style-type: none"> • «Кәсіпкер» қоғамға қажетті тауарлар мен қызметтерді өндіре отырып, жаңа нарық құратын, жаңа жұмыс орнын қалыптастыратын, инновацияларды өндіретін басқа кәсіпкерлердің өндірген тауарлары мен қызметтерін сатып алатын тұлға экономикада коммерциялық тәуекелмен байланысты инновацияларды енгізу арқылы өз пайдасын сәтті алуға талпынатын кәсіпкер неғұрлым көп болса, ондай қоғам соғұрлым бай береді.
Ескерту - Ақпарат негізінде автордың құрастырылуымен [6]	

Шынында, нарық ең тиімді кәсіпкерлік орта болып табылады. Кәсіпкерлік – нарықтық қатынастардың қасиеттері мен сапалық сипаттамасының жиынтығы. Сондықтан, кәсіпкерліктің әртүрлі формалары мен түрлерін дамытпайынша нарыққа толығымен өту мүмкін емес.

Жоғарыда қарастырылған кәсіпкерліктің терминіне берген ғалымдардың, сонымен қатар шағын және орта бизнес туралы көп айтқан. Ғылыми әдебиеттерде шағын және орта бизнес туралы анықтамалар көп (кесте 2). Сол авторлардың берген анықтамаларының біразын келтіріп, салыстырып көрейік:

Кесте 2 - «Шағын және орта бизнес» түсінігіне берілген анықтамалар.

«Шағын және орта бизнес» түсінігіне берілген анықтамалар	
1	Кең мағынада, шағын және орта бизнес кәсіпорындары деп, шаруашылық қызметті тәуелсіз иеленіп, тәуелсіз ұйымдастыратын, бірақ бұл қызмет өз саласында басым қызмет болып табылмайтын бизнес.
2	Шағын және орта кәсіпорын азаматтардың іскерлік белсенділігі мен олардың мүмкіндіктерін арттырып, экономиканы құрылымдық жағынан қайта құруға, өндірісті монополиясыздандыруға және бәсекелестікті дамытуға, халықты жұмыспен қамтамасыз ету проблемасын шешуге, инвестициялар өтелімділігін тездетуге, тұтыну

	сұранысын арттыруға байланысты нақты тауарлар шығаруға және қызмет көрсетуге, жедел түрде көңіл аударып отыруға әсер етуші нарықтық экономикаға өтуді ұйымдастырудың неғұрлым перспективалы формасы болып табылады.
3	Шағын және орта бизнес - әр елдің өзіне тән өлшемдер жүйесі бар (жұмысшылар саны, сатудан түскен кіріс көлемі, актив мөлшері, жылдық табыс және т.б.) шаруашылық жүргізудің ерекше нысаны. «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» заңына сәйкес, шағын кәсіпкерліктің субъектілері болып жұмыскерлерінің жылдық саны 50 адамнан аспайтын әрі орташа есеппен жылына айлық есептік көрсеткіштің 60 мың мөлшерінен аспайтын актив ұстайтын кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын заңды тұлға құрмай кәсіпкерлікпен айналысатын жеке тұлғалар саналады. Орта бизнеске жұмыскерлердің жылдық саны 250 адамнан аспайтын әрі орташа есеппен жылына айлық есептік көрсеткіштің 325 мың мөлшерінен артпайтын актив ұстайтын, кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын заңды тұлғалар саналады
4	А.Н.Азриллианның жетекшілігімен жазылған экономикалық сөздікте шағын және орта бизнеске мынандай түсініктеме беріледі: «ешбір монополистік бірлестікке тікелей кірмейтін және экономикада монополияларға деген бағынышты рөлді ұстанатын ұсақ және орта кәсіпорындардың жиынтығы».
5	П.Д.Половинкиннің тұжырымдауынша, шағын және орта бизнес бұл пайда табу мақсатында, өзінің бастамалық, инновациялық, тәуекелдік негізінде бірге жер, еңбек, капитал тәрізді өндіріс факторларын рационалды пайдаланатын және басты субъектісі кәсіпкер болып табылатын шағын кәсіпкерлердің кез-келген экономикалық қызметі.
6	О. Сабденнің берген анықтамасында, Шағын және орта бизнес кәсіпорындары деп, бір немесе бірнеше инвесторлармен құрылған, географиялық шектелген аймақтарда жұмыс істейтін және нарықтың шектелген үлесіне ие кәсіпорындарды айтамыз. Бұл кәсіпорындарда басқаруды негізін салушылар жүзеге асырады, олар барлық негізгі стратегиялық шешімдерді қабылдайды; басқару – нысаншылықтың жоқтығы мен ұтымды шешім қабылдау сипатымен ерекшеленеді; басқару саласында, сондай-ақ өндіріс саласында жұмысшылардың жоғары өзара ауыспалылығы байқалады.
Ескерту - Ақпарат негізінде автордың құрастырылуымен	

Көрсетілген анықтамаларды талдайтын болсақ, бірінші анықтама кең тараған. Бұл ереженің ерекшелігі шаруашылық қызметті ұйымдастыруда болса, екінші анықтама барлық аспектілерді қамтып, үшінші анықтамада «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау» заңынан. Мұндағы басты мәселе заңда кездесетін активтер көлемімен және барлық елдерде шағын, орта және ірі бизнестің басты айырмашылығы адам саны мәселесі көрсетіліп жатыр. Төртінші анықтамада, өндіріс факторларын рационалды пайдалану туралы болса, ал бесінші анықтаманың ерекшелігі ірі кәсіпорындардың алдында монополистің болуы. Алтыншы анықтама, бұл болжау, шешім қабылдау, реттеу, ұйымдастыру сияқты менеджменттің функцияларын көрсетіп жатыр. Бірақ бұл анықтаманың басты ерекшелігі отандық компаниялардың шетел нарықтарына шығу және шетел компаниялармен жұмыс істеу. Сондықтан да осы айтылғандардан және талдау жүргізгенімнен, менің ойымша, шағын және ортаның кәсіпкерлік бизнесі деп - заңның белгілі бір критерийлерімен жасалынатын, басқару түрі оңайтылған, өндіріс факторын рационалды пайдаланатын, тәуекелділікке бел буатын, халықты жұмыспен қамтамасыз ететін, тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын, сыртқы және

ішкі факторларға жедел көңіл аударатын, экономикалық салалардың барлық түрлерін қамтитын кәсіпорын түрі.

Шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпкерліктің ерекше түрі болып саналмайды, бұл термин мөлшерлік көлем деңгейін ғана анықтайды, ал оның формасы кез-келген түрде: жекешелік, серіктестік, шектеулі жауапкершілікті қоғам ретінде болуы мүмкін.

Шағын және орта кәсіпкерліктің экономикалық мәні: біріншіден, оның объективті түрде өмір сүруі және экономиканың секторы ретінде дамитындығымен; екіншіден, кәсіпкерлік қызметтің ерекше түрі болып табылатындығымен анықталады.

Шағын және орта кәсіпкерлікті экономиканың секторы ретінде қарастыру қоғамдық өндірістің екі – техникалық-ұйымдастыру мен әлеуметтік-экономикалық жағының бірлігін анықтауға негізделген. Оның бірінші жағы өндіргіш күштер, яғни өндірістің материалдық-заттық элементтер жиынтығы, жұмыс күші мен өндірісті ұйымдастырудың түрі арқылы анықталса, екінші жағы - өндірістің қоғамдық түрін құрайтын өндірістік қатынастармен анықталып отырады.

Кез-келген экономикалық қызмет ұдайы өндіріс циклінің типтес фазаларымен байланысты болғандықтан, кәсіпкерліктің мынандай түрлерін бөліп айтуға болады: өндірістік, коммерциялық, қаржылық және консультативтік.

Өндірістік кәсіпкерлік негізінен тауарлар мен қызмет көрсетуді өндіру мен тұтынуға; коммерциялық – оларды айырбастау мен тұтынуға; қаржылық – айналысқа, құндар айырбасына байланысты жүзеге асады, консультативтік – кеңес беру. Кәсіпкерліктің бұл түрлерінің ұйымдастырылуы мен қызмет етуіне байланысты әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері болғанымен, олардың барлығы бірін-бірі толықтырып тұрады және нарықта, адам өмірінде кеңінен кездеседі және олардың арқасында көптеген операциялар, жұмыстың қамтылғандығы, экономиканың жүргізілуі және басқа жайыттары сипатталады.

Нарықтың монополистік емес құрылымын қалыптастыруда, экономикалық монополизмді жеңуде шағын және орта кәсіпорындар маңызды рөл атқарады. Дамыған шет мемлекеттердің және Қазақстанның шағын және орта бизнесті критерийлерін төмендегі кесте 3 бойынша анықтайды:


Кесте 3 - Шағын және орта бизнестің критерийлері.

Елдердің аты	Жұмыспен қамту деңгейі	Анықтау критерийлері, жылдық пайда мөлшері, негізгі қор мөлшері, т.б.
Ұлыбритания -шағын бизнес	-500 адамға дейін	-жылдық пайда мөлшері 250 мың стерлингке дейінгі
Канада -шағын бизнес	-100 адамға дейін	-жылдық табысы 200 мың долларға дейінгі
Жапония -шағын бизнес -орта бизнес	-15 адамға дейін -100 адамға дейін	-капиталы 10 млн йенге дейінгі -капиталы 100 млн йенге дейін

Германия -шағын бизнес -орта бизнес	-49 адамға дейін -499 адамға дейін	-жылдық капитал айналымы 1 млн евроға дейінгі -жылдық капитал айналымы 100 млн евроға дейінгі
Қазақстан -шағын бизнес -орта бизнес	-50 адамға дейін -51 адамнан 250 адамға дейін	-жылына 60 мың мәрте Аз Есептік Көрсеткіштерге (АЕК) дейін актив ұстайды - жылына 325 мың мәрте Аз есептік көрсеткіштерге дейін актив ұстайды
Ескерту- Мәліметтер негізінде автормен жасалынған [60]		

Дамыған шет мемлекеттерде кәсіпорының шағын, орта не ірі бизнеске жататын әр түрлі критерийлерге сәйкес анықтайды. Атап айтқанда, жұмыспен қамтылғандардың санына қарай, негізгі қор мөлшеріне қарай, табысына пайдасына қарай (3-кесте). Кестеден көрініп тұрғандай Ұлыбританияда шағын кәсіпорындар санатына жылдық пайда мөлшері 250 мың фунт стерлинг болатын кәсіпорындар енгізілсе, Жапонияда шағын және орта бизнестегі кәсіпорындар санатына жұмыспен қамтылғандар саны 100 адамға дейін, ал капиталы 10 млн-нан 100 млн йенге дейін болатын кәсіпорындар енгізіледі. Еуропаның кейбір елдерінде шағын кәсіпорын критерийі ретінде капиталдың жылдық айналымының шекті мөлшері қолданылады: Италияда – 3 млрд лир, Францияда – 100 млн француз франкі, Канадада 100 адамға дейін жұмыспен қамтып, табысы 200 мың долларды құрайтын кәсіпорындар шағын бизнес санатына жатады.

Шағын бизнестің ұйымдық-құқықтық нысанының бірі – дара кәсіпкерлік. ҚР-ның 2006 жылғы 7 ақпандағы «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңына сәйкес дара кәсіпкерлік дегеніміз азаматтардың тәуекелділігі мен мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын және олардың өздерінің мүліктеріне негізделген табыс табуға бағытталған бастамалық қызметі. Дара кәсіпкер – заңды тұлға нышанынсыз және заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлға [18]. Мұнда ескеретін бір жайт, бұл кәсіпкерлік әлеміне тек отандық тұлғалар ғана емес, шетелдік тұлғалар да қатынаса алады. Бұл жағдайда олар Қазақстан азаматтарындай құқықпен міндет атқарады. Шағын және орта кәсіпкерлікте келесі субъектілер кездеседі (сурет 1).



Ескерту – Мәліметтер негізінде автормен жасалынды [9]

Сурет 1 - Шағын кәсіпкерлік субъектілері.

Шағын және орта кәсіпкерлікті тәуекелді бизнес саласына жатқызады, себебі әрбір 10 кәсіпорының 2-3 ғана аяғынан тұра алады. Шағын және орта бизнеспен айналысатын кәсіпкерлер әлеуметтік жағынан біркелкі емес – олар әртүрлі топтар мен қоғамдық құрылымнан шыққандар. Бірақ, шағын және орта кәсіпкерлік қарапайымдылығымен көптеген адамдарды тартады.

Нарықтық экономикада шағын бизнес келесі негізгі қызметті атқарады:

- Жұмыс орындарын қалыптастыру. Шағын және орта бизнесте жасалатын жұмыс орындарының ірі компанияларда ашылатын орындармен салыстырғанда өз ерекшеліктері бар. Шағын фирмалар, әдетте, негізгі жалақыны да, қосымша төлемдерді де аз төлейді. Бұл жұмыс орындарындағы жұмыскерлердің көбісі ешқашан жұмыс істемегендер, кейбіреулері жұмыс орнын ұсақ фирмадан тапқанға дейін ұзақ уақыт бойына жұмыс іздегендер. Орташа есеппен алғанда шағын кәсіпорындардың қызметкерлерінің ірі компаниялардың қызметкерлеріндей білімдері жоқ. Корпорациялардың талабына толық сәйкес келмейтін жұмыскерлерді жалдай отырып, ұсақ кәсіпорындар елдегі тұрақтылықтың маңызды факторы болып табылады;
- шағын және орта бизнес жаңа тауарлар мен қызметтің түрлерін енгізу қызметін атқарады. Осы артықшылығына байланысты шағын және орта кәсіпкерлер экономикалық өрлеуге маңызды үлес қосады. Бұл тұрғыдан алғанда, шағын бизнестің жетістіктері қауіпсіз сақал қырғыштар, электрондық қол сағаттары, вертолет, тот баспайтын болат пен көшірме аппараттары өндірісіне әсер ете отырып, аталған салалар бойынша нағыз төңкеріс жасады [2].

Дүниежүзілік тәжірибе шағын және орта фирмалардың ірі компанияларға қарағанда әр қамтылған адамға шаққанда 2,5 еседей көп жаңа өнім шығарып, қолданымдағы технологияны жақсарту бойынша 2 есе көп мәнді ұсыныстар жасайтындығын көрсетті: шағын және орта кәсіпорындар жоғарыда айтылған қызметтерден басқа өнімдерін өткізу, қызмет көрсету, жабдықтаумен айналысу арқылы ірі корпорациялардың қызметінде маңызды орын алады; көптеген

шағын және орта фирмалар тұтынушылардың мұқтаждарын қамтамасыз етуге қабілетті болғандықтан (яғни арнайы тауарлар мен қызметтерді жүзеге асыратындықтан) өмір сүре алады. Ірі компаниялар бұл сияқты қызметтен қашуға тырысады. Бай тұтынушылар «ерекше» талғамдармен ажыратылады. Олар жеке тапсырыс бойынша дайындалған, әдеттегі тауарларға ұқсамайтын кәсіпорындар осындай ерекше қажеттілікті қанағаттандыру арқылы жетістікке жетті [5].

Шағын және орта кәсіпкерліктің (әрі қарай ШОК) осы қасиеттері оның дамуын маңызды факторға айналдырады. Шағын және орта бизнесті ұйымдастырудың ішкі өндірістік артықшылықтары ерекше көңіл бөлу керек. Шағын фирманы ұйымдастыру артықшылығының қарапайым мысалы ретінде оның біркелкі топтық құрамын келтіруге болады. Ұжым мүшелерінің мамандықтары бірдей, барлығы бір мақсатқа ұмтылады. Бұл бәсекелік нарықта үш артықшылықты береді: біріншіден, ірі кәсіпорындарда толық пайдаланылмайтын бөлінбейтін мүлікке (ғимарат, жабдықтар, компьютер және т.б.) деген шектеулі құқығы бар ұйымшыл шағын топ оны жақсырақ пайдалана отырып, бірігіп әрекет етудің нәтижесінде шығындарды азайтады; екіншіден, топ ішіндегі тығыз байланыстар олардың міндеттерін нақтылауды қажет етпейтіндіктен, келісім жүйесі жеңілдейді; үшіншіден, жақсы ұйымдасқан топ өз бетінше шаруашылық жүргізетін тұлғалар үшін қауіпті болып саналатын күтпеген жағдайларға неғұрлым сәтті қарсы тұра алады.

Жаңа әлеуметтік қоғам құрылымын қалыптастыру, басқару аппаратының үлкендігі, нарықтық экономикадағы икемсіздігі, тұтынушылармен кері байланыстың жоқтығына байланысты ірі шаруашылық құрылымдарының шеше алмайтын әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде шағын және орта бизнестің алатын орны ерекше. Экономикада шағын және орта кәсіпорындардың көп болуы бүкіл басқару жүйесінің орталықтануын әлсіретеді және қоғамдағы еңбек бөлінісі жүйесінде қызметтің неғұрлым тиімді бөлінуіне ықпал етеді.

Нарықта мамандандырылған, жоғары технологиялы көптеген шағын және орта кәсіпорындар анағұрлым селсоқ ірі бизнеспен бәсекеге түседі. Бұл бәсеке олардың қызметінің ынталандырушы рөлін атқарады және монополистік нарық құрылымының пайда болуына кедергі жасайды.

Шағын және орта бизнестің басты ерекшелігі – кірістерге қатысумен және жұмыспен қамтылғандықты сақтап қалуға ынталы болумен шартталған, жұмыстың ең жоғарғы нәтижелілігіне деген жалпы біріккен құштарлық, коллективтік түрде еңбек етуге және бригада болып жұмыс істеуге деген ұмтылыс. Ірі фирмаларда құрушылар (негізін қалаушылар) кәсіпорынды басқару үшін маман менеджерлерді тартуға мәжбүр, бірақ бұл көбінесе 2 жақ мүдделерінің тоғыспауына әкеледі, ал ол өз кезегінде жалпы басқару тиімділігіне әсер етеді. Шағын және орта кәсіпорындарда мұндай қарсылықтардан құтылып кетуге болады, себебі негізін қалаушы мен менеджер – бұл ереже бойынша бір адам.

Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдерінде шағын және орта бизнес қайтадан өз мәні мен маңыздылығына ие болды. Көптеген елдердің үкіметтері шағын және орта бизнесті жаңа ойлардың, жаңа жұмыс орындарының, табыстар мен өркениеттіліктің көзі ретінде қарастырып, дамуына жағдай жасау шараларын қабылдауда.

Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына ден қою – экологтардың бағдарламаларындағы басты орындардың бірі. Мысалы, АҚШ-та соңғы жылдары өз электр станцияларын салу бойынша ұсақ тәуелсіз кәсіпкерлердің қызметі барған сайын кеңірек тарап келеді. Олар энергиялық ресурстар ретінде газ, жел, тау өзендерінің ағысы, биоотынды пайдаланады. Сол кезде АҚШ-тағы ұсақ тәуелсіз электр станцияларындағы электр энергиясын игеру жылына 5 млрд-тан 12,5 млрд киловатт-сағатқа дейін өсті.

Шағын және орта кәсіпорындардың сәтті шаруашылық қызметінің қажетті элементі – олардың сыртқы нарыққа шығуы. Егер тек экспортты алатын болсақ, дүниежүзілік нарықтағы американ бизнесмендері өткізген тауарлық өнімнің жалпы көлемінің 20%-ке жуығы Америка Құрама Штаттағы (әрі қарай АҚШ) шағын компаниялардың үлесіне келеді. Голландия, Бельгия, Германия сияқты елдерде ол жекелеген жылдары 35-40%-ға жетеді. Жапония экспортындағы шағын бизнестің үлесі 70-ші жылдардың басынан бері 32%-дан 39%-ға дейін өсті. Шағын және орта фирмалардың басым бөлігі шығарылатын тауарлар көлемінің 5-10%-ын дүниежүзілік нарықта өткізеді.

Шағын және орта бизнестің (әрі қарай ШОБ) ірі бизнеспен салыстырғандағы артықшылықтарына төмендегілер жатады:

а) икемділік қасиеті – еңбек және материалдық ресурстарды дер кезінде ауыстырып отыруға, нарық талаптарына дәл уақытында жауап беруге мүмкіндік береді;

ә) тұтынушымен тікелей байланыста болып, оның сұранысына тез арада жауап бере алу қабілеті – жергілікті нарықтарда қажетті тауарлармен қамтамасыз етуге ықпалын тигізеді;

б) шағын және орта бизнес экономиканы құрылымдық жағынан қайта құруға жол ашады;

в) шағын және орта бизнес өндірістің қоғамдық құрылымын жақсартады, себебі «ебедейсіз» ірі өндірістің өзгермелі ортаға, ғылыми техникалық прогрестің (әрі қарай ГТП) жаңа талаптарына бейімделуін жеңілдетеді, ірі корпорацияларды ұсақ сериялы өнім өндірісінен босатып, ізденумен, жетілдірумен және жаңа өнімдерді игерумен айналысады, тәуекелге барудан қорықпайды [15];

г) елдің жалпы экспорттық әлуетін арттыруға өз үлесін қосады: шағын және орта бизнестің көмегімен сыртқы нарыққа шығуға құқық алған, бірақ экспорттық мүмкіндіктерді жүзеге асыруға қажетті тиімді ішкі ұйымдастырушы-экономикалық құралдары жоқ, ірі кәсіпорындардың өнеркәсіп саласындағы кейбір мәселелерін шешуге болады;

ғ) экономиканың шағын секторының кәсіпорындары табыстағы сәйкессіздікті азайтуға мүмкіндік береді;

- д) ең жаңа технологияның әртүрлі түрлерін дамытуға қабілетті;
- е) болашақта өнеркәсіпті дамытудың негізі болып табылатын маманданған жұмыскерлерді дайындайды;
- ж) кәсіпкердің басқару қабілетінің толығынан көрінуіне мүмкіндік береді;
- з) тұрғындар және басқа да жергілікті қаржы көздерінің жинақтары мен капитал салымдарын көбейту арқылы шағын қаржыларды неғұрлым тиімдірек пайдалануға ықпал жасайды;
- и) табиғи ресурстарды пайдалану деңгейін ұлғайту арқылы жинақылықты арттырады;
- й) шағын және орта кәсіпорындардың маңызды артықшылықтарына, сондай-ақ, транспорт шығындарының неғұрлым аздығы жатады.
- к) еңбек ресурстарының, әсіресе орта және шағын қалаларда тиімді пайдаланатындығы. Көптеген шағын қалалар мен қалашықтарда дамыту үміті шағын және орта бизнеске байланысты. Шағын және орта кәсіпорындар тұрғындардың қамтамасыз етілмеген мұқтаждарына жауап ретінде кез-келген секторда дами алады [51].

Бірақ, осыған қарамастан шағын және орта кәсіпорындардың артықшылықтарын асыра мадақтау арқылы біздің шешілмеген әлеуметтік-экономикалық мәселелерімізді шешудің жаңа жолдарын тек шағын және орта бизнесті дамытудан ғана көруге болмайды. Мысалы, қаншалықты тиімді болса да, ірі және қымбат ғылыми-техникалық бағдарламаларды жүзеге асыруға шағын және орта бизнестің шамасының келмейтіндігін естен шығармау қажет. Әрине ол Қазақстан нарығында, ал егер АҚШ-ты алсақ, онда шағын бизнесте ғылыми техникалық бағдарламалардың қызметін жүзеге асыра алады. Оның сол сияқты шикізат пен капитал алудағы, өнімді өткізу нарығын зерттеудегі, жарнама бойынша мүмкіндігі шектеулі. Әдетте шағын және орта кәсіпорындар баға немесе несие беру шарттары, мемлекеттік реттеу сияқты сыртқы факторлардың жағымсыз әсерлеріне қарсы тұруға әлсіз. Мұндай жайыттар кәсіпорындарды шығынға ұшыратып қана қоймай, көп жағдайда олардың тікелей күйреуіне алып келеді.

Сонда да қазіргі ҒТІІ жағдайындағы жалпы даму бағытында бүкіл дүниежүзі бойынша шағын және орта кәсіпкерліктің өрлеуі орын алуда. Оның саласына кіретін көптеген кәсіпорындар ең жоғарғы технологиялы өндірістерді дамытумен айналысуда. Соның нәтижесінде бәсекедегі өз позициясын нығайта отырып, қоғамның техника-технологиялық қарулануын жетілдіруге әсерін тигізуде. Соңында шағын және орта кәсіпорындардың сөзсіз артықшылықтары олардың кемшіліктерінен басымдылығын атап көрсетуге болады. Олай болса, шағын және орта бизнес үшін негізгі жетістік кемшіліктерін артықшылықтары басатындай нарықты табу болып табылады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы үшін бірқатар жағдайлар мен ұйымдастыру факторы қажет. Оларға жататындар: азаматтық, шаруашылық құқық пен антимонополистік заңдылықтардың жиынтығының көмегімен кедергісіз экономикалық қызмет жасау; арнайы заңдылықтар көмегімен дамытуды ынталандыру мақсатында

жеңілдік жағдайлар жасау; шағын және орта кәсіпорындарға байланысты мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылуына жауап беретін ұйым құру; қаржылық және басқаруды қолдаудың мемлекеттік механизм жүйесін жасау; жергілікті жерлерде білім беру, зерттеу және басқа ресурстарды тарту мақсатында қолдау бағдарламасын қолдану; ынталандыру саясатын ұлттық-экономикалық және өнеркәсіптік саясатымен байланыстыру; қолайлы қоғамдық атмосфераны ұйымдастыру [55].

Әкімшілік-бұйрықты экономикадан әлеуметтік бағыттағы нарықтық шаруашылыққа өту жағдайында шағын және орта бизнес экономикалық саясаттың стратегиялық мәселесі болып табылады. Оның стратегиялық маңызын бағалау үшін Қазақстан экономикасының мынандай ерекшеліктеріне көңіл бөлу қажет: айқын көрініс алған шикізаттық бағыт; қайта өңдеу өнеркәсібінің нашар дамуы; экономиканың экстенсивті дамуы; Агроөнеркәсіптік кешені (әрі қарай АӨК) жүйесінің алаптық сипаты; импортқа тәуелділігі; инфрақұрылымның нашар дамуы; аймақтар бойынша өндіргіш күштердің біркелкі орналаспауы; нарықтық шаруашылық жағдайына қалыптасуы қиын әлеуметтік кешеуіл қалған және экологиялық жағынан зардапты аудандар санының басымдылығы.

Қазақстан экономикасының мұндай зардаптарын шағын және орта бизнесті дамыту жолымен ғана жеңуге болады.

1.2 Шағын және орта кәсіпкерліктің жағдайын шет мемлекеттермен салыстыру

Өнеркәсібі дамыған елдерде шағын және орта кәсіпкерліктің даму деңгейі – елдің экономикалық жетістіктерінің сенімді куәлігі деп саналады. Кез-келген қоғам қарқынды және үйлесімді дамуға ұмтылса, ол ең алдымен өз азаматтарының экономикалық ынталылығын қамқорлыққа алады. Сондықтан да шағын және орта кәсіпкерліктің жетістікпен дамуы жалпыға бірдей экономикалық ынталандырудың куәлігі болып табылады. Егер қойылған мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, біздің еліміздегі нарықтық өзгерістерді жүзеге асыруымыздың негізгі себебі Кеңес өкіметі кезеңінде адамдардың меншіктен алыстап кетуі еді. Ол халықтық болғанымен, шын мәнінде, ешкім де оның иесі екендігін сезінген жоқ. Сондықтан, кең көлемде алғанда, реформаның мақсаты адамдарға өз елінің қожасы екендігін білдіретін сезімді қайтару болды. Бұл тұрғыдан алғанда шағын және орта бизнес айтылған мақсатқа жетудің ең тиімді жолы екендігі анық. Дамыған елдердегі шағын және орта кәсіпорындарының үлес салмағының тұрақтылығы, қазіргі дүниежүзілік экономиканың даму сипаты болып табылатын, қарқынды экономикалық өсу кезеңіндегі еңбек бөлінісінің объективті шарттарымен байланысты. Ал, біздің еліміздің экономикасындағы нарыққа өту кезеңіндегі шағын және орта бизнестің әдеттегі қызметтеріне, өтпелі кезеңнің талаптарына сәйкес, шешілуін қажет ететін жаңа мәселелер қосылуда.

Ұзақ уақыт бойы біздің экономикамыз өндірісті монополиялау мен ірілендіру деңгейін өсіру жолымен дамыды. Ірі кәсіпорындар жалпы өнімі 10-даған млн-нан 1 млрд сомға дейінгі көлемді өнімнің үлкен номенклатурасын, барлық негізгі және көмекші, дайындау, жөндеу өндірістік комплексті қамтитындай етіп құрылды. Сонымен қатар, олар бұрын қалыптасқан технологияны пайдалануға негізделіп, материалдық сыйымдылық пен қоршаған ортаға техногендік салмақ түсіріп отырады.

Шағын және орта кәсіпорындардың маңызын толық бағаламаушылықтың теориялық негіздемесі саяси экономия постулатының шағын өндірістердің экономикалық тиімділігінің төмендігі жөніндегі тамырланған көзқарастың қалыптасуынан болатын. Ірі кәсіпорындардың шоғырлануы, капитализмнің монополизмге өтуі міндетті түрде бәсеке мен өндірістің қоғамдастыруының ең жоғарғы деңгейіне алып келеді және ірі капитал шағын және орта кәсіпкерлікті жояды деген экономикалық тезисті дәлелдеуге көптеген кітаптар, зерттеулер мен мақалалар арналды. Бірақ, іс жүзінде ол жүзеге асқан жоқ. Бәсеке жүздеген мың ұсақ меншікшілерді нарықтан ығыстырып шығарады, соның нәтижесінде олардың үсті-үстіне күйреуі орын алып отырады. Мысалы, олардың ең ірі күйреуі автомобиль өнеркәсібінің құрылу кезіне келді. Бұл уақытта ескі көлік жабдықтарын өндіретін қолөнершілер толығымен күйреді. Бірақ, сонымен бір мерзімде жүздеген, мыңдаған жаңа бөлшектер өндіретін шаруашылықтарды, автомобильдерді жөндеу бойынша шеберханаларды, бензин колонкаларының иелерін және басқаларды осы сала дүниеге әкелген болатын. Батыстағы шағын және орта бизнес, жоғарыдағы айтылған теорияға қарамастан, өмір сүріп қана қоймай, дамып келеді.

Өнеркәсібі дамыған елдерде шағын және орта бизнестің даму деңгейін, қарқынын ел, аймақ, қала табыстылығының нақты кепілі деп есептеуі тегін емес. АҚШ-да әрбір 1000 адамға 75 шағын кәсіпкерлік субъектісінен келеді. Елде тіркелген барлық кәсіпорындардың 97 пайызын шағын фирмалар құрайды. Олар жалпы ұлттық өнімнің 90 пайызға жуығын көтерме және бөлшек сауданың 64 пайызын, қызмет көрсету саласының 57 пайызын, жаңа технологиялар өндірісінің 90 пайызын құрайды. Германияда әрбір 1000 адамға 37 шағын кәсіпкерлік субъектісінен келеді. Елдегі шағын фирмалар мен жеке кәсіпкерлер барлық тіркелген кәсіпорындардың 99 пайызын құрайды. Олардың үлесіне елдегі барлық жұмыс орнының 40 пайызы, айналымға салынатын салықтардың 45 пайызы, ел экспортының 30 пайызы тиесілі. Жекелеген Еуропа елдерінде шағын бизнес саласындағы кәсіпорындар жалпы кәсіпорындардың ішінде 70-90 пайызын құрайды. Еуропалық одаққа мүше елдерде әрбір 1000 адамға 45-50 кәсіпкерлік субъектісінен келеді және олар Жалпы Ұлттық Өнімнің (әрі қарай ЖҰӨ) 65 пайызға жуығын құраса, сәйкесінше Ұлыбританияда әрбір 1000 адамға 46 кәсіпкерлік субъектісінен келеді және олар ЖҰӨ-нің 65 пайызға жуығын құрайды, Италияда әрбір 1000 адамға 68 кәсіпкерлік субъектісінен келеді және олар ЖҰӨ-нің 57 пайызға жуығын құраса, Францияда әрбір 1000 адамға 35 кәсіпкерлік субъектісінен келеді және олар ЖҰӨ-нің 55 пайызға жуығын құрайды, Жапонияда әрбір 1000 адамға 50

кәсіпкерлік субъектісінен келеді және олар ЖҰӨ-нің 55 пайызға жуығын құрайды, ал Қазақстанда әрбір 1000 адамға 7-8 шағын кәсіпкерлік субъектісінен келеді [45]. Бұрынғы Кеңес Одағының еңбекке жарамды халықтың басым бөлігі ірі өндіріс орындарында жұмылдырылғанымен де, Одақ ыдырап, ұзақ жылдар бойғы байланыстың үзілуі тек еңбекке жарамды халықтың жұмыссыз қалуына ғана емес, тұтастай экономиканың құлдырауына әкеп соқтырды. Қазіргі таңда, бұрынғы Одаққа мүше елдердегі сияқты, Қазақстанда да кәсіпкерлік қызмет түрлерінің даму беталысы байқалуда. Қазақстанда шағын және орта бизнесті Үкімет тарапынан қолдау егемендік алғаннан бері басталып, кең жол ашылды десек те, еліміздегі кәсіпкерліктің қалыптасуы ең алғашқыда кооператив түрінде көрініс тапты. Тәуелсіздігімізді алған жылы республикадағы кооперативтер саны 15 мыңға, онда жұмыспен қамтылғандар саны 300 мыңға жетіп, республикадағы тауарлар мен қызметтердің ¼ бөлігін өндірген. Бес жылдан кейін түрлі жеңілдіктер беріліп, басым көңіл бөлінуінің нәтижесінде шағын кәсіпорындардың саны 11,5 мыңды, онда жұмыспен қамтылғандардың саны 150 мың адамды құраса, керісінше кооперативтер тек 2 мыңы қалған [56]. Сол жылға дейін салық жүйесі тұсында өндірістік, қайта өңдеу, құрылыс-жөндеу, ауылшаруашылық кооперативтері мен шағын кәсіпорындары алғашқы екі жылда салықтан толығымен босатылса, одан кейінгі екі жылда оның 50 пайызынан босатылған. Нәтижесінде, олар алғашқы екі жылда толық қуатында, одан кейінгі 2 жылда залалды кәсіпорындар ретінде жұмыс жасаған. Басшылары салық жеңілдігін пайдалану мақсатында жаңадан шағын кәсіпорындар мен кооперативтер құрып, салық салудан босататын үш жыл мерзім өткеннен кейін залалды кәсіпорын ретінде жабылып отырған. Салық түрлерінен босатылған жылдары, шаруа қожалықтарының саны 16283-тен 22341-ге дейін артқан. Бірақ, олардың жермен емес, саудамен, қоғамдық тамақтандырумен, басқа да жерге қатысы жоқ қызмет түрлерімен айналысуының нәтижесінде салық түсімдеріне кері әсер еткен. Бұдан шығатын қорытынды, өндірістегі шағын және орта бизнесті салық салудан толығымен босату ешқандай оң нәтиже бермейді, керісінше өндірістің қалыпты дамуына кедергі болады [57].

Шағын бизнес субъектілері нарықтық экономиканың субъектілері ретінде жекелеген артықшылықтар мен кемшіліктерге ие. Атап айтқанда, шаруашылық жүргізудің жергілікті жағдайларына бейімделу, шағын кәсіпкерлердің қызмет дербестігінің көбірек болуы, шешімдерді қабылдау мен орындаудың икемділігі мен жеделдігі, салыстырмалы түрде шығындардың, әсіресе басқару шығындарының аз болуы, өндіріске жедел өзгеріс енгізу мүмкіндігі, т.б.. Жалпы республикадағы шағын кәсіпкерліктің 2012-2014 жылдардағы даму барысы кесте 4 келтіріледі.

Кесте 4 - ҚР-ғы шағын және орта кәсіпкерліктің 2012-2014жж. даму барысы.

Атауы	2012 ж	2013 ж	2014 ж
-------	--------	--------	--------

ЖІӨ-гі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі, %	35,8	34,6	36,2
Тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері, бірлік	1 378 000	1 532 000	1 695 200
Соның ішінде:			
Шағын және орта кәсіпкерлік белсенді субъектілердің саны, бірлік	572 738	643 376	706166
Шағын және орта кәсіпорындарытағы жұмыспен қамтылғандар саны, мың адам	1 951 887	2 121 198	1 994 728
Республика бойынша белсенді жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізуші субъектілердің жалпы санындағы ШОК-тің жұмыс істеп тұрған субъектілерінің үлес салмағы, %	92,8	93,5	93,9
ШОК субъектілерінің өнім шығарылымы, млн.теңге	1 929 565	2 525 437	2 419 452
Ескерту – ҚР-ның статистикалық агенттігінің мәліметтері бойынша автордың құрастырылуымен [50]			

4-кестеде келтірілгендей республикада шағын және орта кәсіпкерліктің қалыпты даму тенденциясының сақталып отырғанын байқауға болады. 2014 жылы республика аумағында 1 695 200 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері тіркелсе, ол 2013 жылдың тиісті көрсеткіші 1 532 000 болған. Аталмыш кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандардың саны 2014 жылы 1 994 728 адамды құрады, яғни 2013 жылы бұл көрсеткіш 2 121 198 адамды құраған болатын. Яғни, біз бұл көрсеткіштің айтарлықтай төмендегенін байқаймыз. 2014 жылы шағын кәсіпкерлік субъектісі 1 994 728 млн.теңгенің өнімін өндіріпген. Бұл 2013 жылмен салыстырғанда төмендегендігін байқау қиын емес. Бұл кәсіпкерлік субъектілерінің ЖІӨ-гі үлесі 2014 жылы 36,2 пайызды құрады, ал 2013 жылы 34,6 пайызды және 2012 жылы 35,8 пайызды құраған. Жыл сайын олардың ЖІӨ-гі үлестері құлдырап отырған. Қазіргі мәлімізге мәлім Н.Назарбайевтың биылғы жылында шағын және орта бизнестің ЖІӨ-гі үлесін 50% жеткізгені туралы. Ол әрине жақсы көрсеткіш. Бірақ мұнда басқа сұрақ туындайды, осы көрсеткіштер рас па? Өйткені, кейбір ақпарат бойынша біздің шағын және орта кәсіпорындардың үлесі тек сегіз немесе он пайызды құрастырып жатыр. Сондықтан да, басты мақсаттардың бірі ЖІӨ-гі үлесті жоғарлату.

Қазақстанда тіркелген кәсіпкерліктердің саны көп, бірақ белсенді жұмыс істейтін кәсіпорындардың саны аз. Олардың тіркелгені және жұмыс істемеуі көптеген мәселерге байланысты. Келесі 5 кесте экономикалық салалар бойынша тіркелген кәсіпкер санына жасалынған. Көрсетілетін кесте 2012 жылдан 2014 жылды көрсетіп жатыр.

Кесте 5 - ҚР-сы бойынша 2012-2014жж. аралығындағы ШОБ-тің құрылымы.

Атауы	Тіркелген кәсіпкер саны, бірлік (экономикалық салалар бойынша)
-------	--

	2012 ж		2013 ж		2014 ж	
	Саны, бірлік	Үлес салмағы, %	Саны, бірлік	Үлес салмағы, %	Саны, бірлік	Үлес салмағы, %
Барлығы	176 046	100	193 724	100	206 912	100
Пайызбен жылдармен салыстырғанда, бірлік	100,00%		110,00%		117,00%	
Оның ішінде						
Өнеркәсіп өндірісі	18 430	10,5	19 329	10	19 849	9,6
Пайызбен жылдармен салыстырғанда, бірлік	100,00%		104,00%		107,00%	
Ауыл және орманшаруашылығы және аңшылық	10 883	6,2	11 006	5,7	11 162	5,4
Пайызбен жылдармен салыстырғанда, бірлік	100,00%		101,50%		102,50%	
Құрылыс	26 654	15,1	31 652	16,3	34 204	16,5
Пайызбен жылдармен салыстырғанда, бірлік	100,00%		118,75%		128,30%	
Сауда; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланатын заттарды жөндеу	77 799	44,2	83 913	43,3	88 540	42,8
Пайызбен жылдармен салыстырғанда, бірлік	100,00%		107,18%		109,94%	
Қонақ үй мен мейрамханала	2 663	1,5	2 775	1,4	2 928	1,4
Пайызбен жылдармен салыстырғанда, бірлік	100,00%		104,23%		109,93%	
Көлік және байланыс	9 550	5,4	10 842	5,6	12 052	5,2
Пайызбен жылдармен салыстырғанда, бірлік	100,00%		113,52%		126,12%	
Коммуналдық, әлеуметтік және дербес қызметтер көрсету	3 054	1,7	3 179	1,6	3 366	1,6
Пайызбен жылдармен салыстырғанда, бірлік	100,00%		104,00%		105,85%	
Өзге де салалар	27 013	15,4	31 028	16,1	34 811	17,5
Пайызбен жылдармен салыстырғанда, бірлік	100,00%		114,86%		128,88%	
Ескерту – ҚР-ның статистикалық агенттігінің мәліметтері бойынша автордың құрастырылуымен [50]						


Көрсетілген 5-кестедегі мәліметтері негізінде шағын және орта бизнестегі кәсіпкер заңды және жеке тұлғалардың қызмет түрлері бойынша құрамын талдау барысында шағын және орта бизнесте тіркелген кәсіпкер жеке тұлғалардың қалыпты даму тенденциясы сақталғаны байқалады (ҚОСЫМША

Б). Қалыпты жағдайды көрсету үшін, 2012 жылы базалық жыл ретінде қарастырып, 2013 және 2014 жылдардағы өсу тенденциясын пайызбен көрсетілді. Осы көрініс 2-суретте жақсы көрініс табады.



Ескерту - статистика мәліметтері бойынша автормен құрастырылған
Сурет 2 - ҚР-сы бойынша 2012-2014жж. аралығындағы шағын және орта бизнестің құрылымы, бірлікпен.

Көрсетілген суретте, қандай да болса өсу тенденциясы көрсетілуде. Ол қуантарлық жағдай, өйткені дағдарыстан жақсы шығып жатқаны және аз болса да дамып жатқанын көрсетіп тұр. Сонымен қатар біз осы кесте бойынша, қандай саланың санағының көбеюін көріп отырмыз. Әрине бірінші орында сауда саласы Оған тағы бір қосымша ретінде пайыздық көрсеткіші. Пайызбен салыстыру жасалған кезде әрине толығырақ ақпарат шықты. Мұнда да 2012 жылды базалық жыл деп алынды, өсу немесе даму қарқыны кәсіпкерлердің 0,1% бен 28% өскенің байқауға болады, бұл барлық салаларды қарастырған кезде. Бір кестеден екі суретті көрсеткенім, өйткені сіздерге нақты жағдайды екі жақтан ыңғайлы көруге мүмкіндігі.



Ескерту - статистика мәліметтері бойынша автормен құрастырылған
Сурет 3 - ҚР-сы бойынша 2012-2014жж. аралығындағы ШОБ-тің құрылымы, %.

Елбасының «Нұрлы жол – Путь в будущее» атты 11.11.2014 жылы шыққан халыққа Жолдауында шағын және орта бизнесті дамытуға айрықша көңіл бөлінді. Осы ретте кәсіпкерлерге жеңілдетілген несие беру мәселесін айтсақ болады. Кәсіпкерлікпен айналысқысы келген адам алғашқыда несие алуға әрекет жасайтыны белгілі. Болашақ кәсіпкердің кепілге қоятын мүлкі жоқ болса, тіпті қиын. Жолдауда айтылғандай енді кәсіпті бастау үшін несие алған адамдарға мемлекет кепіл болатын болды. Бұл кәсіпкерлер үшін үлкен қолдау. Әрине, мемлекет кәсіпкерлерге жүз пайыз кепіл болмайтыны түсінікті. Дегенмен, еліміздегі екінші деңгейлі банктер сырттан займдар тартқанда мемлекет кепіл болды. Нәтижесінде, банк саласы қарқынды дамыды. Осындай жағдайды шағын және орта кәсіпкерлерге де жасайтын кез жетті. Мемлекеттің кепіл болуы халықаралық іс-тәжірибеде бар. Айталық, мұндай тәжірибені Германиядан кездестіруге болады. Банк кәсіпкерлердің бизнес жоспарымен танысып, оған қаржы салудың тәуекелі зор екенін білгеннен кейін, кәсіпкерлер мемлекеттің көмегіне жүгіне алады. Жолдауда айтылған тағы бір көңілге қонымды мәселе, еліміздің барлық аймақтарында кәсіпкерлерге кеңес беретін орталықтар ашу ісін атап айтуға болады. Өкінішке орай, мұндай орталықтар елімізде тек Алматы мен Астанада ғана бар. Мұндай іспен жекелеген компаниялардың айналысатыны белгілі. Олар өз қызметі үшін ақы сұрайды. Соңғы уақыттары «Даму» кәсіпкерлерді қолдау қоры «Кеңесші» жобасының шеңберінде кәсіпкерлерге кеңес бере бастады. Мұндай игі бастамаға облыстағы кәсіпкерлікті қолдау департаменттері қолдау көрсетуі керек. Бұл бағыттағы жұмысты өрістету үшін жаңадан мекеме құрып, шығынға батудың қажеті жоқ. Мемлекет кәсіпкерлік қауымдастықтарға арнайы гранттар тағайындап, кәсіпкерлерге тегін ақыл-кеңес беру ісін ұйымдастыруына болады. Өйткені қауымдастықтардың бай тәжірибесі бар.

2010 жылдан бастап қолға алынатын «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы жүзеге асатыны елімізде шағын және орта бизнес өкілдеріне үлкен серпіліс алып келеді деген ойдамыз. Ондағы шағын және орта бизнестің жаңа тобын дамыту есебінен тұрақты жұмыс орындарын ашу мәселелері орынды көтерілген. Дәл қазіргі кезде мемлекет қолдауына зәру болып отырған саланың бірі – жеңіл өнеркәсіп. Соның ішінде тігін және тоқыма өндірісі. Ел экономикасының табысты болуы бәсекеге қабілетті дайын өнім шығаратын кәсіпорынның бар болуына тікелей байланысты. Оның ішінде жеңіл өнеркәсіп, тігін өнеркәсібі – басты саланың бірі болуы керек. Біз өнімдерімізді алдыменен ішкі айналымда жандандырып, содан кейін ғана ұлттық ерекшелігіміз бар затты «Қазақстанда жасалған» деген белгімен экспортқа шығарсақ қана шетелге өзімізді таныстыра аламыз. Сондықтан, бизнесті дамыту жөніндегі өңірлік корпорациялар қарқынды жұмыс істесе, оны Үкімет өз деңгейінде қадағалап отырса, бұл сала қарқын алар еді.

Бізде шағын кәсіпкерліктің ішінде сауда орындары, кафе, қонақ үйлер қызметі біршама жақсы дамыды. Бұл дамыған мемлекеттерде де бар үрдіс. Оларда да бірінші осы қызмет көрсету саласы алға шыққан. Өйткені, әлемнің көптеген елдерінде шағын және орта бизнес – үлкен табыс көзі. Біріншіден шағын кәсіпкерліктен пайда тез түсетін болса, екіншіден бұл салада бәсеке жоғары. Бірақ, оларда инновация, яғни жаңалық басты орында. Бізге де осы қажет. Сондықтан, нақты өнім дайындайтын салаға қараудың кезі келді. Мысал үшін, Германияда машина шығару өндірісіне 80 мыңдай бөлшек керек екен [41]. Оны дайындайтын шағын кәсіпорындар. Бұл алып өндірістердің жұмысын алға бастыратын да шағын және орта бизнес деген сөз. Елбасының Жолдауында айтылған «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы мен индустриялды-инновациялық бағдарламалар осы саланы дамытудың негізгі жолдары деп айтуға болады.

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат Қоры» АҚ-ның Басқарма Төрағасы Қ. Келімбетов 9 ақпан күнгі үкімет отырысында 2010 жылы Қор дағдарысқа қарсы бағдарламаны негізгі бес бағыт бойынша жүзеге асыратынын мәлім етті. Оның екінші бағыты елдегі кәсіпкерлікке қолдау көрсету. Елбасы Жолдауына орай Қор биыл «Бизнестің жол картасы – 2020», «Инвестор – 2020», «Лизинг – 2020» және «Экспортер – 2020» бағдарламаларына белсенді атсалыспақ [36]. Осының ішінде екінші дәрежелі банктердегі орта және шағын бизнестің несиелерін кепілдендіру, орта және шағын кәсіптің лизингтік мәмілелерін қаржыландырудың жеңілдетілген бағдарламасы қарастырылып отыр. Кез келген шағын және орта бизнес иесі банктен несие алу кезінде кепілге зат қоятыны анық. Алайда, қазіргі кезде елімізде жылжымайтын мүлік бағасы арзандап кеткені белгілі. Осыған байланысты банктер ол заттарды бағалауды да төмендеткендіктен, несие аларда қиыншылықтар туындап отыр. Кәсіпкердің сұрап отырған несие сомасын кепілге қойған дүниесі қамтамасыз етпей қалды. Сол себепті де, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры кәсіпкерлердің екінші деңгейлі банктерден алатын несиелерінің 50 пайызына дейін кепілдік беруді көздеп отыр. Қазір оның негізгі механизмдері талқылану үстінде. Мемлекет

тарапынан берілген кепіл ақшамен пара-пар. Сондықтан, банктерге де бұл тұрғыда қауіп жоқ.

Жыл басында Нұрсұлтан Назарбаев шағын және орта бизнесті ашуды жеңілдететін заң жобасына қол қойғаны белгілі. Бұл жағдай еліміздегі кәсіпкерліктің дамуына оң ықпал етеді. Бұған дейін кәсіпкерлікпен айналысуға қажетті құжаттар 15 күнде дайындалса, енді 7 күнде дайындалатын болды. Ескі заң бойынша кәсіп ашуға талаптанған адамның капиталдық жарнасы мың доллардың көлемінде болуы тиіс еді. Ал жаңа заң бойынша жарна мөлшері 100 теңге мөлшерінде белгіленді [54]. Сондай-ақ, құжаттарды нотариалдық рәсімдеуден өткізу талабы да алынып тасталғанын айта кетуіміз керек. Мұның өзі кәсіпті жаңа бастаған адамдар үшін біршама жеңілдік туғызып отыр. Өйткені бұрын әрбір құжатты нотариалдық рәсімдеуден өткізу үшін біраз қаржы жұмсауға тура келетін.

Осы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясындағы «несиелер бойынша пайыздық ставкаларды субсидиялау» ісінің жүзеге асырылуы маңызды. Осы тұста Үкімет те шағын және орта бизнесті арзан несиелемен қамтамасыз ету жайын қолға алды. Бұл сауда-саттық саласында жүрген кәсіпкерлер үшін – өте тиімді шара. Дәл қазір қарым-қабілеті бар, әйтсе де қолындағы қаржысы мардымсыз шағын бизнеспен айналысатын кәсіпкерлеріміз банктерден арзан пайызбен несиелен алатын болса және ол несиенің көрсеткіші болашақта да төмендей түссе, осы бағыттағы барлық салаға үлкен көмек болар еді. Сондықтан мұндай бастаманы қолдау керек.

Дамыған елдердің тәжірибелері көрсетіп отырғандай, шағын және орта бизнесті қалыптастыру мен дамыту экономиканы нығайту үшін қолайлы алғышарттар жасайды. Алайда, алдымыздан көптеген қиындықтар кездеседі. Дәл қазіргі таңда киім тігу жұмысымен айналысып жүрген орталықтардың саны көбейіп келеді. Солардың көбі шығарып жатқан бұйымдарының, яғни киімдерінің негізін ұлттық киімдердің жобасымен тігеміз дейді. Ал солардың шығарып жатқан өнімдерін саралап, кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс дейтін бір орталық жоқ. Біздің сарапшыларымыз – сатып алушылар ғана. Көрші мемлекеттерде өтіп жататын көрме, жәрмеңке, фестивальдарға да әркім өзі ізденіп, өз қаражатымен ғана бара алады. Шетел тұрмақ өзіміздің отандық киім тігушілер бір-бірімізбен араласып, тәжірибе алмасып отырмаймыз. Міне, осындай ұшы-қиыры жоқ жұмыспен айналысатын бір орталық керек сияқты. Өйтпесе, әркім өз қазанында қайнап жатыр. Алайда отандық өнімді өндіру, оның ішінде ұлттық брендті қалыптастыру үшін үкіметтен қолдау керек. Қаржылық көмекпен қоса, отандық тауарды сатып алушының қолына жеткізу, бәсекеге қабілетті тауар өндіруге үкімет жағынан да үлкен қолдау керек.

Бұл бағыттағы жұмыстар шағын және орта бизнестің кең қанат жаюына ықпал ететіні сөзсіз. Бағдарлама шеңберінде өнеркәсіп орындары ашылып, кәсіптік мамандықтарға деген сұраныс арта түсетіні анық. Осыдан үш-төрт жыл бұрын құрылыс саласы қарқынды дамығанда, кәсіптік мамандардың тапшылығы анық байқалғаны есімізде. Мұндай ауқымды жобаларды іске асырғанда қажетті мамандармен қамтамасыз ету мәселесіне айрықша көңіл

бөлген жөн. Жалпы маман жетіспеушілігі өндіріске қатысты ғана емес, сонымен бірге бұл мәселемен шағын және орта бизнес те бетпе-бет келіп отыр. Өзге елдердің іс-тәжірибесіне көз жүгіртсек, мамандарды дайындау мәселесін мемлекет пен кәсіпкерлер бірлесіп шешіп жатқанын көреміз. Алайда, Германияның Кәсіпкерлерді қолдау палатасы кәсіпкерлер мен мемлекетті ортақ іске жұмылдырып, елдегі әлеуметтік жағдайды оң бағытта шешіп келеді. Бізде мемлекет кәсіптік маман дайындау ісі шағын және орта бизнес өкілдерінің шаруасы деп қарап келгені жасырын емес. Шындығында маман дайындап, елдегі жұмыссыздықтың алдын алу – мемлекеттің басты шаруасы. Соңғы уақыттары билік осыны түсініп, «Жол картасы» аясында кәсіптік білім беретін орталықтар ашты.

Мемлекет кәсіпкерлердің алған несиелерінің 50 пайызына дейін субсидия беру ісін қолға алып отыр. Егер шағын және орта бизнес өкілдері бұрын несие ісін 18 немесе 20 пайыздық ставкамен алса, мемлекеттік субсидия оның ставкасын екі есеге арзандатуға мүмкіндік бермек. Инновациялық жобаларға келетін болсақ, техникалық тұрғыдан қайта жарақтандыру мақсатымен лизингтік операцияларды қаржыландыруды жүзеге асыруды көзделіп отыр. Бүгінде лизингтік компаниялар таңдап алынды. Кәсіпкерлердің жеңілдетілген пайызбен құрал-жабдық сатып алуына, өндіріс пен технологияларын жаңғыртуына арналған бұл бағдарламаға 2 млрд. теңге бөлінген. Бұдан бөлек, биылғы жылы Азия даму банкінен 75 млрд. теңге көлемінде ұзақ мерзімдік несие тартуды жоспарлап отырмыз. Бұл қаржының барлығы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға жұмсалады. «Даму» қорының бағдарламаларындағы негізгі басымдық аймақтық тұрғыда әлеуметтік және экономикалық маңызға ие кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын жеңілдікпен қаржыландыру, өңдеуші салаға қолдау, әйелдер кәсіпкерлігін жеңілдікпен несиелеу, шағын несиелік ұйымдарды дамыту тәрізді салаларға беріліп отыр. Мысалы, «Даму өндіріс» бағдарламасы бойынша кәсіпкерлердің 18 млрд. теңгеден асатын 160-тан аса жобасы 8 пайыздық ставкамен қайта қаржыландырылды [62].

Шағын және орта кәсіпкерлік ел экономикасының негізгі тірегі екені белгілі. Сол үшін көп жағдайлар жасалынып жатыр, бірақ олардың керек жерге жетпегені немесе жеткені әрине ол үлкен бір мәселе. Осы мәселені шешу үшін көп күштер, шаралар, жағдайлар жасалынып жатыр. Бұл шаралардың жүзеге асуы кезінде қандай нәтиже беретіні де үлкен сұрақ.

Қорыта келе, соңғы жылдары осы саланы қолдау үшін мемлекет тарапынан бөлінетін қаржының көлемі де еселеп өсуде. Елбасы Жолдауында кәсіпкерлікті дамыту мақсатында ұзақ мерзімді бағдарлама қабылданып, қаржыландыру ісін жүйелендіруді тапсырды. Әлемдік қаражат тапшылығы тұсында ел кәсіпкерлерін қысылтаяң сәттен шығаруды көздейтін мұндай шаралар болашақта өз жемісін берері анық.

1.3 Шағын және орта кәсіпкерліктің мемлекеттік қолдау жүйесі мен макроэкономикалық реттеу механизмдері

Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына ішкі факторлардан басқа сыртқы факторлар да әсер етеді. Шағын және орта кәсіпкерліктің сыртқы ортасы үнемі өзгеріп отырады. Бірінші кезекте бұл, әдетте, ірі корпорациялар нарықтарымен салыстырғанда жоғары дәрежедегі белсенділік пен стихиялығымен сипатталатын шағын және орта кәсіпорындардың жергілікті нарықта қызмет етуімен түсіндіріледі. Екінші бір ерекшелігі – оның мемлекетпен, ірі бизнеспен, қаржылық-несие институттарымен қарым-қатынас жүйесінде оның объективті түрде бағынышты ролінде болуы.

Тәжірибе көрсеткендей, шағын және орта фирмалардың өмір сүру қабілетін анықтайтын сыртқы факторлардың ішінде бес маңыздысын бөліп айтуға болады. Ол нарық конъюктурасының жағдайы, инфляцияның қарқыны, пайыз мөлшерлемесінің деңгейі, капитал алу мүмкіндігі және бизнесті мемлекеттік реттеу.

Шағын және орта бизнес бойынша мемлекеттің жүргізетін саясаты көп жағдайда оның тағдырын шешеді. Көптеген дамыған елдердің өкіметі кішігірім фирмалар үшін артықшылықтар жасауға ұмтылады. Олар мұндай кәсіпорындардың өмір сүру қабілетін арттыру мақсатында көмек көрсету бағдарламаларын қабылдайды. Сонымен бірге өкіметтің бизнеске тәртіп белгілеуі шағын және орта кәсіпорындар үшін едәуір қиындықтар туғызады. Есепке алу, есеп беруді, еңбекті ұйымдастыруға деген талаптар көбіне фирманың көлемін есепке алмайды.

Көптеген шағын және орта фирмалардың күйреуге ұшырауының басты себебі басқарушылардың басқару жұмысын жете білмеушілігі мен қызметшілердің шешім қабылдаудағы қабілетінің жеткіліксіздігі. Басқарудың нашарлығының нәтижесінде жыл сайын шағын фирмалардың 90 пайызынан көбі күйреп отырады. Көптеген зертеулердің өзі шағын және орта кәсіпорындарды құру мен оларды басқаруға көбіне кедергі болатын фактор – басқарушылық мамандығының кемшілігі болып табылатындығын көрсетті.

Жеке кәсіпкерлікті қолдау саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясаты жоғары қосымша құны бар жаңа жоғары технологиялық өндірістерді құруға ұмтылған шағын кәсіпкерлікті дамыту арқылы орта класты қалыптастыруға бағытталған. Қойылған мақсатты орындау үшін Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асырудың бір кезеңі ретінде кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын дамыту көзделген. Кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылым құрамында жеке кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдай туғызатын бір топ мекеме бар. Қазақстандағы осындай мекемелер қатарына: мемлекеттік және мемлекет қолдауымен құрылған мекемелер; үкіметтік емес мекемелер; коммерциялық мекемелер кіреді. Функционалды бағытына қарай инфрақұрылымның институттық құрылымы былай анықталады: бизнестің қалыптасуы, әрекет етуі және дамуы кезеңінде көрсетілетін мемлекеттік қолдау; қаржылық қолдау; ақпараттық - талдау жағынан қолдау; кадрлардың біліктілігін арттыру және білім саласындағы қолдау; материалды-техникалық жағынан қолдау [12].

Әрбір кәсіпкерлікті дамытуға жәрдем беретін мекемелердің өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері болады. Олардың барлығы әр түрлі факторларға байланысты. Кәсіпкерлерге тиісті шешімдер қабылданған кезде кейбір мекемелер әлеуметтік мақсаттарға аса назар аударады, ал басқалардың басшылары бәлкім жеке басының қамын ойлайды.

Мемлекеттің қолдауымен құрылған мемлекеттік органдар мен мекемелер Қазақстан Республикасының Индустрия және Сауда Министрлігі - жеке кәсіпкерлікті дамытуға және тиісті саясатты жүргізуге жауапты жоғарғы мемлекеттік орган. Министрлік орталық атқарушы органдарына тиісті және ел Президенті мен Үкімет алдында есеп береді. Индустрия және Сауда Министрлігінің құрамына кіретін Кәсіпкерлікті дамыту Департаменті кәсіпкерлікті қолдау және дамытудағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау саласындағы нормативті-құқықтық реттеу функциясын атқарады. Департамент қызметін реттейтін негізгі құжаттарда оның негізгі мақсаттары былай белгіленген: кәсіпкерлікті қолдау және дамытудағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру; кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасау; инвестицияларды тартуға бағытталған шараларды жүргізу; Департамент құзырына кіретін сұрақтар бойынша мемлекеттік органдарының қызметін үйлестіру [59].

Жоғарыда айтылған функцияларға қоса Департамент кәсіпкерлікті дамытуға кедергі болатын кейбір шенеуниктердің заңға қайшы әрекеттеріне қатысты түскен арыз бен өтініштерді қарастырып, және сол арыз бойынша қажетті шаралардың орындалуын қадағалауға міндетті.

Қазақстан Республикасының кәсіпкерлікті қолдау саласындағы мемлекеттік құрылымның келесі деңгейі - ол жергілікті атқару органдары – яғни, облыстық және Алматы мен Астана қалалары Әкімдерінің аппараттары. Кәсіпкерлікті дамыту және қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін Әкімшіліктердің жанынан Кәсіпкерлік пен Өндіріс жөніндегі Департамент құрылған. Олардың құрамына Кәсіпкерлік жөніндегі бөлімшелер кіреді. Облыстық Кәсіпкерлік пен Өндіріс жөніндегі Департамент (сол сияқты Алматы мен Астананың қалалық Департаменттері) өз құзыры аясында шағын және орташа кәсіпкерлікті қолдауға уәкілетті.

Алға қойылған мақсатқа жету үшін Департаментке мемлекеттік саясатты жүргізуге тиісті мынадай функциялар мен құқықтар берілген: кәсіпкерлік саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу; жергілікті мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру; қоғамдық ұйымдармен және басқа да мемлекеттік немесе үкіметтік емес құрылымдармен өзара іс-әрекет ету; белгіленген тәртіп бойынша азаматтардың атынан түскен хаттар, арыз бен өтініштерді қарастыру.

Кәсіпкерлікті қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың соңғы буыны болып жергілікті атқару органдары – яғни, облыстық және Алматы мен Астана қалалары Әкімдерінің аппараттары табылады. Солардың құрамына кіретін Экономика және бюджеттік жоспарлау немесе Экономика және қаржы жөніндегі бөлімдер кәсіпкерлікке тиісті мәселелермен шұғылдану

керек. Аймақтық атқарушы органдарға қабылданған мемлекеттік саясаттың тікелей іске асырылуы және жергілікті бюджеттер бойынша жоспарлалған және қаржыландырылатын шаралар мен бағдарламалардың жүзеге асыруға тиісті функциялар тапсырылады. Сонымен, атқарушы мемлекеттік органдар мемлекет пен кәсіпкерліктің арақатынас идеологиясын құрудағы негізгі буын болып табылады.

Мемлекет қазіргі кезде шағын және орта бизнес заманның талаптарына сай өзіне тән икемділігін, ұтқырлығы мен нарықтық объективтілігін инновациялық экономикадағы өз орнын табуға жұмсауы керектігін түсінеді. Кәсіпкерлердің бастамаларын жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасау және Президент қойған мақсаттарды іске асыру мақсатында Үкімет жергілікті органдарда әкім аппаратының жанынан Кәсіпкерлер істері жөніндегі Комиссия құру арқылы кәсіпкерлермен «кері байланыс» ұйымдастыру схемасын іске асырды. Комиссия құзырында: шағын және орташа кәсіпкерлікті дамытуды тежейтін мәселелерді зерттеу; жергілікті және аймақтық атқарушы билік органдарына тиісті ұсыныстарды әзірлеу.

Әрбір кәсіпкер кәсіпкерлік жөніндегі комиссияға хабарласа алады, ол үшін өз облысында орналасқан кез келген қоғамдық ұйым немесе заңды тұлғалар ұйымына келсе болғаны. Әдетте комиссияда бірнеше облыстық ассоциация немесе бірлестіктердің өз орындары болады.

Кәсіпкерлермен осындай «кері байланыс» ұйымдастыру үшін орталық атқарушы органдар деңгейінде Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Кәсіпкерлер кеңесі құрылған. Кеңестің негізгі мақсаттары мынадай: кәсіпкерлікті дамыту және қолдауға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу; нарықтық экономиканың дамуын ынталандыруға жағдай туғызу; Қазақстан Республикасында әрекет ететін іскерлерді, іскерлік ассоциациялар мен одақтарды біріктіру; кәсіпкерлік саласындағы маңызды мемлекеттік мәселелерді шешу үшін қажетті ұсыныстар дайындау [23].

Президент жанындағы Кәсіпкерлер кеңесі кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырып, оны жүзеге асыру мен қатар мемлекет жағынан кәсіпкерлікті қаржылай, ақпараттық-талдау және матриалдық-техникалық жағынан қолдау функциясын атқарады. Мемлекет аталған қолдаудың барлық түрін атқарушы органдар арқылы, көптеген жергілікті және аймақтық деңгейде қабылданған бағдарламалар арқылы, және соған лайықтап мемлекеттік капиталы қатысуымен арнайы құрылған мекемелер арқылы жүзеге асырады. Жоғарыда аталған міндеттерді атқаратын мекемелер қатарына кіретіндер: «Инжиниринг және технологиялардың трансферті орталығы» акционерлік қоғамы (әрі қарай АҚ). Орталықтың негізгі мақсаты Қазақстан экономикасының нақты сектор салаларының жаңа технологиялар трансферті және республикадағы инновациялық іс-әрекетті белсендіру арқылы бәсекеге жарамдылығын арттыру болып табылады; "Kaznex" экспортты дамыту және ілгерілеті корпорациясы» АҚ - үкіметке мемлекеттік саясатты, соның ішінде кәсіпкерлікті дамытуға қатысты, құру саласында ақпараттық-талдау жағынан қолдау көрсетеді; «Даму» Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры АҚ - қаржылық,

консалтингтік қызметтерді ұсыну интеграторы және операторы рөлінде ШОБ-ң, сонымен бірге Қазақстанның микроқаржы ұйымдарының сапалы дамуына жәрдемдеседі; «Ұлттық инновациялық қоры» акционерлік қоғамы - кәсіпкерлік бастамаларға инвестицияларды тарту және жобаларды қаржылау арқылы қаржылай қолдау көрсетеді; «Қазақстанның инвестициялық қоры» - жаңа және алдыңғы қатарлы технологияларды қолданып, шикізат пен материалдарды тереңдетіп қайта өңдейтін кәсіпорындардың жарғылық капиталына инвестиция құю арқылы қаржылай қолдау көрсету; «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы - қаржылық қолдау көрсетеді; Технопарктер, бизнес-инкубаторлар, өндірістік аймақтар – қалыптасу және даму кезеңіндегі кәсіпкерлікті материалды-техникалық жағынан қолдау көрсетеді [46].

Қазақстанда жеке кәсіпкерлікті қолдау мәселесі алғаш рет 1992 жылы шілденің 4-ші жұлдызында қабылданған «Жеке кәсіпкерлікті қорғау мен қолдау туралы Қазақстан Республикасының Заңында» көрініс алды. Бұл заң жеке кәсіпкерлікті қорғаудың негізгі формалары мен әдістерін анықтайды, жеке кәсіпкерлік қызметіне мемлекеттік тікелей араласуынан бас тарту саясатын, жеке кәсіпкерлердің ең жоғарғы деңгейдегі еркіндігін, коммерциялық құпия мен мемлекеттік органдар мен ресми қызмет тұлғаларының жеке кәсіпкерлердің құқығын бұзғаны үшін көтеретін жауапкершілігін бекітті. Онда: «Жеке кәсіпкерлердің меншігі қол сұғуға болмайтын және заңмен қорғалатын меншік», - делінген [11].

Қазақстан Республикасында мемлекеттік саясатты жүргізудің негізгі құралы, қабылданған кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың екі алдыңғы бағдарламаларының орындалуы болды. Зерттеулер олардың жүзеге асуы жеке кәсіпкерліктің құрылуы мен дамуының негізін салуғы мүмкіндік бергендігін көрсетеді. Атқарушы мен заңдылық ұйымдары институтционалды қайта құру мәселелеріне қатты көңіл бөлді. Бұл кезде шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылық-экономикалық және ақпараттық қамтамасыз ету бойынша қолдау, инфрақұрылым қалыптастыру саласында кейбір қолайлы өзгерістер жасалды.

Өткізілген талдау шағын және орта бизнес секторының талдауы Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясы дайындалып жатқан бұрынғы жылдардан бері шағын және орта бизнестің әлсіз жақтарының өзгермегендігін көрсетеді: шағын және орта бизнесті қолдау және кадрларды даярлау саясатының жүргізілуі бойынша нақты айғақталған тәжірибелік шаралардың болмауы; қаржы көздеріне қол жеткізу проблемалары (бастапқы капиталдың, салықтық және сақтандырудың нәтижелі механизмінің болмауы); ірі мекеме кооперацияларының, франчайзингті дамыту жағдайларының нәтижелі механизмнің болмауы; бастаушы кәсіпкерлердің нарықтық жағдайдағы жұмысқа деген машықтары мен білімдерінің жетіспеушілігі, олардың өз құқықтарын толық білмеуі; бюрократтық, коррупция, пара алу; шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының әлсіздігі мен үзінділігі; қатаң түрдегі салықтық және кедендік саясат, әсіресе әкімшілік мәселелерге байланысты; шағын және орта кәсіпкерліктің экономикалық өзгерістерге деген жоғары сезімталдығы; шағын

және орта кәсіпкерлікке мамандандудың төмен деңгейі, қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету деңгейінің жеткіліксіздігі [26].

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жүйесінде қаржы-несиелік саясатты ерекше орын алады. Экономикалық зертеулер өндірісі дамыған елдерде экономиканың бұл секторының мемлекет тарапынан қолдау тауып, шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған қаржы-несиелік саясатын жүргізетіндігін көрсетеді. Бұл елдердегі шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін мемлекет тарапынан көрсетілітін қаржы-несиелік көмек тармақталған экономикалық дамыған тетіктерге негізделген. Қаржыландырудың екі түрі бар: ішкі және сыртқы. Көптеген елдерде венчурлық қаржыландыруды өркендетуге үлкен көңіл бөлініп отыр. Бұл венчурлық фирмалар арқылы шағын инновациялық бизнесті жеке капиталмен қаржыландырудың түрі болып табылады. Венчурлық капитал проценті, әсіресе, АҚШ-та жоғары деңгейде. Венчурлық қаржыландыру серіктестікке немесе зейнеткерлік, қайырымдылық қорларына кіретін бай серіктестіктердің қаржыларынан құралады.

Қаржылық мәселесін шешудің тағы бір әдісі шет елдерде кеңінен тараған қаржылық ресурстарды қор биржалары арқылы жинақтау болып табылады. Бірқатар елдерде (АҚШ, Ұлыбритания, Франция және т.б.) шағын және орта компанияларға арналған бағалы қағаздардың екінші деңгейдегі нарығы құрылған. Шағын және орта бизнесті несиелендіру белгілі бір тәуекелділік пен сенімділік деңгейімен байланысты болғандықтан, банктер шаруашылық қызметтің лизинг, факторинг сияқты түрлерін кеңінен қолданады. Лизинг – инвестиция немесе тұтыну тауарларын арендаға беру – қажетті өндіріс құрал-жабдықтарын сатып алудың тиімді жолы болғандықтан, соңғы 10-15 жылда кең өріс алып келеді. Басқаша айтқанда, лизинг сатып алу-сату мен арендалық қатынастарды қамтиды. Бұл қатынастардың өзегі несиелік операциялар болса, ал басты тұлғасы – лизингтік компания. Қазіргі лизинг арқылы АҚШ-та өнеркәсіпке капитал салымының 25-30 пайызы жүзеге асады; Ұлыбританияда – 20 пайыздан жоғары; Францияда – 16-17 пайыз; Германияда – 15 пайыз; Австралияда өнеркәсіптік инвестицияның 30-35 пайызы лизинг негізінде қаржыландырылады. Қазақстанда лизинг - 3-5 пайызы [60]. Лизинг (несиелен салыстырғанда) траст, трат, кепілдік беру мен несиенің элементтерін біріктіре отырып, банктердің тәуекелділігін едәуір төмендетеді және қаржылардың экономиканың «тауарлы емес» бөлігіне өтіп кетуін мүлдем болдырмайды. Лизингтік компаниялар машина, жабдық және басқа тауарлар өндірушілердің өнімдерін өткізуін жеңілдетеді, сонымен бірге өз қызметінің дамуына көмектеседі. Лизинг алушылар (лизинг келісімін дұрыс жүргізген жағдайда) қаржыландырудың неғұрлым арзан әдісін қолдана отырып, өздерінің негізгі қорлары мен технологиясын тез арада жаңартуға мүмкіндік алады.

Лизинг шағын және орта бизнесті қолдаудың неғұрлым тиімді формаларының бірі. Біріншіден, қаржылық лизинг шағын және орта кәсіпорындарға жабдықтарды сатып алу қажетті ақша емес, жабдықтардың өзін беруді қарастырады. Екіншіден, лизингті пайдалану берілген қаржыларды жоғалту қаупін күрт түсіруге мүмкіндік береді. Үшіншіден, жабдықтарды

түсіру мен енгізудің нақты мерзімдерін ескере отырып, лизинг беруші мен оны алушының есеп айырысу схемасын күні бұрын келісіп, жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Төртіншіден, лизингті пайдалану кәсіпкерге өзінің болашаққа бағытталған даму жоспарының анық іске қосылуына нақты жағдай жасайды.

Факторинг өнім беруші кәсіпкердің (фактордың) қолма-қол өтеу шартымен клиенттердің қарыздық міндеттемелерін сатуы болып табылады. Қолма-қол есеп айырысуға жатпайтын шығындарды банктер алады, ал кәсіпкер-алушы (факторингті) несие үшін төленетін пайыздан басқа, факторға тәуекелділік компенсациясын төлейді.

Шағын және орта кәсіпкерлікті қаржы бойынша қолдаудың тағы бір жолы – төмендетілген пайыздық мөлшерлеме мен өтеу мерзімі ұлғайтылған несиелер беру.

Шағын кәсіпорынның негізін қалау бойынша бірнеше көзқарастар бар: жаңа кәсіпорын бастау; бүгінгі күнде бизнесті сатып алу; франчайзинг және жанұялық бизнес.

Бүгінгі күндегі бизнесті сатып алу біздің экономикамызда әлі аз танымалы құбылыс, бұл негізінен біздің кәсіпорындарымыздың тәжірибелерінің аздығымен түсіндіріледі. Дегенмен бұл шетелде бизнеске кірудің айтарлықтай тараған формасы ретінде мынадай бір қатар артықшылықтарға ие: тәуекел мен тұрлаусыздық факторлары сынға жиі ұшырайтын жаңа кәсіпорын ашумен салыстырғанда, олардың (тәуекел және тұрлаусыздық) деңгейін төмендетуі. бизнестің жөнге келтірілген инфрақұрылымының болуы, себебі бизнес әлде қашан құрылу сатысынан өткен, жұмыс істеуде, бизнестің басқа контрагенттерімен қарым-қатынас орнатылған; жаңа бизнесті бастауда жүзеге асырылатын шығындарға қарағанда әлдеқайда аз келісім баға бойынша бизнесті алу мүмкіндігі.

Біздің Республикамыз үшін шағын бизнестің негізін қалау формаларының ішінде, жаңа бизнес құрудан басқа франчайзинг пен жанұялық бизнес формалары ең өзекті деуге болады. Бұл екі бағытты толығырақ қарастырайық. Алғашқы франчайзингтік келісім XIX ғасырда тігін машинасын өндіретін компания мен оның диллері арасында жасалды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін франчайзинг принциптері фармацевтикалық бизнес, бөлшек сауда және қонақ үй кешені саласында кең қолданыла бастады. 60-70-ші жж., тағамды тез дайындайтын технология барлық жерге тарала бастағанда, франчайзинг қатынасының келесі дүрлікпесі әр түрлі елдердің өкілдері арасында жасалғандықтан, франчайзинг кең ауқымдық сипатқа ие болды. Франчайзинг сөзі «босату» деген мағынаны беретін француздың «franchir» сөзінен шыққан. Алғашында ол «күлдықтан босату» деген мағынаны берген, ал қазір саланың түріне байланысты басқаша мәнді береді. Франчайзингтің мәні белгілі бір шартпен бір компанияның (франчайзер) тауарының белгісі мен атын пайдалану құқын басқа компанияға (франчайзи) пайдалануға беру болып табылады [38].

Франчайзинг кәсіпкерлерге өсудің ең қысқа жолын ұсынады, себебі ол дайын істі жүргізеді. Франчайзер үшін франчайзинг жылдам ұлғаюына жол ашады. Сонымен қатар, белгілі саудалық маркан атын пайдалану бизнесті

жүргізудің корпоративтік қалыптасқан тәртіптерін сақтаумен байланысты болғандықтан, франчайзинге франчайзермен пайдасының бір бөлігі мен бостандығын бөлісуге тура келеді.

Франчайзингтің тартымдылығы франчайзингтік қатынасқа қатысушы екі жақтың да артықшылығының болуында. Шағын кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлерге ол тұрақты да табысты бизнес ұсынса, ол атақты фирмаларға ұлғаюға және нарықтарға өздерінің орнын ұстап қалуға мүмкіндік береді. Оның Европа мен Америкада қанат жайып, кеңінен тарауын осымен түсіндіруге болады. Осы күні тек қана АҚШ пен Канадада франчайзерлердің 3200 компаниялары (оның ішінде 2400-і АҚШ-та) әрекет етуде. Олардың ондаған елдерінде 600 000 франчайзлері бар [8].

Қазақстандық кәсіпкерлер үшін халықаралық франчайзинг ең алдымен біріккен кәсіпорын, лицензия сатып алу, тікелей инвестиция және мемлекеттік деңгейдігі келісім түрінде болуы мүмкін. Көп нәрсе осы бағытта іске асырылуда, бірақ өкінішке орай батыс бизнесмендерінің қолдарындағы Қазақстан нарығы оның әлеуеті мен дамуы туралы алған мәліметтері әлі аз. Шетелдік франчайзерлер үшін арзан жұмысшы күші мен жоғары білікті мамандардың болуы, қолда бар ресурстар, оңтайландырылған инфрақұрылым, саяси тұрақтылық және кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік саясат ұтымды факторлар бола алар еді.

Ең соңында, шағын бизнестің негізін қалаудың төртінші жолы – бір отбасы мүшелерінің күшімен негізі қаланып, жұмыс істеп жатқан отбасылық бизнес. Сонымен бірге бұл бизнесте отбасы мүшелері қаласа толық, қаласа жарты күн жұмыс істей алады. Әдетте отбасылық бизнес бір ұрпақтан екінші ұрпаққа өтіп отырады. Отбасылық бизнестің көбісі – шағын, бірақ отбасылық бизнестің ірі кәсіпорынға айналып, отбасылы болып қала беретін мысалдары да іс жүзінде аз кездеспейді.

Кез келген отбасылық бизнес – бұл отбасы мен бизнестің симбиозы. Оның әрқайсысының өз мақсаты болады. Отбасының мақсаты – балаларды тәрбиелеу және отбасы мүшелеріне қарау. Бизнестің мақсаты – өндіріс жолымен немесе тауар сатып, қызмет көрсетіп пайда табу. Бұл мақсаттар үйлесімді, сондай-ақ қарама-қайшылықта өмір сүрулері мүмкін. Бұл екі мақсат көбінесе бір-бірін толықтырып отырады, бірақ ұрыс-керіс жағдайлар да болуы мүмкін. Туыстық байланысы жоқ әріптестер арасындағы қарым-қатынас, отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынастан таң қаларлықтай айрықшаланады. Менеджер қызметкерді жұмысқа кешігіп келгені үшін сөгуі мүмкін, бірақ сол кешігіп келген қызметші өз отбасының мүшесі болса, онда бұл проблематикалық жағдайға айналады.

Отбасылық бизнестің басты артықшылығы – кез-келген қиыншылықтарға қарамастан бизнесті жүргізуге көмектесетін туыстық байланыстың беріктігі [23]. Отбасы мүшелері бизнесті ағымдағы қажеттіліктері үшін өздерінің еңбек ақылары мен дивидендтерін жиі құрбан етеді. Шетелдерде кейбір отбасылық кәсіпорындар бәсекелестерге қарағанда көбірек маркетингтік артықшылықтарға жету мақсатымен құрылады. Жұмысқа берілгендік, жоғары әдептік нормалар,

тұтынушылар үшін тікелей жауапкершілік – отбасылық бизнестің негізгі критериялары екендігі белгілі. Кәсіпорын отбасылық бизнестің нысанын қабылдай отырып, автоматты түрде жарнамалық сипат алады. Отбасылық бизнестің тағы бір артықшылығына, ірі корпорациялармен салыстырғанда жұмысшыларға қарау деңгейінің жоғарылығы жатады. Корпорациялардың менеджерлері тек жақын бір-екі жылғы нәтижелер туралы ойланады, ал отбасылық бизнес оларға қарағанда көбінесе ұзақ мерзімді бағытты ұстанады. Отбасылық кәсіпорындарда ұрпақтан ұрпаққа берілетін тұтынушыларға жоғары деңгейде қызмет көрсету дәстүрі бар. Сондықтан, АҚШ-та кәсіпорындардың 80-90% отбасылық бизнес саласына жатуы және экономиканың әртүрлі секторларында жұмыспен қамтылғандардың 50% отбасылық бизнес жұмысшыларынан тұратындығы кездейсоқтық емес. Америкадағы табыстан табысқа жетіп жүрген 500 компанияның үштен бірі – отбасылық бизнес кәсіпорындары. Олар шағын түрден миллиондаған айналымы бар тез өсуші компанияларға айналған.

Қазақстандағы шағын және орта бизнес үшін экономикалық-құқықтық тұрғыдан қолайлы орта құру келесі негізгі бағыттар бойынша бір қатар блоктардан тұрады (сурет 4).



Ескерту – Мәліметтер негізінде автормер құрастырылған[13]

Сурет 4. Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерлік үшін қолайлы орта құру

4-суретте көрсетілгендей шағын және орта кәсіпорындар қызметін дұрыс атқару үшін ең алдымен қажетті құқықтық жағдайлар жасау қажет. Құқық блок республикадағы шағын және орта бизнестің қолайлы ортасын құрайтын бірінші дәрежелі құрамдас бөлігі болып табылады. Құқықтық актілерде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері ерекшеліктерінің көрініс табуы олардың экономикадағы пайдалылығы аз бәсекелестік жағдайларын шегеруге мүмкіндік береді, өздерінің әлеуметтік-экономикалық артықшылықтарын көрсетуге көмектеседі және жаңа кәсіпкерлік құрылымдардың нарыққа шығулары үшін қолайлы құқықтық жағдайлар қалыптастырылады.

Несиелендіруді жетілдіруде несие берудің жеңілдетілген процедурасы маңызды рөл атқарады. Қазақстан Республикасындағы қаржы-несиелік саясатының жетілмегендігі шағын және орта бизнесті дамытудағы басты

кедергінің біріне айналуға. Шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың тиісті бағдарламасында қаржы-несиелік қатынастарын реттеуге көмек болатын бірқатар заңдылықтар мен актілер қабылданғанымен, шағын кәсіпорындардың дамуын ынталандыратын қалыптасқан тармақты қаржы жүйесі құрылған жоқ. Тармақталған қаржы жүйесі қалыптастыру мен шағын және орта кәсіпкерлікті тиімді және ұзақ мерзімге қаржыландыруға мемлекеттік бюджеттің тапшылығының нәтижесінде, республиканың қаржысы жеткіліксіз.

Шағын және орта бизнеске екі әдіс арқылы қаржы-несиелік қолдау көрсетілуі мүмкін: шағын және орта кәсіпкерлікке тура қаржылық қолдау көрсету; шағын және орта кәсіпкерлікке жанама қолдау көрсету арқылы. Қолайлы инвестициялық жағдай жасау және салықтық жеңілдіктер ұсыну кәсіпкерлікке қаржылық қолдау көрсетудің жанама түрі болып табылады.

Шағын және орта кәсіпорындардың қызмет ету жүйесінде алдыңғы орындардың бірін бюджетке міндетті түрде төленетін салықтар, төлемдер, жинақтар жүйесі алады. Салықтар кәсіпорындардың (ұйымдардың) қызметін реттейтін маңызды экономикалық тетік ретінде нарықтық экономикада, ең кемінде, екі – фискалды және ынталандырушы қызметін атқарады.

Сыншылардың айтуына қарағанда, Қазақстанның салық жүйесінің негізгі кемшілігі бюджет тапшылығын кәсіпорының кірісін ала отырып жоюға негізделгенінде. Салықтардың экономиканың және оған тікелей қатысты субъектілердің – шағын және орта кәсіпорындардың дамуымен байланысы жоқ. Мұндай байланыстың жоғалуы салықтық жүйенің өз бетінше ал шағын кәсіпорындардың оның шектен тыс ауыртпалығын сезіне отырып өз бетінше дамуына алып келеді. Шағын және орта кәсіпорындар салық салудың көптігінен қашып, аз табыс табуға икемделеді. Осыған байланысты шағын және орта кәсіпорындардың шығыны бірден көбейеді және экономика шығындық сипатқа ие болады [17].

Көптеген елдердің салықтық жүйелері салықтарды кәсіпкерлік қызметті қолдау мен ынталандыру құралы ретінде пайдаланады. Шағын кәсіпорындардың қаржылық жағдайын нығайтуға салықтық шегермелер мен жеңілдіктердің үлкен маңызы бар. Жоғарғы икемділікке ие болатын мемлекеттік қолдаудың шағын және орта кәсіпкерліктің қызмет ету жағдайын жеңілдетуге арналған толып жатқан салықтық жеңілдіктер сияқты жанама шараларының анағұрлым нәтижелі екендігін өндірістік дамыған елдердің тәжірибесі көрсетуде. Салықтық сипаттағы шаралардың ішінен төмендігілерді атауға болады: шағын кәсіпорындарды алғашқы екі-үш жыл бойына пайдаға деген салықтан толығымен босату, одан төрт-бес жылда бірқатар жеңілдіктер беру; прогрессивті салық жүйесін қалыптастыру; салықтың кейбір түрлері бойынша берілетін жеңілдіктер; кәсіпкерлерді кешеуіл қалған аудандарға тарту үшін төмендетілген салық мөлшерлемесін белгілеу; инновациялық бизнесті дамыту үшін берілетін салықтық жеңілдіктер; жеделдетілген амортизация тәртібі; мамандарды дайындауға арналған қаржыларға деген салықтық шегермелер; салық салынбайтын пайда резервін жасау.

Қазақстан Республикасы Елбасының 2008 жылғы 6 ақпандағы Халыққа Жолдауында салық туралы аталып өтілген болатын. Онда: «Қазақстанның дамуының жаңа этапының міндеттеріне сай салық жүйесін енгізу қажет. Қазіргі салық кодексі экономикалық өсуде жағымды әсерін тигізді, бірақ қазіргі уақытта оның потенциалы тәмамдалды деп айтуға болады. Кодекс 170-тен аса жеңілдіктер мен преференцияларды қарастырады. Бірақ, ең бастысы ол экономиканың шикізаттық емес секторы үшін жалпы салықтық ауыртпалықты төмендетуді қарастыруы қажет, әсіресе шағын және орта бизнес үшін», - делінген [20].

Сонымен қатар, көптеген елдерде инновациялық бизнесті дамыту мен венчурлық капитал қорын жасауға ынталандыратын салықтық шегермелер мен жеңілдіктер де кеңінен қолданылады. Мысалы, АҚШ-та ұсақ инновациялық фирмалар тәуекелділігі жоғары капиталды инвестициялау үшін салықтық жеңілдіктер мен акциялардың бір бөлігіне айырбастау арқылы арнайы қорлар ұсынып отыратын, несиелік жеңілдіктерді пайдаланады. Жеделдетілген амортизация әдістері де кеңінен тараған жеңілдіктердің түрі. Мысалы, Жапонияда негізгі жабдықтардың белгіленген түріне, сол сияқты салық салынатын табыстың ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер жасауға кететін шығындарға салықтық шегермелер белгіленіп, оларға қажетті жабдықтарға ерекше жеңілдетілген амортизациялық тәртіп бекітілген. Жеделдетілген амортизация әдісін шағын және орта кәсіпорындарға жаңа енгізілім үрдісін, өндірістік жабдықтауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда қамтылғандардан басқа салық салынбайтын пайда резервін жасау сияқты жеңілдік те орын алған. Мысалы, Германияда жеңілдіктің бұл түрі қолөнер өндірісі, сауда, өнеркәсіп, еркін мамандықтар секторы, сол сияқты мүліктерді жалға, жалгерлікке берумен байланысты қызмет саласында рұқсат етілген. Резерв пайданың 20 пайызын құра алады (ең жоғарғы резерв деңгейі 50 мың марка). Қазақстанда қазіргі кезде қалыптасқан салық жүйесі шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына ықпал жасамайды.

Шағын және орта бизнеске кең көлемде ақпараттық қолдау көрсетуді шамалайтын, ақпараттық блоктың бар болуы Қазақстандағы шағын және орта бизнеске қолайлы экономикалық-құқықтық орта жасаудың маңызды жағдайы болып табылады. Нарықтар, тұтынушы сұраныстары және технология жаңалықтары туралы ақпараттарды шұғыл пайдалану кәсіпкерлерге жаңа нарық иірімдерін, өндірісті немесе өнімді жетілдіру мүмкіндіктерін, бизнесті ұйымдастырудың жаңа өрісі мен тәсілдерін табуға мүмкіндік береді. Тікелей байланыс, басылымдар, кітапханалық қызмет, анықтамалық қызмет, т.б. сияқты ақпаратты таратудың барлық түрлерін пайдаланған жағдайда шағын және орта бизнесті ақпаратпен қамтамасыз ету жүйесін құру мүмкін болады. Сонымен қатар, кәсіпкерлердің қажетті, әр түрлі ақпаратқа еркін қол жеткізуі де маңызды: мемлекеттік органдардың ақпараттары (кәсіпкерлер үшін); отандық бәсекелестер туралы ақпараттар; халықаралық және шетелдік компаниялар туралы ақпараттар; коммерциялық мәліметтер базасы; интернет ақпараттары.

Мұндай кең көлемді ақпаратпен қамтамасыз ету, бір қалыпқа келтірілген бағдарламалық-техникалық құралдардың және ертеде құрылған ақпараттық ресурстардың көмегімен іске асады.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың маңызды факторларының бірі оны өзіне сай кадрлармен қамтамасыз ету болып табылады. Бүгінгі таңда бұл өркениетті нарықтық қатынасқа енді өтіп жатқан бұрынғы кеңес мемлекеттерінде және дамыған батыс елдерінде де көкейкесті мәселе болып отыр. Мұнан бұрын да мәлім болғандай біліксіз басқару, менеджерлердің қателесуінен күн сайын 90 пайыздан аса ұсақ фирмалар банкротқа ұшырайды. Мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі ретінде кадрлық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мәселесі соңғы 2008-2012 жылдарға арналған шағын кәсіпкерлікке қолдау көрсетудің Республикалық бағдарламасына енгізілген.

Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметін мотивациялау аспектілерінің жеткіліксіз түрде дайындалған, мемлекеттік емес қожалық субъектілеріне әсер етудің ақша-несиелік және бюджеттік-салықтық әдістерінің тиімділігі аз және кәсіпкерлерге деген құқықтық және қаржылық қолдаудың жеткіліксіз болған қазіргі өтпелі жағдайында экономикалық-құқықтық тұрғыдан қолайлы шағын және орта кәсіпкерлік ортасын құру ел экономикасы үшін ерекше орынға шығып, маңыздылығы артады.

Білім сапасын тексеруге арналған сұрақтар:

1. Кәсіпкерлік дегеніміз не?
2. Кәсіпкерлік пен бизнестің арасындағы айырмашылық қандай?
3. «Бизнестің жол картасы – 2020» бойынша не білесіз?
4. Шет елдің кәсіпорындары немен ерекшеленеді?
5. Венчурлік бизнестің ерекшелігі неде?
6. Мемлекет шағын және орта бизнесті жетілдіру үшін қандай үрдістерді пайдаланады?

Тапсырмалар:

Қазақстанда кәсіпкер, бизнесмен, комерсант деген категорияларды қолданылады

1. Олардың арасындағы айырмашылық қандай?
2. Сіз болашақта кім болғыңыз келеді - комерсант, бизнесмен немесе кәсіпкер?
3. Не үшін инновация – кәсіпкерліктің инструменті болып саналады?
4. Венчурлік капиталдың қарастырылу жолдарын ата
5. «Кәсіпкерлік белгілі бір моралдық және кәсіби қасиеттерге ие болуы қажет» Жан Батист Сейдің тұжырымымен келісесіз ба?

2 БӨЛІМ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫНА ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ

2.1 Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерліктің ағымдағы жағдайын бағалау

Соңғы онжылдықта Қазақстанда жүргізілген экономикалық өзгерістер республикамыздың барлық аймақтарында кәсіпкерліктің дамуына кең мүмкіндіктерді бергені мен жайыттарды ұйымдастырғаның барлығымыз білеміз.

Қазіргі таңда шағын кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік саясат кәсіпкерлікті дамыту үшін оңтайлы жағдайлар жасау принципіне негізделетін мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Сонымен қатар, мемлекет тарапынан бірқатар шаралар жүзеге асырылуда. 2012 жылы «2012-2014 жылдарға арналған шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бойынша жедел шаралар» бағдарламасы барлық мақсаттары мен міндеттері жүзеге асырылу арқылы өз әрекеттерін аяқтап, қазіргі таңда 2014-2017 жылдарға арналған шағын және орта бизнесті дамыту бойынша шараларды жүзеге асырып жатыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 11.11.2014 ж шыққан «Нұрлы жол – Путь в будущее» атты жолдауында шағын бизнес субъектілеріне жан-жақты қолдау көрсету, орта класты қалыптастыру қажеттілігіне көп көңіл бөлгендігі жайдан-жай емес [1].

Жекелеп алсақ, айтарлықтай заңдылық актілер әзірленіп қабылданған, салық салу, лицензияландыру, әкімшілдік құқықбұзу сұрақтары бойынша кейбір заңдылық актілерге өзгерістер еңгізіліп толықтырылған.

Шағын кәсіпкерлік субъектілері өнімдерін нарыққа жылжытуға және басқа да көмек көрсетуге арналған жеті әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар қызмет етеді. Олар үшін әлеуметтік-кәсіпкерлік Корпорациялар жобаларына қатысуға ортақ кәсіпорындар құру арқылы қызметті кеңейту мүмкіншілітеріне, қаржы, жер, технологиялық қорларға, сыртқы нарықтарға қол жеткізу мүмкіншілігі ынталандыруға тиісті.

Сонымен қатар, Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлік секторының қалыптасу мен құрылу үдерісі мемлекет басшысы мен ҚР Үкіметі жағынан үнемі назарда болып тұр. Нәтижесінде қазіргі уақытта экономиканың қарастырып жатқан секторларының тиімді қалыптасуына жағдай жасайтын институционалдық және нормативтік-заңдық база құрылған. Соңғы жылдар аралығында шағын және орта кәсіпкерліктің дамуының негізгі сандық параметрлерінің орнықты даму тенденциялары бақылануда: шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны, оның ішінде тіркелген, іс жүзіндегі және белсенділері; экономикалық қызметтің түрлері бойынша шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту параметрлері; аймақтағы шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындарының саны; аймақ бойынша шағын және орта кәсіпкерліктегі


жұмысшылардың саны; шаруа (фермер) қожалықтарының саны; іс жүзіндегі микрокредиттік ұйымдардың параметрлері.

Қазіргі таңда, кәсіпкерлік субъектілерінің санының өсу қарқыны шағын кәсіпкерліктің табысты дамуына объективті, принципіалды негіздердің құрылғанымен байланысты болып отыр.

Біріншіден, республикада орынықты әлеуметтік-экономикалық дамудың тенденциясы құралуда. Екіншіден, аяқталмаған болса да кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін жеткілікті нормативтік-құқықтық база әзірленген. Үшіншіден, кәсіпкерлердің қоғамдық қозғалысын дамыту үшін ұйымдастырушылық-құқықтық жағдай жасалған және шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау аумағындағы саясатты әзірлеу мен жүргізуге олардың қатысуы [19].

Аймақтық аспектіде шағын және орта кәсіпкерлік секторын дамыту үшін анағұрлым қолайлы жағдайлар халқының саны көп елді мекендерде бар. Бұл шағын және орта кәсіпкерлік қызметі мен өнімдеріне тұтынушылар тарапынан сұраныстың үнемі болып тұруымен түсіндіріледі.

Ал, жалпы алғанда, ҚР-ғы ШОК-тің бүгінгі жағдайын ҚР Агенттігінің жарияланған статистикалық мәліметтерге сәйкес, статистика бойынша 01.09.2014 жылы республикада 1 050 139 шағын және орта кәсіпорын субъектілері (заңды тұлғалары) тіркелген. Олардың ішінде тек 691 607 мың бірлігі ғана қызметін жүзеге асырып отыр [60]. Тіркелген ШОК субъектілерінің жартысынан азы нақты түрде әр түрлі қызмет түрлерін көрсетіп, өндіріс процесін жүзеге асыруда. ҚР Президентінің қабылданған жарлықтарында ШОК-ті дамытуды туралы аталып параметрлермен жасалу шаралары мен қоса, ҚР шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау көрсетуге бағытталған басқа да заңдарға қарамастан шағын және орта кәсіпкерлік қызметінің жандануына бетбұрыс болмады (5 сурет).



Ескерту – Мәліметтер негізінде автормен құрастырылған [34]

Сурет-5. ШОК белсенді жұмыс істейтін субъектілер санының өзгеруі.

Жоғарыдағы суреттен көріп отырғанымыздай, 2014 жылдың қаңтар айында шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар 112,3 пайыз болса, сәуір айына дейін 117,8 пайызға қарқынмен өскен, одан кейінгі айларда төмендеп тамыз айындағы көрсеткіш 96,5 пайызды көрсеткен. Бұл тамыз айындағы көрсеткішті өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырсақ 22,6 пайызға төмендеген. Ал орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалардың өткен жылғы тамыз айындағы үлесі 95,9 пайызды көрсетсе, ал 2014 жылдың тамыз айында бұл көрсеткіш 102,3 пайызға өскендігін байқауға болады. Олар 1988,7 мың адамды жұмыспен қамтамасыз етуде.

Сонымен қатар, Республикада шағын және орта кәсіпорындар санының тұрақсыздығы байқалуда. 2012 жылдан 2014 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі уақыт аралығында шағын кәсіпорындар саны пайызбен алғанда 8 еседей азайды: 2012 жылы – 112,8 пайызға; 2013 жылы – 96,9 пайызға төмендеді; 2014 жылы – 104,1 пайызға өсу қарқыны байқалды. Бүгінде, 2014 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша, экономиканың белсенді қызмет жасап тұрған шағын және орта кәсіпорында жұмыс істейтін адамдардың саны 1988,7 мыңға жуық.

Қазақстан мемлекетінің 2014 жылдың статистика деректері бойынша ең көп белсенді жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлер саны Алматы қаласында – 48 409 (жалпы санынан 10,5 %), Шығыс Қазақстан – 48254 (10,5 %), Алматы - 41987 (9,1 %), Қостанай - 37770 (8,2 %), Оңтүстік Қазақстан - 33485 (7,3 %) және Қарағанды - 31546 (6,9 %) облыстарында шоғырланған. Белсенді жұмыс істейтін (фермерлік) қожалықтарының едәуір бөлігі Оңтүстік Қазақстан - 58470 (34,4 %), Алматы – 48370 (28,5 %), Шығыс Қазақстан - 16 208 (9,5 %), Жамбыл - 15 323 (9,0 %) облыстарында белгіленген. 2009 жылдың 1 қыркүйегінен бергі жағдай бойынша Қазақстан Республикасында шаруа қожалықтарын қосқанда 629 214 жеке кәсіпорын жұмыс істеуде [50].

Сонымен көрсетілген уақытта (2014 жылдың 1 қыркүйегі) республикада 1 050 139 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері (заңды және жеке тұлғалар) тіркелген. Шағын кәсіпкерліктің ең басты сапалық сипаттамасы - салалық құрылымы болып табылады, мұндағы экономикалық қызметтің негізгі түрлері – сауда және қызмет көрсету сферасы. Әрине осы сфералардың дамуы ең қолайлы, ең тиімді және пайдалы болғандықтан көп кәсіпкерлер немесе бизнесмендер осы кәсіпкер түрін таңдайды. Тұтынушылардың көбі осы салаларда көбінесе кездеседі.

Салалық құрылымда көрсетілген сомада (1597,7 млрд. теңге) өндірілген өнім (жұмыс, қызмет көрсету) көлемінің 29,3 пайыздан көбі саудаға тиесілі. Өнеркәсіп саласында тек 13,7 пайыз; ауыл шаруашылығында – 7,8 пайыз; құрылыста – 15,6 пайыз; коммуналдық, әлеуметтік және дербес қызметтер көрсету - 4,9 пайыз; сонымен қатар басқа да салаларда - 28,7 пайызды құрайды. Тиісті (6-кесте). Яғни елімізде қалыптасқан салалық құрылым экономикалық тиімді таратылмаған деуге болады.

Біздің Қазақстан Республикамыз шикізатты мемлекет болғандықтан, аса көп өз өнімдері жоқ, бар болса да тек ТМД елдерінің кейбір мемлекеттерінде ғана таралған. Бұның өзі жақсы деп айтып жатырмыз. АҚШ-та венчурлық

бизнесті ШОБ жүзеге асырады. Өйткені оларда, осы кәсіпкерлікте ең азы бес жүз адам жұмыс істейді, әрине олар технологиялық жаңашылдылықты көтере алады. Ал қазақстандық компаниялар техникалық жаңашылдылықты шығару ол бір мәселе болып табылса, оны шығаратын мамандардың жетіспеушілігінің екінші мәселе болып табылса, онда әрине осы бизнес түрі дамымайды. Дамығаның өзінде өз атына сай болады, тәуекелділікке бағытталған бизнес қазақстан нарығында бұл бизнес түріне көп жұмыстар жүргізілу керек.

Біздің мемлекетімізге шағын және орта бизнестен түсетін пайда, кәсіпкерліктердің өнім шығарылымдарына байланысты, өйткені егер олар жақсы жұмыс атқарып, осы шығарылған өнімді сататын болса, онда әрине олар сол пайдадан мемлекеттік салықты төлейді, ал бұл қаражат мемлекетіміздің ЖІӨ-не түсетіні барлымызға мәлім. Сондықтанда келесі б-кестеде 2013 және 2014 жылдың қаңтар және тамыз айларындағы өнім шығарылы және олардың ауытқуы көрсетілген. Одан кейін осы ауытқу нақтырақ б-суретте көрсетілген.

6 кесте - Кейбір салалардың ШОК өнім шығарылымдағы үлесі.

	2013 жылғы қаңтар-тамыз, пайызбен	2014 жылғы қаңтар-тамыз, пайызбен
Барлығы	100,0	100,0
Сауда; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланатын заттарды жөндеу	28,5	29,3
2013 – 2014 жылдар арасындағы өсу\төмендеу қарқыны, пайызбен	0,8	
Құрылыс	16,5	15,6
2013 – 2014 жылдар арасындағы өсу\төмендеу қарқыны, пайызбен	-0,9	
Өнеркәсіп	13,6	13,7
2013 – 2014 жылдар арасындағы өсу\төмендеу қарқыны, пайызбен	-0,1	
Коммуналдық, әлеуметтік және дербес қызметтер көрсету	4,2	4,9
2013 – 2014 жылдар арасындағы өсу\төмендеу қарқыны, пайызбен	0,7	
Ауыл шаруашылығы, аңшылық және орман шаруашылығы	9,0	7,8
2013 – 2014 жылдар арасындағы өсу\төмендеу қарқыны, пайызбен	-1,2	
Басқа да салалар	28,2	28,7
2013 – 2014 жылдар арасындағы өсу\төмендеу қарқыны, пайызбен	0,5	
Еркерту – ҚР статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автордың құрастырылуымен [50]		

Көріп отырғанымыздай, бұрынғыдай өндірілген өнім көлемі жағынан жетекші орынды сауда алады. Екі жылды салыстырып қарастырсақ айтарлықтай өзгеріс байқалмайды. Тек 0,8% жоғарлағаның байқап жатырмыз. Құрлыс, өнеркәсіп, ауылшаруашылық салаларының шамамен 0,1%-1,2 пайызға

төмендегені көрсетіліп тұр. Осы жағдайды келесі суреті көруге болады. Осы көрініс 6-суретте көрсетілген.



Ескерту - Мәліметтер негізінде автормен құрылған [50]

Сурет - 6. Кейбір салалардың ШОК өнім шығарылымдағы үлесі,%.

Орын алған жағдайдың негізгі себептерінің бірі – негізгі несиелік ресурстарды берілген сфераларға бағыттау.

2015 жылдың 1-қаңтарына өнім өндіру құрылымы мен осы мерзімге банктік несиелік портфельдің құрылымын салыстырсақ, сауда операцияларын тым көп қаржыландырудан өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, көлік және байланыс сфераларының аз қаржыландырылғанын байқаймыз. Берілген салаларда қалыптасқан қаржылық тапшылық шағын және орта кәсіпкерлікті әртараптандыруға және оның мемлекеттің экономикасында алатын ролін нығайтуға мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, несиелендіру деңгейі бойынша екінші деңгейлі банктердің ссудалық портфельдеріндегі ең көп үлес айналым қаражаттарын толықтыруға жұмсалғанын атап айтқан жөн. Ол негізгі құралдарды сатып алуға алынатын несиелердің үлесінен 3 есе артады.

2013 жылы Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің заңды тұлға құрмай-ақ – 475 841 жеке кәсіпкерлер және 169 481 шаруашылық қожалықтары, жалпы шағын және орта кәсіпорындар – 60 844-ті құрайды. (ҚОСЫМША В).

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері саны өсуінің негізгі факторлары - мемлекеттік және аймақтық деңгейде қолдау көрсету жүйесі,

ұйымдастырушылық және экономикалық механизмді жетілдіру болып табылады. Оның нәтижесінде кәсіпорындардың экономикалық тұрақтануы, қызмет аясының кеңеюі байқалады.

Қазақстанда экономикалық белсенді халықтың ішінде шағын және орта кәсіпкерлікте қызмет ететіндер саны 23,7% құрайды. Мұндай төмен үлес барлық жұмысбасты халықтың 25% мемлекеттік мекемелерде қызмет етулеріне байланысты.

Шағын кәсіпкерліктің экономикалық тиімділігі өндірілген өнім көлемінің ЖІӨ-гі үлесі арқылы бағаланады. Қазақстан шағын және орта кәсіпорындарының өндірген өнім көлемі жыл сайын артып келуде, бірақ жалпы экономика өсуінің қарқыны айтарлықтай үлкен болғандықтан, ЖІӨ-дегі олардың салымы төмендеп келеді. 2014 жылдың 2 тоқсанындағы жағдай бойынша шағын және орта кәсіпкерліктің қаржылық нәтижесі 611,1 млрд. тенге шамасында пайдамен анықталса, бұл көрсеткіш 2013 жылмен салыстырғанда 64,1 пайызға төмендеді [66].

2013 жылығы статистика мәліметтеріне сүйенсек, тіркелген шаруашылық жүргізуші белсенді субъектілер саны 752 мыңнан астам, соның ішінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері 706 166-ны құрады (ҚОСЫМША Б).

Осы орайда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өнім шығарылымына келсек, шағын және орта кәсіпорындарының өнімі 1 млн-нан асады, ал шаруа қожалықтары 4 жүз мыңнан аса, жеке кәсіпкерлер 3 жүз мыңнан асады (сурет 7).



Ескерту - Статистика мәліметтері бойынша автормен жасалынған

Сурет 7 - ШОК субъектілерінің өнім шығарылым құрылымы.

Республика аймақтарының біразында тұрғынға шаққандағы белсенді шағын кәсіпкерлік санының өсімі анықталды. Жекелей алғанда, Алматы облысында 26,5 пайызды, Шығыс Қазақстанда – 25,3 пайызды, Батыс Қазақстанда - 20,4 пайызды, Астана қаласында - 19,4 пайызды құрады [56].

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры жақында Алматы облысы әкімдігімен өзара ынтымақтастық жөніндегі Меморандумға кол қойды. Бұл Меморандумда

жүргізілетін жұмыстарының қатарына, ең алдымен Алматы облысының кәсіпкерлеріне қаржылай және қаржылай емес көмек көрсетіледі. Мұндай жәрдем арқылы шағын және орта бизнестің сапалы дамуына және экономиканы әртараптандыруға мүмкінділік туады. Бұл бағдарламаны «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» ел ішіндегі шағын және орта кәсіпкерлікке қаржылай емес қолдау көрсету шараларының шеңберінде әзірлеп, Білім және ғылым министрлігінің, «Нұр Отан» Халық Демократиялық Партия (ХДП) қолдауымен жүзеге асады. Шағын және орта бизнес ел экономикасының көсегесін көгертетін сала екенін бәріміз жақсы білеміз. Бұл саланы жетілдіру үшін мемлекет басшысы, үкімет пен парламент тың қолдау көрсетіп отырғаны да барлығымыз білеміз. Қазіргі қаржылық дағдарысқа қарамастан Алматы облысы шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға қаржыны азайтқан жоқ, қайта көбейтті. Мысалы, 2013 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда, 2014 жылы 160 пайызға арттырып, 202 млрд теңге инвестиция экономикаға салынды.

Қазақстанның барлық облыс, аудандарын қамтитын бағдарламаның басты мақсаты - кәсіпкерлер мен өз кәсібін, бизнесін ашуға ынталыларға «Кәсіпкерліктің жеделдетілген курсы» атты екі күндік ақысыз тренинг-семинарлар өткізу арқылы кәсіпкерліктің экономикадағы рөлін арттыру. Мамандардың айтуына қарағанда, тренингтер өз кәсібін ашу, шаруаны тиімді жүргізу, оңтайлы ұйымдастыра білу және бизнесті дамытудың қырсырын үйретуге арналған.

Маңғыстау облысында шаруашылық жүргізетін шағын кәсіпкерлік субъектілері 2013 жылмен салыстырғанда 11 пайызға өскен. Оларда 72 мың адам жұмыс істейді - бұл 2013 жылғыдан 20 пайыздан астам көп. Маңғыстау облысында жыл асқан сайын шағын кәсіпкерлікпен айналысатындардың облыстың экономикалық белсенді халқының жалпы санындағы үлесі үнемі арта түсіп отыр. 2014 жылы ол 34 пайызды құраған. Соңғы екі жылда экономиканы несиелеу қарқыны өсе бастады. Жыл ішінде екінші деңгейлі банктер шағын кәсіпкерлік субъектілеріне 22 млрд. теңге көлемінде несие берді, бұл 2013 жылмен салыстырғанда 5 пайызға көп [56].

Шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламасы бойынша «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры Маңғыстау облысына 101 жобаға 3,5 млрд. теңге несие бөлді. Шағын несиеге сұраныс та жыл сайын арта түсіп отыр.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының мәліметтері бойынша, қазіргі таңда Қарағанды өңірінде 41 мыңнан астам шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген. Өндірістің жалпы көлемінің 17 пайызы немесе 135 миллиардтан астам теңге солардың үлесіне тиесілі. Экономиканың бұл секторында 150 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Қарағанды әкімдігі мен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры шағын және орта бизнесті қолдау саласындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға отырды. Аймақ үшін басымдықты салалардағы бағдарламаларды жүзеге асыруға «Даму» қоры 500 миллион теңге бөледі, деп мәлім етілді меморандумға қол қою рәсімінде. Келісім бойынша сондай-ақ шағын және орта бизнесті қолдау саласындағы ынтымақтастықтың басқа да бағыттары қарастырылып отыр. Атап айтқанда,

меморандумға сәйкес пайыздық ставкаларды субсидиялау және несиелерді жартылай кепілдендіру шаралары жүргізіледі, лизингтік компанияларға қаржы орналастыру бағдарламасы аясындағы жобаларды қаржыландырады.

2014 жылы ғана 1,5 млрд. теңге көлемінде 1230 шағын несие берілді, 2500 жаңа жұмыс орындары ашылды. Бұл көрсеткіштердің бәрі 2013 жылдың статистикасынан асып түседі. Әсіресе, ауылдық жерлерде шағын несиелеуді дамыту өріс алды. Шағын несиелердің басым бөлігі (85 пайызы немесе 1 млрд. теңге) ауыл тұрғындарына берілді. Бұл 1800 адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік берді.

Кәсіпкерлікті дамытуға аймақ жобаларындағы қазақстандық үлесті арттыру шаралары елеулі қолдау көрсетуде. Жер қойнауын пайдаланатын компаниялар мен жергілікті тауар өндірушілер мен өңірдің сервистік компаниялары арасында өткен жылы 248 млрд. теңгеге меморандумдар жасалды, 2014 жылғы көлемдер тиісті келісім-шарттармен қуатталды және жыл соңына дейін аяқталды. Облыстың ірі компанияларының шағын кәсіпкерлік субъектілерімен кооперативтік байланыстарын кеңейту үшін облыста жыл сайын «Табыс» көрме-жәрмеңкесі және «Алтын сапа» сапа конкурсы өткізілуде. Кәсіпкерлік сауатсыздықты жою үшін облыста халықаралық консалтингтік ұйымдардың, республикалық ұйымдардың, USAID сияқты шағын бизнесті дамыту жобаларымен, Индустрия және сауда министрлігі жанындағы «Сауда саясатын дамыту орталығымен», «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғам және басқаларының қатысуымен оқыту семинарлары жүйелі өткізіліп келеді[49].

Дамыған елдерде кәсіпкерлік жұмыспен қамтылған еңбекке жарамды халықтың 50-80 пайызын құрайды және ішкі жалпы өнімнің 50 пайыздан астамын береді. Біздің елімізде шағын кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтылғандар үлесі 22 пайызға жетеді, ал шағын бизнестің ішкі жалпы өнімдегі үлесі 16 пайыздан аспайды. Мұндай салыстыру - кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі бұған дейінгі атқарылған жұмыстарды жүйелендіру арқылы экономикалық, құқықтық және институционалды-құрылымдық реформаларды тереңдету қажеттілігінің туындағанын көрсетіп отыр. «Даму» қоры «Бизнес-кеңесші» пилоттық жобасына бірінші болып Алматы облысын тектен-текке таңдалған жоқ. Себебі, бұл облыс - стратегиялық маңызды аймақ. Біздің «Даму-аймақ» бағдарламасы бойынша бірнеше жоба іске асырылып жатыр. Оның ішінде аграрлық секторды ерекше атап өтуге болады. Облыстағы жылыжай жобасын да біздің қор қаржыландырды. Қазақстанның түкпір-түкпірінде жүргізілетін «Бизнес-кеңесші» бағдарламасына 20 мың адам тартылады. Олар белгіленген курс шеңберінде кәсіпкерліктің қыр-сырын үйренеді. Алғашқы білім әліппесін қалыптастырады. Тренингке жергілікті жерлердің кәсіби біліктілері алынды. Қор тарапынан оларға жалақы төленеді. Ал, кәсіпкерліктің әліппесін үйренгісі келетіндер арнайы курсқа тегін қатыса алады. Ол үшін аудандық, қалалық, облыстық әкімшіліктерге барып, тіркелсе болғаны. Бизнесті жүргізу - оңай шаруа емес. Ол үшін кәсіпкер ең бастысы біліммен қарулануы тиіс.

ТМД мемлекеттерінің ішіндегі халықтың да, субъектілердің де санына байланысты шағып қарасақ - ең үлкен сома шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған. Бұл бағытта мемлекеттің көрсетіп отырған қолдауы орасан деп айтсақ болады. Тек биылғы жылдың 5 айының өзінде 133 млрд. теңге шағын және орта бизнеске жеңілдетілген несие түрінде берілді.

Шағын және орта бизнес ел экономикасының өзегіне айналды. 2001 жылмен салыстырғанда Қазақстандағы шағын несие ұйымдарының саны екі есеге, жеке кәсіпорындар 5 есе артқан. Алайда, бұл көрсеткішпен шектелуге болмайды. Үкімет «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы шағын несие беру ұйымдарына 35 млрд. теңге бөлді. Бұл қаржы 2013-2017 жылдарға арналған. Оның 6 млрд.теңге 2014 жылы игерілсе, 10 млрд.теңгеге 2015 жылы, қалғаны 2017 жылға дейін беріледі деп жоспарланған [49].

Шағын несие деген сөздің өзінен шығып отыр. Шағын несиенің мөлшері аз болады. Заң бойынша қазір Қазақстанда 10 млн. теңгеге дейін берілуге мұрша болып отырса, біздің қауымдастыққа жиналған мекемелердің арасындағы статистика бойынша ол 250 мың теңгеден аспайды екен. Сонда бұл банктік клиенттерден кішкене айырмашылығы бар. Бұл өте қарапайым халықпен, содан кейін айналымы төменірек жүрген кәсіпкерлермен жұмыс істейтін болғандықтан, бір айырмашылығы осы. Сол себептен мерзімі де аз болып келеді.

Шағын несиелер 6 айдан бір жылға дейін беріледі. Несие үстемесі 24 пайыздан басталып, 60 пайызға дейін жетуі мүмкін. Қарыз азайған сайын үстеме мөлшері де төмендейді. Қазір несиенің жылдық ставкасы 11 пайыз. Қазақстанда 1 млн-нан аса шағын және орта бизнес тіркелген. Олардың 70 пайызы сауда-саттықпен айналысады. Өйткені, саудаға салынған қаржының тәуекелі төмен және қайтарымы тез болып есептеледі.

Статистикалық агенттіктің мәліметі бойынша, бүгінде Қазақстанда 290 мың шағын және орта кәсіпорын, 700 мыңға жуық кішігірім бизнесі бар жеке кәсіпкер тіркелген. Ал шағын несие беру ұйымдарының саны 1661. Олардың басым бөлігі Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Қарағанды облыстарында орналасқан. Ал, Атырау және Маңғыстау облыстарындағы ұйымдар саны саусақпен санарлық. Сондықтан, алдағы уақытта шалғай аудандар мен ауылды жерлерден шағын несие беретін ұйымдар ашылады деп жоспарланған. Сондай-ақ, қаладағы несие ұйымдарының өкілдері арнайы ауылға барып, жергілікті тұрғындарға несие талаптарын түсіндіреді. Соған қарамастан, ауылшаруашылығы мен мал шаруашылығын дамыту үшін несие алушылар үлесі 5 пайызбен шектеліп отыр. Ал кәсіпорын ашу қиынырақ екендігі белгілі. Сондықтан, кәсіпкерлердің 25 пайызы ғана өз бизнесін ашуға тәуекел етеді.

Қазір Парламент Мәжілісінде шағын несие ұйымдарының қызметін реттейтін заң жобасы қаралуда. Құжатта қамтылған басты мәселе - шағын несие ұйымдары мен несие серіктестіктерін дамытуға қолайлы жағдай жасау, кәсіпкерлерді қолдау және әкімшілік кедергілерді жою. Сарапшылардың пікірінше, заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар кәсіпкерлердің өз бизнесін дамытуына серпін бермек. «Шағын несие ұйымдары туралы» заңды

жетілдіру барысында шағын несие ұйымдарының акционерлік қоғам ретінде құрылуына рұқсат беру қажет. Ол үшін ҚР Конституциясының 26-бабының 4-тармағындағы қайшылықты жою керек, сонда Шағын несие ұйымдары қызметін кеңейту үшін негізгі қаржыны отандық нарықтан тарту мәселесі шешіледі[18].

Қазіргі кезде 1600-ден астам шағын несие ұйымдарының жартысы ғана белсенді түрде жұмыс істейді. Аталған нарықты толықтай дамыту үшін, мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру қажет. Осы орайда, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арнайы бағдарлама әзірлеген. Себебі, шағын несие ұйымдары - үшінші қаржы көзі болып есептеледі. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры шағын несие ұйымдарына 8 пайыздық үстемемен қаржы бөлінсе, екінші деңгейлі банктер арқылы берілетін несие үстемесі 14 пайызды құрайды. Ал шағын несие ұйымдарындағы ең төменгі ставка 24 пайыз. Осылайша несие ұйымдары арасындағы бәсекелестікті арттырып, қаржы жүйесін дамыту көзделген. Яғни, қазіргі кезде көп жұмыстардың орындалуы өзінің керек нәтижеге жетпей жатқанын байқап жатырмыз. Сондықтан да жасап жатқан шараларын кәсіпкерлерге жүктеу, міндет ретінде енгіздірмесек, олар өз білім дәрежесін көтеру семинарларға да, сонымен қатар басқа да жайыттарға араласқысы да келмейді және оның дәмінде сезгісі келмейді.

2.2 Шағын және орта кәсіпкерлікті үкімет тарапынан қолдауына талдау жасау

Қазақстанның нарықтық экономикасы жағдайында экономикалық дамудың кәсіпкерлік моделі тұтас экономиканы сауықтандырудың маңызды факторы және дағдарыстан шығу жолындағы алғашқы қадамы болып табылады. Кезек күттірмейтін іс-шаралар қатарында кәсіпкерлік қызметті қолдау, шағын және орта бизнесті дамыту маңызды орын алады. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың “Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды нығайту және белсендендіру жөніндегі іс-шаралар туралы” Жарлығында шағын бизнес субъектілеріне жан-жақты қолдау көрсету, орта класты қалыптастыру қажеттілігіне көп көңіл бөлгендігі кездейсоқтық емес[30].

Кез-келген елде шағын бизнес мемлекеттік қолдауды қажет етеді, оның ерекшелігі де, сонымен қатар, әлсіздігі де осында. Кіші құрылымдағы шағын көлем мен шектеулі қаржылық мүмкіндіктер ірі кәсіпкерлермен салыстырғанда шағын фирмалардың бәсекеге қабілеттілігіне өз ықпалын тигізеді. Сондықтан, шағын бизнеске қолайлы экономикалық-құқықтық орта қалыптастыру Қазақстанда кәсіпкерлікті белсендендіруде маңызды рөл атқарады, өйткені тек мемлекеттік деңгейде ғана емес, сонымен бірге тұтас қоғам деңгейінде шағын бизнесті кешенді қолдау кәсіпкерде “әрекет ету иммунитетін” қалыптастыруға, нарықтың қатаң жағдайларында өсуге және өзін-өзі жетілдіруіне көмек береді. Мемлекет үшін бұл экономикадағы дағдарыстың бетін қайтару, өндірісті көтеру, әлеуметтік және саяси қатынастардағы тұрақтылықты білдіреді.

Сонымен бірге шағын бизнесті дамытуды ынталандыратын түрлі бағдарламалардың және оны қажетті ресурстармен (материалды-техникалық, кадрлық, қаржылық, ақпараттық және т.б.) қамтамасыз етудің маңызы өте жоғары. Қазіргі таңда шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік саясат кәсіпкерлікті дамыту үшін оңтайлы жағдайлар жасау принципіне негізделетін мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттарының бірі болып келеді.

Сондай-ақ, мемлекет тарапынан бірқатар шаралар жүзеге асырылуда. Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдаудың 2012-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы барлық мақсаттары мен міндеттері жүзеге асырылу арқылы өз әрекеттерін аяқтады. Жекелеп алсақ, айтарлықтай заңдылық актілер әзірленіп қабылданған, салық салу, лицензияландыру, әкімшілдік құқық бұзу сұрақтары бойынша кейбір заңдылық актілерге өзгерістер енгізіліп толықтырылған.

Былтырғы жылы «Жеке кәсіпкерлік туралы» заңға бірқатар өзгеріс енгізілгені белгілі. Бұл өзгерістер шағын және орта бизнеске жоспарлы тексеруді қысқартып, жоспарсыз тексерулерді ретке келтіруі тиіс еді. Осы өзгерістерге сәйкес, биыл ақпаннан бастап кәсіпкерлерді жоспарлы тексерудің тәртібі өзгерді. Енді шағын және орта бизнес тәуекелді басқару жүйесі бойынша тексерілмек. Тәуекелді басқару жүйесі деген не сонда? Бұл әрбір мемлекеттік орган объективті және субъективті белгілерді негізге ала отырып кәсіпкерлерді тәуекелділіктің үш дәрежесіне бөліп қарастырады деген сөз. Ал объективті және субъективті белгілер қалай анықталмақ? Қазақстандағы бизнес ортаны жақсарту жөніндегі USAID (Халықаралық даму бойынша Американдық агентігі) жобасының халықаралық сарапшысы Игорь Гутцанның айтуына қарағанда, объективті белгілер дегеніміз, заң бұзушылық кезінде анықталатын статистикалық мәліметтер. «Мәселен, өрт сөндіру қауіпсіздігі адам саны, құрылыс материалдарының өртену мүмкіндігі тәрізді себептерді негізге алады. Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органы болса, ең алдымен тағам өнімдерін өндіретін кәсіпорындарға баса мән беру қажет», - дейді сарапшы. Ал заң талаптары, оларды бұзу немесе қатаң сақтау жағы субъективті белгілерге тиесілі. Айталық, заң бұзушылықтар неғұрлым көп анықталса, кәсіпкер де тәуекелділіктің жоғары дәрежесі бойынша тексерілмек. Заң бұзбайтын, барлық тәртіпті қатаң қадағалайтын кәсіпкер бойынша, керісінше, тәуекелділіктің төменгі тобына өтеді. Есесіне, мұндай кәсіпкерді қадағалау органдары да қайта-қайта тексеріп, мезі етпейді [63]. Сөйтіп, тәуекелділіктің жоғарғы дәрежесіне жататын кәсіпкерлер бес жылда бір, ал төменгі топтағылар бес жылда бір-ақ рет тексеріледі.

«Экономика және бюджетті жоспарлау министірлігі тексерудің жаңа жүйесі кәсіпкер үшін де, мемлекеттік органдар үшін де тиімді деп есептейді. Енді бақылау органдары қауіп төндіретін қатаң тексеруге алып, заң бұзбайтын кәсіпкерлерге тексеруді азайтады», депті Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігінің кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі департаментінің жетекшісі Р.Ақбердин.[63]

Алайда, Мемлекеттік органдардың өздері тексерістің жаңа тәртібіне дайын емес тәрізді. «Қазір қадағалау органдарының барлығы дерлік тәуекелді басқару жүйесін енгізіп, тексеруден өтетін кәсіпорындар тізімін жариялап, тексеру парақтарын әзірлеп сақадай сай дайын болуы тиіс. Алайда, мемлекеттік органдардың көпшілігі кәсіпкерлерді жаңа тәртіппен таныстырмайды», - дейді тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығының президенті Тимур Назханов. «Алматы қаласы бойынша тек салық органы мен сан-эпидемстанциялық қадағалау органы тексеру жүйесімен таныстырып, тұсаукесер жасады. Қалғандары түсіндіру жұмыстарын жүргізген жоқ, - дейді ол. Заң бойынша былтырғы жылдың аяғына дейін тексеру тәртібін таныстырмаған мемлекеттік органдардың биылғы жылы тексеру жүргізуге құқы жоқ. Сонымен қатар, кейбір тексеру органдары жаңа жүйе кәсіпкерлерге кері әсер ететінін мойындады. Айталық, сан-эпидемстанциялық қадағалау органының қызметкері Лян түптің түбінде кәсіпкерлердің барлығы тәуекелділігі жоғары топқа өтетінін түсіндіріп, сұхбат берген». Сондай-ақ, Тимур Назхановтың айтуынша, мемлекеттік органдар қайткен күнде де кәсіпкерлерді ырқына жібермейді. «Өйткені, кәсіпкерлер – мемлекеттік органдардың күнкөріс көзі. Оның үстіне, жаңа тәртіп жоспарлы тексеруге қатысты. Бірақ жоспарсыз тексеру бар екенін естен шығармаған жөн. Біреу шағым жазса не сенімен байланысы бар өзге кәсіпорын тексерілсе, қадағалау органдары міндетті түрде сені де келіп тексереді. Түптеп келгенде, кез келген тексерістің мақсаты біреу-ақ. Ол – кәсіпкерлерге қысым жасау, айыппұл салу немесе пара алу», - дейді ол. Сонымен тексерудің жаңа жүйесі бизнес ахуалын жақсартады дегенге кәсіпкерлер түгіл, мемлекеттік органдардың өздері де күмән келтіріп отыр. Кәсіпкерлерге көмектеседі деген жүйе керісінше қағазбастылықты көбейтіп, бизнестің дамуына тұсау салғалы тұр. [63].

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері өнімдерін нарыққа жылжытуға және басқа да көмек көрсетуге арналған жеті әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар қызмет етеді. Олар үшін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар жобаларына қатысуға ортақ кәсіпорындар құру арқылы қызметті кеңейту мүмкіншіліктеріне, қаржы, жер, технологиялық қорларға, сыртқы нарықтарға қол жеткізу мүмкіншілігі ынталандыруға тиісті.

Шағын кәсіпкерлікті дамытудың маңызды бағыты болып микронесиелендіру табылады. 2013 жылдың басында еліміздің Президенті атаулы секторға мемлекеттік емес қорларды тарту, микронесиелердің халыққа берілу мүмкіндіктерін арттыру, тиісті қаржыландыру бойынша ұсыныстар жасау тапсырылған болатын.

Осыған орай, Қазақстанның микронесие ұйымдарын дамыту бойынша жұмыс жүргізілуде. Қаржылық институттарының үлестік қатысумен 70 микронесие ұйымдары құрылды. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы 199 қолданыстағы ұйымдар несиеленген.

Үкіметтің дағдарысқа қарсы бағдарламасында ел экономикасына тіреуіш болатын негізгі бес салаға айрықша көңіл бөлгенді. Соның бірі шағын және орта кәсіпкерлік. Нақтырақ айтсақ, ел Үкіметі шағын және орта бизнесті қолдау

мақсатында 1 млрд. доллар бөліп отыр. Экономиканың осы саласына көрсетіліп жатқан қолдау турасында тоқталсақ.

Үкімет 2012 жылдың қараша айынан бастап еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайының қалыпты жағдайын сақтап қалу үшін арнайы бағдарлама әзірлеп, көп жағдайдың алдын алды. Сол кездің өзінде-ақ Үкімет шағын және орта кәсіпкерлікке қаржылай көмек көрсете бастаған. 2012 жылдың төртінші тоқсанынан бері шағын және орта бизнеске мемлекет тарапынан көрсетілген қаржылай көмектің мөлшері қазіргі таңда 200 млрд. теңгеге жетіп отыр. Мұның 126,8 млрд. теңгесі республикалық бюджеттен бөлінсе, 10 млрд. теңгесі «Даму» қоры бөлді. Ал жергілікті жердегі атқарушы билік орындары 50 млрд. теңге көлемінде көмек көрсетті. Мұның сыртында еліміздегі екінші деңгейлі банктер де шағын және орта бизнесті дамыту үшін біршама қаржы бөлгені белгілі.

Шағын және орта бизнес өкілдерінің жаңа жобаларын қаржыландыру үшін «Даму» қоры мен екінші деңгейлі банктер қаржы бөлудің бірінші траншын орындады. ҚР Үкіметінің 06.11.2012 жылғы № 1039 Қаулысына сәйкес Қор Тұрақтандыру бағдарламасының 1 траншының 48,8 млрд. теңге сомасындағы қаражатын орналастыру жөніндегі операторы болды. Бөлінген қаражат 2012 ж. ҚР Экономиканы жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссияның 26.11.2012 жылғы шешімімен анықталған 7 әріптес-банктер арасында бөлінді (кесте 7).

7 кесте - 1,2,3-транш бойынша ШОБ несиелендіру үшін арналған қаражат.

	Банк	1транш(жылдар)		2транш(жылдар)		3транш(жылдар)	
		26.11.2012ж		28.06.2013ж		10.02.2014ж	
		Сомасы, млрд. тг	ЕДБ үлесі	Сомасы, млрд. тг	ЕДБ үлесі	Сомасы, млрд.тг	ЕДБ үлесі
1	"БТА Банк" АҚ	10	20%	10	9%	22	17%
2	"АТФБанк" АҚ	-	-	26	24%	20	16%
3	"Альянс Банк" АҚ	2,3	4,7	4	4%	18	14%
4	"Казкоммерцбанк" АҚ	11,5	24%	5,4	5%	16	13%
5	"Халық банк"АҚ	-	-	-	-	11,7	9%
6	"Банк ЦентрКредит" АҚ	8,3	17%	13	12%	10	8%
7	"НурБанк" АҚ	-	-	10	9%	8	6%
8	"Kaspi Bank" АҚ	8,3	17%	8	7%	6	5%
9	"Сбербанк"АҚ ЕБ	-	-	-	-	6	5%
10	"Цесна банк" АҚ	4,2	9%	2	2%	3,3	3%
11	"Еуразиялық Банк" АҚ	4,2	9%	19,9	18%	3	2%
12	"Астана Финанс" АҚ	-	-	11,1	10%	3	2%
Жиынтығы		48,8	100%	109,4	100%	127	100%
Ескерту - "Даму" қорының мәліметтері негізінде автор құрастырған [61]							

Осы мақсатқа 48,8 млрд. теңге қарастырылған болатын. Бөлінген қаржының жылдық ставкасы нарық жағдайынан әлдеқайда төмен болды. Қаржыны игеру мерзімі 3 ай, ал жеңілдіктері 2 жыл. Бұл қаржыға шағын және орта бизнестің 2 238 жобасы қаржыландырылды. Мұндай жағдайда әрбір кәсіпорынға берілетін қаржының көлемі 23 млн. теңгеден аспайды. Несиенің жылдық орташа ставкасы 17,7 пайыз болса, ең жоғарғы ставкасы 20,2 пайыздан аспайды.

Экономиканы тұрақтандыру бағдарламасының екінші траншы аясында Қазақстан Республикасының Үкіметінің 28.06.2013 жылы отырысының №25 хаттамасына сәйкес, шағын және орта бизнес субъектілерін қолдауға қосымша 50 млрд. теңге бөлу туралы шешім қабылданған болатын. Аталмыш қаражат шағын және орта бизнес субъектілерін Екінші деңгейлік банктер және қаржы ұйымдарымен бірлесіп қаржыландыру Бағдарламасы («50 де 50» бағдарламасы) аясында игерілді. Бөлінген қаражат 2008 жылдың тамыз айында ҚР Экономиканы жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссияның 27.06.2013ж. №17-5/011-10 шешімімен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28.06.2013ж. №25 шешімімен анықталған 10 әріптес-банктер арасында бөлінді.

2013 жылдың 11 желтоқсанына дейін қаржының 59,6 млрд. теңгесі игерілген. Нәтижесінде 1830 жоба қаржыландырылды. Осы ретте кәсіпкерлердің «Атамекен» Одағы экономикалық палатасының ұсыныстарын қабылдай отырып, бөлінген қаржының жылдық пайыздық үстемесін 14 пайызға дейін төмендеттік.

Қазақстан Республика Үкіметінің 25.11.2013 жылғы №1085 Қаулысына сәйкес экономиканы 2014-2015 жж. Тұрақтандыру іс-шараларын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорынан 120,0 млрд. теңге бөлінген, оның ішінде 117 млрд. теңге Тұрақтандыру бағдарламасының 3-траншын іске асыруға жұмсалады. Бөлінген қаражат 2014 жылдың ақпан айында ҚР Экономиканы жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссияның 27.01.2014ж. №17-55/И-99 және 10.02.2009 жылы №17-5/И-144 шешімдерімен анықталған 12 әріптес-банктер арасында бөлінді.


Екінші деңгейлі банктерге 117 млрд. теңге берілді, сонымен қатар «АТФ Банк» АҚ-ы 10 млрд. теңге көлемінде өз қаражатымен қатысады. «Сбербанк» АҚ-ы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруға 6 000 млн.теңге көлемінде банкке қаражат бөлу туралы басты келісім шартқа қол қойып, «Даму» қорының дағдарысқа қарсы ІІІ-ші траншына қосылды. 2009 сәуір айынын жағдайы бойынша «Сбербанк» АҚ-ы «Даму» қорынын бағдарламасы бойынша жалпы соммасы 2 940 млн. теңгені құрайтын әр түрлі сала бойынша 32 жобаны несиелеуге бағыттау шешімін қабыл алып, қазіргі кезге дейін 2 784 млн. теңге игерілген.

8 кесте. Белгіленген ІІІ-ші транш бағдарламасын орналастыру

ІІІ-ші траншта жалпы соммасы	127,0 млрд теңге
ЕДБ-гі орналастыру мерзімі	7 жыл (84 айға дейін)
ЕДБ-мен басты келісімдерге қол қойылған күн	14.02.2014 ж
ЕДБ-ді қаржыландыру күні	18.02.14 жылдан 25.02.14 жылға

	дейін
Негізгі қарыздарды өтеуге берілетін жеңілдік кезеңі	12 айға дейін
Қаржыларды игеру кезеңі	Игеру кестесіне сәйкес, сонымен қатар ең соңғы мерзім 30.06.14 жылды қоса
Ескерту - Ақпараттар негізінде автор өзі құрастырған [61]	

«Ұлттық Әл-ауқат Қоры (әрі қарай ҰӘҚ) «Самрұқ-Қазына» АҚ-ның берген ақпараттарына сәйкес «ҰӘҚ «Самрұқ-Қазына» АҚ-ның есеп-шотына жоспар аясында Ұлттық Қордан 1 087,5 млрд. теңге бөлінді. Оның ішінде қаржы секторын тұрақтандыру, тұрғын үй нарығындағы мәселелерді шешуге, шағын және орта бизнеске қолдау көрсетуге және экономиканың нақты секторын несиелендіруге бағытталды. Екінші дәрежелі банктерден және «Бірінші несие бюросы» ЖШС-нің 2014 жылдың ақпараттарына сүйенсек нақты банктер игерілгенін төмендегі диаграммадан көруге болады (8-сурет). [61].




Ескерту - статистика мәліметтері бойынша автормен құрастырған
Сурет 8 - ЕДБ-ден ШОК-ті қаржыландыру үлесі 2014 жыл.

Жоғарыда жобаларға бөлінген қаржыларды салаларға бөлінді. Сауда мен қызмет көрсетудің басқа да салаларына игерілген қаржы үлесі жоғары болды. Яғни, саудаға 44 пайыз, қызметтің басқа да түрлеріне 30 пайыз болса ең төменгі үлес көлік және байланысқа тиесілі болды.

Үкімет шағын және орта бизнестің дамуына айрықша қолдау көрсетуде. Аталған саланы дамытуға бағытталған үшінші транш сәтті игерілді. Осы мақсатта Ұлттық қордан 120 млрд. теңге бөлінсе, банктер өз қоржынындағы ақшасының 14 млрд.теңге кәсіпкерлерді қаржыландыруға жұмсады. Жыл басынан бері игерілген 134 млрд. теңгенің 51 пайызы кәсіпорынды қайта қаржыландыруға, 49 пайызы жаңа нысандар ашуға бағытталды. Нәтижесінде 5 мыңға жуық жұмыс орны ашылды. Ал екі жылда 250 млрд теңге игерілді.

Сонымен қатар, шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыруға бағыттарын төмендегі диаграмма бойынша көруге болады (9 - сурет).



Ескерту - Статистика мәліметтері бойынша автормен құрастырылған
Сурет 9 - Жобаларды қаржыландыру бағыттары.

«Даму» қоры шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне және ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу және тамақ өнімдерін өндіру ұйымдарына 2009-2012 жылдарға «Даму – Қолдау» тікелей кредит беру Бағдарламасы әзірленді. Бағдарламаны әзірлеуге Қазақстан Республикасының «Қазақстан-2030» атты даму Стратегиясы; Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму Стратегиясы; Қазақстанның әлемдегі бәсекеге мейлінше қабілетті елу елдің қатарына қосылу Стратегиясы; «Қазақстанның 2030 жылға арналған даму Стратегиясын іске асыру жөніндегі алдағы шаралары туралы» ҚР Президентінің 2007 жылдың сәуір айындағы Жарлығы; ҚР Президентінің «Қазақстан жеделдетілген экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңару жолында» атты 2005 жылдың ақпан айындағы Жолдауы; ҚР Президентінің «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты 2006 жылдың наурыз айындағы Жолдауы; ҚР Президентінің «Жаңа әлемдегі-жаңа Қазақстан» атты 2007 жылдың ақпан айындағы Жолдауы; ҚР Президентінің «Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын арттыру-мемлекет саясатының басты мақсаты» атты Жолдауы; ҚР Президентінің «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты 2009 жылдың наурыз айындағы Жолдауы; «Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк пен Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің экономика мен қаржы жүйесін 2009-2010 жылдарға тұрақтандыру жөніндегі бірлескен іс-қимылдар Жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың қараша айындағы және 2009 жылдың қаңтар айындағы қаулысы; ҚР экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысының 2009 жылдың ақпан айындағы хаттамасы; Қорға шағын және орта бизнесті тікелей қаржыландыру үшін кредит берілуін мақұлдау жөніндегі «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Директорлар кеңесі отырысының 2009 жылдың ақпан айындағы хаттамасы; шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне және ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу және тамақ өнімдерін өндіру ұйымдарына

кредит қаражатын осы Бағдарламамен анықталатын шарттармен беру үшін, «Ұлттық әл-ауқат қоры «Самрұқ-Қазына» мен «Даму» қоры арасында 2009 жылдың ақпан айында жасалған шағын және орта бизнес Кредит шарты негіздеме болды (Кесте 9).

Кесте 9 - 2012-2015 жылдарға «Даму – Қолдау» тікелей кредит беру бағдарламасы.

Өзірлеуші	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Бағдарламаның мақсаты	Шағын және орта бизнестің сапалы дамуына жәрдемдесу және Қазақстан экономикасын әртараптандыру үдерісінде олардың рөлін күшейту
Бағдарламаның міндеттері	Қызметін ҚР 2003—2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму Стратегиясына сәйкес экономиканың басым салаларында жүзеге асырып жүрген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері мен қаржылай қолдау көрсету және кредит ресурстары бағаларының төмендетілуін қамтамасыз ету
Іске асыру мерзімдері	2012 – 2015 жылдар
Қаржыландыру көздері	Қордың өз қаражаты және Қордың мемлекет кепілдігімен тартылған қарызға алған қаражаты
Күтілетін нәтижелер	<ul style="list-style-type: none"> • Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің активтері мен жұмысшылары санының артуына байланысты олардың біраз бөлігінің орта бизнеске өтуі, сонымен қатар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері және жаңа ұрпағын қалыптастыру есебінен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері және санының өсуі және құрылымдық сапасының артуы; • Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін, импортты алмастырушылығы мен экспортқа шығаруға бағдарланғандығын арттыру; • Қазақстан экономикасын әртараптандыру үдерісінде шағын және орта кәсіпкерлік рөлін күшейту; • қолданыстағы жұмыс орындарын сақтау және жаңа жұмыс орындарын ашу.
Ескерту - «Даму» қорының мәліметтері негізінде автор құрастырған [62]	

Осы кестеде «Даму» қорының жасалынып жатқан шаралары көрсетілген. Біздің Президентіміз құраған қор қазіргі таңда шағын және орта бизнес үшін жақсы бір ұйымның бірі болып табылады. Даму қорының шығын және орта кәсіпорындарға несиені пайызын азайтып, олардың қазіргі уақытта өздерінің бизнестерін жақсарту мақсатымен жасалынып жатқан шаралардың бірі. Алайда, осы шаралардың жүзеге асуы әрине көптеген жайыттарға байланысты, мысалы, кәсіпкерлердің несиені мүлдем алмайды немесе әрі қарай оны уақытында бермеуден қорықады, немесе олар банктердің шарттарына сай келмеуі жағынан және тағы да басқа жағдайлардың себептерімен осы несиені алмауы мүмкін.

Ал, енді осы бағдарлама бойынша жобаларды іріктеу кезде белгілі бір басымдықтарын, өлшемдеріне, шарттарына, несиені беру мерзімі және т.б. белгілеріне толығырақ тоқталсақ: (Кесте 10).

Кесте 10 - Бағдарлама бойынша жобаларды іріктеудегі негізгі белгілер

<p>«Даму» қорының ШОКС мен ауылшаруашылық өнеркәсіп және ұйымының жобаларын іріктеу кезінде негізгі басымдықтары:</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Өңдейтін өндірістерді құру немесе жаңғырту; • Кластерлер мен жаңа технологиялар трансфертін дамыту; • Бәсекеге қабілетті, импортты алмастырушы мен экспортқа шығаруға бағдарланған тауарлар мен қызметтерді шығару; • Сәтті отандық және шетелдік бизнес үлгісін (франчайзингті) қайталау; • Жаңа жұмыс орындарын құратын әлеуметтік мағынасы бар бағыттар қалыптастыру.
<p>«Даму» қорының жобаларды іріктеу кезіндегі негізгі өлшемдер:</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Инвестициялық жобалардың Қор басымдығына сәйкестігі; • ұсынылатын қаржы құралының тәуекелін өтеу кепілзатының болуы; • қарыз алушының кредит қабілеттілігіне, төлемқабілеттілігіне және қаржылай тұрақтылығына ұсынылатын талаптардың орындалуы; • жобаны іске асыру нәтижесінде құрылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігі және жобаны іске асыру үшін материалдық-шикізат базасының жеткіліктілігі; • жобаның өтелімділігі және тиімділігі; • еңгізілетін технологиялардың және немесе қаржы лизинг затының заманауи технологиялар деңгейіне сәйкестігі; • жобаны іске асыру үшін білікті маманның, оның ішінде компания менеджментінің болуы; • қолданыстағы жұмыс орындарын сақтау және жаңа жұмыс орындарын ашу.
<p>Кредит беруді шектеу</p>	<p>Осы Бағдарламаның іске асырылуы сауда-делдалдық қызметке тікелей кредит беруге «Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚР 2006 жылдың қаңтар айындағы заңымен белгіленген шектеулерді есепке ала отырып, жүргізіледі.</p>
<p>ШОКС мен ауылшаруашылық өнеркәсібі және ұйымына кредит беру шарттары:</p>	<p>Мақсатты топ: ҚР заңына сәйкес тіркелген ШОКС мен ауылшаруашылық өнеркәсібі және ұйымы. Қаржы құралы: Қайтарымдылық, ақылылық, мерзімділік және қамтамасыз етілгендік, мақсатты пайдалану шарттарымен ұсынылатын қарыз. Қамтамасыз ету: Екінші деңгейдегі банктердің Тізбесіне және олардың Қордың Кредит комитеті бекітетін кепілдіктері бойынша лимиттерінің мөлшеріне сәйкес барлық сомасына және барлық мерзіміне сөзсіз және қайтарып алынбайтын кепілдігі. Нысаналы мақсат: Негізгі қаражатты сатып алу және айналым капиталын толықтыру.</p>
<p>Қор құқығы:</p>	<p>Қаржыландыруды тоқтатуға және қаражаттың мақсатсыз пайдаланғаны анықталған жағдайда, қарыздың мерімінен бұрын өтелуін талап ету.</p>
<p>Қаржыландыру мерзімі:</p>	<p>78 айға дейін инвестициялық мақсатқа және 36 айға дейін айналым капиталын толықтыруға – 2016 жылғы қаңтарға дейін.</p>
<p>Қарыз валютасы:</p>	<p>теңге.</p>
<p>Бір қарыз алушыға берілетін лимит:</p>	<p>750 000 000 теңге.</p>

Қаржыландыру құрылымы:	Жеке қарыз шартын жасасу жолымен немесе кредит желісін ашу туралы шарт жасасу арқылы.
Негізгі қарызды қайтару бойынша және есептелген сыйақыны кейінге қалдыру бойынша жеңілдік мерзімі:	12 айға дейін.
Негізгі қарызды өтеу :	Негізгі қарызды өтеу бойынша берілген жеңілдік мерзімі аяқталғаннан кейін аяқталғаннан кейін айсайын немесе бизнестің ерекшелігіне (Кредит комитетінің немесе қарыз алушының талғамы бойынша) байланысты өзге өтеу мерзімі.
Қарыз бойынша сыйақы мөлшері:	Қарыз алушы үшін сыйақы мөлшері міндеттеменің қамтамасыз етілуіне екінші деңгейлі банктер берген кепілдігі бойынша сыйақыны есепке ала отырып, жылдығы 12,5% құруы тиіс.
Сыйақы есептеу:	Негізгі қарыз қалдығына айсайын.
Сыйақыны өтеу:	Есептелген сыйақыны кейінге қалдыру бойынша жеңілдік мерзімі аяқталғаннан кейін, өтеу кестесіне сәйкес айсайын.
Мерзімінен бұрын өтеу:	Қарыз қаражатын ішінара немесе толық өтеу комиссия төленбей және айыппұл ықпал-шаралары есептелмей жүзеге асырылады.
Бағдарламаны іске асыру механизмі:	Қордың Директорлар Кеңесі отырысының 08.06.2007ж. №4 Хаттамасымен бекітілген Қордың Негізгі қызмет тәртібіне (қаржыландыруға басшылық ету) сәйкес реттеледі.
Ескерту-«Даму» қорының мәліметтері негізінде автор құрастырған [62]	

Жоғарыда көрсетілген кесте шағын және орта бизнес кәсіпкерлеріне белгілі бір көрініс көрсетеді. Өйткені тек олар ғана шешім қабылдайды, барлығымызға мәлім болғандай, мүмкін осы жобадан басқа төмен ставкалы және одан да ұзақ мерзімге несиелер берілетін басқа жобалар немесе микронесиелік ұйымдар ұсына алатынына, және әр кәсіпкер нарықты зерттеу барып өзіне тиесілі және дұрыс несиені таңдайды.

2014 жылдың 30 сәуіріндегі жағдай бойынша «Акционерлік қоғам және жүзеге асырылатын мемлекетті тұрақтандыру бағдарламасы аясында серіктес банктермен бөлінген қаражаттың 72,9 пайызы немесе 92 млрд 536 млн теңге игерілді. Екі жақты келісілген келісім-шарттың жалпы саны 1 936-құрады, оның ішінде 1 251 заемшы жалпы соммасы 52 млрд 167 млн теңге құрайтын несиелерін қайта қаржыландырды.

2014 жылдың 30 сәуіріне екі серіктес-банктер бөлінген қаржыны толықтай игерді. «Тұран Әлем Банкі» акционерлік қоғамы бөлінген қаржыдан 113,7 пайызға, яғни 25 млрд 022 млн теңге игерілді. «Цесна банк» акционерлік қоғамы 100 пайызға, яғни 3 млрд 300 млн теңге игерілді (10 кесте). Келісілген келісім шарт көлемі бойынша Алматы қаласында банктер өз міндеттерін 54 пайызға орындаса, Астана қаласы 49,5 пайызға орындады.

Аумақаралық бөлу жағдайы өзгеріссіз қалуда. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін несиелендіруде Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары ең аз қамтылған аймақ болып қалуда. Осы аймақтарда игерілу үлесі жалпы игерілуге тиісті сомадан әлі де 3 пайыздан төмен. Сала

бойынша бөлуде сауда үлесі 44 пайызды құраса, өнеркәсіп өндірісі - 11,2 пайызды құрады. [62].

Кесте 11 - ШОКС-ін қаржыландыру шарттары.

Қаржыландыру салалары	Шектеусіз
Қаржыландыру мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> • Негізгі құралдарды алу; • Айналым құралдарын толықтыру • Қарыздарды (ішкі және сыртқы) қайта қаржыландыру;
Соңғы заемшы үшін жылдық тиімді өтемақы қойылымы	Қор және банк қаражат есебінен (12,5 жылдық пайыздан аспайтын)
1 заемшыға қаржыландыру лимиті	750 млн теңге
Қаржыландыру валютасы	<ul style="list-style-type: none"> • Қор қаражатынан - теңге түрінде; • Банк қаражатынан теңге және шет ел валютасы түрінде;
Несие мерзімі	84 айға дейін
Негізгі қарыздарды өтеуге берілетін жеңілдік кезеңі	12 айға дейін, айналым құралдарына 6 айға дейін
Қол жетімділік кезеңі	1 жылға дейін, егер келісім шартқа отырған сәттен бастап 2 ай ішінде игеріле бастаса
Басқа да шарттар	Банкімен белгіленеді
Ескерту: Ақпараттар негізінде автор өзі құрастырған.	

Үкімет пен даму институттары шағын және орта бизнес өкілдеріне барынша қолдау көрсетуде. Дегенмен де, қаржының керек жерге сіз бен біз ойлағандай тез жетпей жатқаны жасырын емес. Мәселен, біздер шағын және орта бизнеске бөлінген қаржының 156 млрд. теңгесінің 65 млрд. теңгесі игерілгенін анықтадық. Бүгінде шағын және орта бизнес өкілдеріне банктердің қойып отырған міндеттемесі жеңіл деп ешкім айтып тұрған жоқ. Қаржы институттары өз кезегінде несие алу үшін кәсіпкерден кепілдік мәселесін қатаң түрде талап етілетіні, сонымен қатар, кәсіпкерлікпен айналысып жүрген азаматтардың көпшілігі банкке өткізетін бизнес жоспарын дұрыс жаса алмайтыны, яғни кәсіпкерлер несиеге қол жеткізе алмаған соң, бұған банк қызметкерлерін кінәлайды. Бұл ретте кәсіпкерлер арасында ақпараттық насихат жұмысы кемшін түсіп жатқанын мойындаймыз. Осындай жағдайда кімді кінәлайсын, кәсіпкер жағынан тұрасаң кәсіпкерлерді, банк немесе басқа да ұйымдар жаңында тұрасаң сол ұйымдарды немесе банктерді жақтайсын. Үкімет осы қалыптасқан жағдайда өгізді де өлтірмейтін, арбаны да сындырмайтын жол табатынына сенімді. Осыған дейін атқарылған жұмыстар еліміздегі бизнес құрылымдарына белгілі бір тежеуші күші болатынына және жаңа жетістіктерге негіз болады.

2.3 Шағын және орта кәсіпкерлік рейтингінің жоғарылауына кедергі келтіретін факторларды талдау

Бүгінгі таңда кәсіпкерлік ел экономикасын дамытуда шешуші орынға ие, өйткені экономикалық, әлеуметтік және саяси сипаттағы көптеген мәселелердің шешілуіне жол береді. Жеткен табыстарға қарамастан, еліміздің экономикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік рөлінің маңыздылығы төмен. Бұл туралы елбасымен қойылған стратегиялық маңызды мәселелер: шағын және орта кәсіпкерлік ЖІӨ-нің 50%-ын құрайтын жағдайға жеткізу, оның құрылымын жетілдіру, оның әлеуметтік жауапкершілігін жетілдіру, шағын және орта кәсіпкерлік секторы құрылуының және кеңеюінің сатысына, жаңа идеологиясына көшуді талап ететін басқа да бір қатар мәселелерді шешу. Сонымен қатар, соңғы жылдардағы шағын және орта кәсіпкерліктің жағдайын талдай отырып, оның дамуына әсер ететін факторларының екі ірі тобын анықтауға болады: отандық экономиканың шикізатқа бағыттылығымен және өндіріс салаларының басымдылығы және шағын кәсіпкерлік қызметінің институционалдық-құқықтық негізі.

Бірінші фактор отандық экономиканың шикізатқа бағыттылығымен және өндіріс салаларының басымдылығымен шартталған. Қалыптасқан жағдайдың өзгеруі экономиканың салалық басымдылықтарының өнеркәсіптің өндіріс салаларынан өңдеу өндірісіне, соның ішінде жеңіл және тамақ өнеркәсібіне ығыстырылуымен шартталады, мұндағы шағын кәсіпорындар бәсеке қабілетті өнім өндіру бойынша потенциалы бар. Екінші фактор – шағын және орта кәсіпкерлік қызметінің институционалдық-құқықтық негізі. Институционалдық-құқықтық негіздің жетілмегендігі – салық салу, несиелендіру, шағын және орта кәсіпкерліктің мемлекеттік органдармен қарым-қатынасы саласындағы жалпыға мәлім мәселелер пайда болуының ең басты себебі [35].

Елдегі шағын және орта кәсіпкерліктің бүгінгі күнгі күйін талдау, шағын және орта кәсіпкерлік секторындағы экономикалық белсенділіктің төмендігі туралы мәлімдейді, бұл белсенді кәсіпорындар саны өсімінің қарқыны қысқаруында көрінеді. Мысалы, шағын және орта кәсіпкерліктің заңды тұлғаларының 1/3 бөлігіне жуығы (қызмет ететіндердің ішінен 40,21%) қызмет етпейді, олардың 1,73% жойылу сатысында, осы қатардағылардың 98,26% жайлы мәлімет жоқ, бұларды «сағым (мираж)» кәсіпорындар деп атайды. Осы жағдайда қалыптасқан тенденциялар сақталынып қалса, шағын кәсіпкерлік осы кезге шейін атқарған қызметтерін орындайтын жағдайды сақтай алмайды, сонымен қатар, кедейлік пен жұмысбастылық мәселелерінің шешімі де табылмайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2010 жылы 28-ақпанынан «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан халқына Жолдауында ҚР Үкіметіне іскерлік инициатива жолында туындайтын заңшығарушылық, әкімшілік және бюрократиялық кедергілер қай жерде және неліктен туындайтынын талдауды тапсырды [58].

Бүгінгі күнгі сатысында шағын кәсіпкерлік мәселелері кешенділігімен және көріну нысандарының көптүрлілігімен ерекшеленеді, алып қарасак, экономикалық (өнеркәсіп салаласында, оның ішінде агрошикізатты өңдейтін салада шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындарының жеткіліксіз дамуы); қаржылық (көптеген субъектілерде өздерінің инвестициялық және айналма-лы қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жеткілікті қаржы ресурстарының жоқтығы, несиелеудің жоғары пайыздық мөлшерлемесі, қайтарым мерзімінің аздығы); әкімшілік (бақылау-қадағалау органдары тарапынан тексерістің көптігі, лицензиялау, мүлікті тіркеу мәселелерінде мемлекет тарапынан шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін жоғары деңгейде реттеу); заңнамалық (тікелей емес қызметтегі актілер санының, көптеген заңасты актілердің бар болуы, кәсіпкерлікті, экспорт пен импортты жабудың қымбат әрі қиын процедурасы, заңнама актілер жүйесінің кеңдігінен кәсіпкерлікті жүргізу бойынша жоғары шығындар); инфрақұрылымдық (оқыту орталықтарының жетіспеушілігі және кәсіпкерлерді дайындау сапасының төмендігі, франчайзингті кеңінен тарату жеткіліксіз, ақпараттық қолдау, оның ішінде электронды байланыс құралының жетіспеушілігі); кадрлық (кәсіпкерлік негіздерін оқытуды қолдаудың әлсіз мемлекеттік жүйесі, кәсіпкерлікті жүргізу негіздері бойынша мамандарды даярлаудың жоғары сапасы жеткіліксіз, венчурлі кәсіпкерлік, менеджмент және инновация аумағында мамандар жетіспейді) және т.б. мәселелер қатары бар.

Кәсіпкерлік дамуы мәселелерін жіктеу нәтижесінде мәселелердің ішкі және сыртқы тобы бөлініп шығады: қазақстандық кәсіпкерлік бәсекеқабілеттілігінің өсімі мүмкіндіктерін тежейтін сыртқы мәселелер қатарына қаржы ресурстарына, жаңа технологияларға шектеулі қолжетімділік, сонымен қатар әкімшілік кедергілер, рұқсат алу процедуралары, салықтық жүктемелер жатады; отандық кәсіпкерліктің ішкі мәселелері қатарына кәсіпкерлік процестер, басқару және өндірістік персоналдың кәсіби қабілеттері өнімділігінің және тиімділігінің қажетті деңгейде болмауы.

Қазақстан дамуының басқа аспектілері сияқты кәсіпкерлік ортаға да сыртқы салыстырмалы бағалау жүргізіледі. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру» халқына жолдауында міндеттердің бірі ретінде кәсіпкерлікті кең көлемде мемлекеттік қолдауды іске асыру, шағын кәсіпкерліктің позициясын кеңейту және нығайту болып белгіленген [32]. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметі қызметтерінің басымды бағыттарының бірі елімізде шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау болып табылады. Жетекші халықаралық рейтингтерге қатысу ағымдағы жағдайды бағалауға, отандық экономиканы басқа елдердің экономикасымен салыстыруға мүмкіндік береді. Демек, рейтингтің жеке позициялары бойынша Қазақстан көрсеткіштерінің нашарлауы көптеген сұрақтарды тудырады, қанша дегенмен соңғы жылдары барлық реформалар инвестициялық ахуалды жандандыруға және кәсіпкерлікке әкімшілік қысымды азайтуға бағытталған. Әрине, бұндай едәуір кемшіліктердің болуы елдің рейтингісін есептейтін әдістеменің

болуынан деуге болады. Қалай болса да, рейтингтердің жеке позициялары бойынша Қазақстан көрсеткіштерінің төмендеуі ескертпе болып табылады.

Сауалнама көмегімен алынған мәліметтер мұқият зерттелуі керек, қалай дегенмен олар көп пайдалы ақпаратты беруі мүмкін, әсіресе төмен рейтингтер бақыланып жатқан позициялар бойынша. Қазақстан билігі үшін әлем елдерінің халықаралық рейтингтерінде республиканың алғашқы елуліктің қатарынан жыл өткен сайын алшақтай беруі «бәсекелестікке қабілетті елу елдің санатына ену» стратегиялық жоспарына ауыр соққы саналады. Қазақстандық сарапшылар да үздік елулікті көздейтін стратегияның бұрыстығын айтуда.

Дүниежүзілік Экономикалық Форум (әрі қарай ДЭФ) рейтингісі бойынша 2013 жылы кәсіпкерлікті жүргізу шарты бойынша Қазақстан 66-орында тұр. ДЖЭ-ның бағалауы бойынша кәсіпкерліктің тиімді дамуын ұстап тұрған себептерінің негізгілері: сыбайлас жемқорлық - 17%, жұмысшылардың біліктілікке сай келмеуі - 13%, салықты реттеу - 12% [38].

Жыл сайын жарияланып тұратын бұл рейтингті дайындау барысында Дүниежүзілік экономикалық форумының сарапшылары мемлекеттерді бағалағанда техникалық инновацияларды игеруіне, мемлекеттік сектор және бизнеске жоғарғы технологиялардың тартылу деңгейіне, жүйелі инфрақұрылымның деңгейіне, соның ішінде жеке және коммерциялық тұтынушылар ұсынатын ІТ сервистердің сапасы мен санына назар аударады. Дүниежүзілік Экономикалық Форум мамандарының пікірінше, бұған дейінгі көрсеткіштерін жақсарта алған мемлекеттердің басым бөлігі жүйелі инфрақұрылымның, сондай-ақ болашағы бар байланыс құралдарының есебінен жоғарғы нәтижеге жеткен. Сондай-ақ, ұйымның баяндамасында көптеген мемлекеттер, соңғы екі жылдың көлемінде, ақпараттық технологияларды енгізу арқылы білім сапасы мен деңгейін елеулі түрде көтергендігі атап көрсетілген.

«Forbes» журналында кәсіпкерлікті жүргізу оңайлылығы бойынша елдердің рейтингінде Қазақстан 2014 жылғы 71-орында тұр. Forbes бизнесті жүргізу үшін анағұрлым жағымды мемлекеттердің осындай рейтингтерін осымен 4-рет жариялап отыр. Басылымның айтуынша, тізімдегі орналасу тәртібі ЖІӨ-нің көлемі немесе жұмыссыздық деңгейіне ешқандай қатысы жоқ. Бастысы – инвесторларға толық ақпарат беру болып табылады. Журналдың нұсқасы бойынша бизнес үшін ең тартымды мемлекет – Дания. Екінші орында – АҚШ. Одан әрі Канада, Сингапур, Жаңа Зеландия, Ұлыбритания, Швеция, Австралия, Гонконг и Норвегия. Forbes бизнес үшін ең нашар мемлекет Зимбабве деп атады [40].

Посткеңестік мемлекеттердің рейтингі мүлдем өзгеше. Ресей осы рейтингте бір жылда 103-ші орыннан 86-ға төмендеді. Грузия - 64 орында, Азербайжан - 87, Қырғызстан - 90, Армения - 94, Украина - 97 орында, Таджикистан - 123 орынға орнықты. Нарықтық экономика жағдайында экономиканың тұрақты дамуы кәсіпкерліктің белсенділік деңгейіне тура тәуелді. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауында айтылғандай дамыған кәсіпкерлік сектор – кез-келген елдің экономикасының негізі болып табылады.

GEM (Кәсіпкерліктің ғаламдық мониторингі) жобасының шеңберінде көп жылдардан бері жүргізілген әлемнің 170-тен аса ғалымдарының зерттеулері шағын және орта кәсіпкерліктің экономикалық өсуге үлкен ықпал ететіндігін дәлелдеді. Сонымен қатар, кәсіпкерліктің белсенділік деңгейіне әсер ететін кейбір ортақ факторлар қатарына әрбір жеке мемлекеттегі нақты жағдайларға байланысты шағын және орта кәсіпкерліктің даму әдістері айтарлықтай өзгеше болатындығын анықтады [41]. GEM (Кәсіпкерліктің ғаламдық мониторингі) зерттеулерін талдау нәтижелері бойынша елде шағын және орта кәсіпкерлік белсенділігін ұстап тұратын негізгі себептерді бөлуге болады: мемлекеттік саясат бастап келе жатқан инновациялық кәсіпкерліктің «нүктелі» қолдауын қамсыздандырмайды, ал салық саясаты жылдам өсудегі кәсіпкерліктің басты тежеуіші болып табылады, әйткенмен іске асырудың көлемін 26 млн. теңгеге дейін көтергенде, ҚҚС бойынша есепке қою қажеттілігі туындайды: инновациялық инфрақұрылымды құру бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдап жатқан барлық шараларға қарамастан, оның қатысуымен құрылған технопарктер, кәсіпкерлік-инкубаторлар, маркетинг орталықтары, технология трансферті және т.б. ойлап шығарушыларға өз идеяларын іске асыруға, ал кәсіпкерлерге өнімдері іске асырылған соң сұранысқа ие болатын инновациялық жобаларды табуға және таңдауға тәжірибелік көмек көрсетпейді [22]; әсіресе, өздері кәсіпкерлікпен айналысатын сарапшылардың қамы жылдам өсудегі кәсіпкерлікті рейдерлік топтармен заңсыз күшпен алу фактілері тудырады, олардың қызметі құқық қорғау органдарымен байланысты емес; орта мектепте оқытылған жалпы білім беру пәндерінің көпшілік бөлігін оқу жоспарынан алып тастап, колледждер мен жоғарғы оқу орындарының оқу бағдарламаларын қайта қарау қажет. Бұл арнайы пәндердің санын арттыруға және тәжірибелік сабақтарға басты назар аударуға мүмкіндік береді. Барлық ірі университеттердің жанынан кәсіпкерлік-инкубаторларды құру туралы мәселені қарастыру қажет, онда білімгерлер жұмыс істей отырып, кәсіпкерлік дағдыларын үйренер еді, ал қалағандары оқу барысында өзінің инновациялық кәсіпкерлігін құруларына болады; Қазақстандық кәсіпкерлік-білім жүйесі көбінесе кәсіпкерлік жүргізу мен басқару қызметінде практикалық тәжірибесі бар адамдарға бағытталған, ал бұл уақытта батыс мектептері мектеп түлектерімен жұмыс істеп жатады. Бұл жылдам өсудегі инновациялық кәсіпкерлікті құру үдерісін ұстап тұрады, тәжірибе көрсеткендей негізінде жоғары білімді жас адамдар құрады; біздің еліміздегі кәсіпкерліктің дамуын рынокта арзан және контрафактілі тауарлардың басым болуы, негізінде Қытай мен Кореядан әкелінетін тауарлардың сапасы отандықтан асып түспейді. Осы себептен импорт алмастыру бағдарламсын іске асыру әрекеті болмай қалды. Осылай ірі кәсіпорындар жергілікті кәсіпкерлерде емес, керісінше шетелде дайындалатын шикізатты сатып алуды жөн көреді. Сондықтан да, төмен сапалы өнімге баж салығын енгізуді және контрафактілі тауарларды әкелуге бөгет жасауды ұсынады [41].

Дүниежүзлік банктің «Doing Business» бизнесті жүргізу жеңілдігі туралы 2009 жылдың қыркүйек айында 2012-2014 жылға арналған «Бизнес жүргізудің

оңайлылығы» бойынша есеп беруі жарияланды. ҚР бірнеше жыл қатарынан бизнесті жүргізудің жалпы рейтингісінде айтарлықтай жоғарғы позицияны алып келе жатыр. ҚР-сы 14 жылыдың рейтингісінде былтырғы жылмен салыстырғанда 10 позицияға жоғарлап 180 елдің арасында 70 орынға орнықты. ҚР-сы Шығыс Еуропамен Орталық Азия елдерінің арасында (25 елдің ішінде 12 орында) ортанғы орында орналасқан. «Меншікті тіркеу» рейтингі бойынша еліміз 52 позицияға (25 орын) жақсарып, айтарлықтай жағымды нәтижеге жетті. Сонымен қатар «Несие алу» 43 орында (18 позицияға жақсарған) бұл рейтинг бойынша да өсу динамикасы байқалады. «Келісім шарттың орындалуын қамтамасыз ету» (28-ші орын) және «Жұмыс күшін жалдау» (29-шы орын) бойынша нәтижесінің тұрақтылығы байқалады. «Инвесторларды қорғау» мен «Салық салу» бойынша 50 елдің қатарына еніп, қатысты түрде жаман емес. Осы рейтинг бойынша Қазақстанның ахуалын көрсететін осы алты индикатор бойынша орташа рейтинг 38 құрады [38].

Кейбір индикаторлар бойынша өзгеріс болған жоқ немесе рейтингі төмендеді. Мысалы, 2013 жыл үкіметтің жүргізген «Құрылысқа рұқсат алу» реформалары Дүниежүзлік Банктің респонденттері оларды анкетада көрсетпегендігіне және соның негізінде рейтингі 175 орынға есептелгеніне қарағанда 2014 жылдың рейтингісінде өз көрінісін таппады. Қазақстан «Бизнесті жабу» индикаторы бойынша 100 орында, ал «Бизнесті ашу» 17 позицияға төмендеп 78 орынға орнықты. Осы үш индикатор бойынша орташа есеппен 130 орында (Кесте 12). Осы рейтинг бизнес жүргізу жеңілдігі дәрежесін сипаттайтын негізгі 10 индикатордан тұрады. "Doing Business" рейтингін есептеу бизнес өкілдеріне сұрау салу нәтижелері негізінде жүргізіледі.

Кесте 12 - Қазақстанның 2012-2014 жылдардағы "Doing Business" нәтижелері бойынша ұстанымы

	Көрсеткіштердің мазмұны	2013 жылы жарияланған бизнесті енгізу рейтингі	2012 жылы жарияланған бизнесті енгізу рейтингі	Ауытқуы
	Қазақстан	70	80	+10
1	Кәсіпорындардың тіркелуі	78	61	-17
2	Құрылыс салуға рұқсат алу	175	176	+1
3	Жұмыс күшін жалдау	29	23	-6
4	Меншікті тіркеу	25	77	+52
5	Несие алу	43	61	+18
6	Инвесторларды қорғау	53	49	-4
7	Салық салу	49	47	-2
8	Халықаралық сауда	180	181	+1
9	Келісім шарттың орындалуын қамтамасыз ету	28	28	0
10	Кәсіпорындарды тарату	100	103	+3
Ескерту - Дүниежүзілік Банк мәліметтері негізінде автор құрастырылған [42]				

Осы кестені енді тереңірек әр көрсеткішті шетелдік тәжірибемен Қазақстан Республикасының көрсеткіштерін көрсеті, талқылайық (13-кесте) .

Кесте 13 - ҚР-ның 2015 жылғы көрсеткіштер бойынша шет мемлекеттермен салыстырылымы.

Кәсіпорындарды тіркеу					
Елдер	Рейтинг	Процедуралар	Мерзімі (күн)	Шығындар (%)	Минимальды капитал (%)
Жаңа Зеландия	1	1	1	0,4	0,0
Қазақстан	78	8	21	5,2	15,9
Құрлыс салуға рұқсат алу					
Елдер	Рейтинг	Процедуралар	Мерзімі (күн)	Шығындар (%)	
Сент-Винсент және Гренадины	1	11	74	26,8	
Қазақстан	175	38	231	1431,8	
Меншікті тіркеу					
Елдер	Рейтинг	Процедуралар	Мерзімі (күн)	Шығындар (% мүліктің құнынан)	
Сауд Арабиясы	1	2	2	0,0	
Қазақстан	25	4	40	0,1	
Салық салу					
Елдер	Рейтинг	Төлемдер	Уақыты (сағат)	Салық ауыртпалығы (пайдадан %)	
Мальдивы	1	1	0	9,1	
Қазақстан	49	13	271	36,4	
Халықаралық сауда					
Елдер	Рейтинг	Құжаттар(экспорт/импорт)	Мерзімі(күн;экспорт/импорт)	Контейнерд құны (USD; экспорт/импорт)	
Сингапур	1	4/4	5/3	456/439	
Қазақстан	180	11/13	89/76	3005/3055	
Келісім-шарттың орындалуын қамтамасыз ету					
Елдер	Рейтинг	Процедуралар	Мерзімі (күн)	Соттық ұсталымдар (шағым құнынан %)	
Гонконг	1	24	211	13,5	
Қазақстан	28	38	230	22,0	
Кәсіпорынды тарату (банкрот)					
Елдер	Рейтинг	Өндіріп алу коэффициенті (АҚШ-тың долларына шаққандағы цент)	Мерзімі (жыл)	Құны (%)	
Жапония	1	92,5	0,6	4,0	
Қазақстан	100	25,3	3,3	18,0	
Ескерту - Дүниежүзілік Банк мәліметтері негізінде автор құрастырылған [39]					

Көрсетілген кесте бойынша, кәсіпорындарды тіркеу: Процедураларды қысқарту, жарғылық капиталдың талаптарын азайту немесе жою, бір терезеден тіркеу, қажетті құжаттар санын қысқарту, кәсіпорынның электрондық тіркеу мүмкіншілігі. Әлемдік көшбасшы – Жаңа Зеландия.

Құрлыс салуға рұқсат алу: рұқсат санын азайту, процедуралармен тексеріс қатарын алып тастау, рұқсат алуға кететін шығынын жалпы көлемін азайту.

Меншікті тіркеу: тіркеуді тездету, мүлікті тіркеудегі мерзімдік шығындар процедураларын қысқарту. Әлемдік көшбасшы – Сауд Арабиясы.

Салық салу: жалпы салық ауыртпалығын қысқарту, салық төлеуге қатысты мерзімі мен салықтық әкімшілікті жеңілдету. Әлемдік көшбасшы – Мальдивы.

Халықаралық сауда: импорттық–экспорттық операцияларының жүргізілуінің мерзімін, құнын және құжатайналымын қысқырту. Әлемдік көшбасшы – Сингапур.

Келісім-шарттың орындалуын қамтамасыз ету: сотқа шағым түсіру сәттен бастап төлемнің жүзеге асырылуына дейінгі – соттың араласуына кеткен уақытты, шығынды және процедураларды қысқарту есебінен келісім-шарттың шарттарын сақтау бойынша мәжбүрлеу шаралырының тиімділігін арттыру. Әлемдік көшбасшы – Гонконг.

Кәсіпорынды тарату (банкрот): банкрот болу процедураларына қатысты қаржылық және мерзімдік шығындарды қысқарту. Төлем қабілеті жоқ фирмалардың қарыздарын өндіріп алу деңгейін деңгейін максимальды түрде қамтамасыз ету. Әлемдік көшбасшы – Жапония.

Заңнамалардың сапасын жақсарту, еңбек нарығының икемділігін қамтамасыз ету, инвесторлар мен несие берушілердің құқығын төмендегі бағыттар бойынша қорғау:

Жұмыс күшін жалдау бойынша: нарықсыз тұрақсыз жағдайындағы еңбек нарығының икемділігін арттыру, жұмысшыларды жалдау және орнынан босату жағдайларын жеңілдету. Әлемдік көшбасшы – АҚШ. Ал, Қазақстан – 29–шы орында.

Несие алу бойынша: арнайы несиелік банктердің мәліметтерін (бюро) дамыту арқалы несие берушілер үшін (ең алдымен банктер) ықтимал займшылар бойынша қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету. Шағын және орта бизнес үшін қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету мақсатында несие берушілердің құқықтарын күшейту. Әлемдік көшбасшы – Малайзия. Ал, Қазақстан – 43–ші орында.

Инвесторларды қорғау бойынша: ұсақ акционерлердің құқықтарын қорғауды күшейту, сонымен қатар осы құқықтар бұзылған жағдайда акционерлік қоғам басшылықтарының жауапкершілігін жоғарлату. Келісім-шартқа басшылар жағынан туындайтын қызығушылықтармен қатысты ақпараттың толыққанды және уақытылы болуын қамтамасыз ету. Инвестицияны диверсификациялау және тарту. Әлемдік көшбасшы – Жаңа Зеландия. Ал, Қазақстан – 53–ші орын. [60].

Қазіргі уақытта Үкіметтің кәсіпкерлікті және бизнес ортаны жақсарту бойынша жұмысы жандандырылуда. 2013 жылғы наурыздан бастап шағын және орта бизнес субъектілерінің тиімді дамуына әсер ететін мәселелердің барлық аясын қамтитын Шағын және орта бизнес үшін әкімшілік кедергілерді жою және бизнес ахуалды жақсарту жөніндегі комиссия қызмет етеді.

2013 жылы Комиссия елдегі бизнес ортаны жақсарту және әкімшілік кедергілерді жоюға бағытталған Үкіметтің 14 қаулысын және бірқатар ведомство актілері қабылданды.

Қазақстан кәсіпкерлікті қолдаудың жеті бағыты бойынша реформаларды белсенді түрде жүргізуде. Бизнес үшін «Doing Business» шеңберіндегі реформалардың пайдасы - әкімшілік процедуралардың бағасы мен мерзімін қысқарту, заңнамаларды жақсарту. Дүниежүзілік Банк кәсіпкерлікті қолдау мақсатында, әсіресе, шағын және орта бизнесті, сонымен қатар жаһандық экономикалық дағдарыс салдарын жұмсарту үшін Қазақстанда бизнес жүргізуге жағдайды жақсарту керек. Бизнесті жүргізу саласындағы реформаларға техникалық көмек Департаментінде қызмет жасайтын Дүниежүзілік Банктің сарапшы тобы ҚР-сы Үкіметтің кәсіпкерлікті жүргізу үшін жағдайларды жетілдіру бойынша жасалған күш салуына дұрыс баға беріп отыр. Олардың талдаулары «Doing Business» Баяндамасында ұсынылды. Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы Өкілеттілігі, бизнесті жүргізу саласындағы реформалар бойынша сарапшы топ, сонымен қатар сауда және логистика бойынша Халықаралық қаржы корпорациясының бөлімшесі қабылданған реформаға баға беруде және Үкіметпен Қазақстандағы кәсіпкерлік жағдайын жетілдіру бойынша алдағы уақытта жасалатын қадамдарды талқылауда [38].

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаевтың басшылығымен Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингіндегі Қазақстанның ұстанымын жақсарту жөнінде арнайы құрылған жұмыс тобы жұмысын бастады.

Аталған Жұмыс тобының жұмысы шеңберінде мүдделі мемлекеттік органдардың, бизнес құрылымдардың және USAID жобаларының өкілдері құрамынан 5 сарапшы топ құрылды. Жұмыс кәсіпорынды ашу, құрылыс салуға рұқсат алу, меншікті тіркеу, несие алу, инвесторларды қорғау, халықаралық сауда, кәсіпорындарды жою сияқты рейтингтің 7 көрсеткішін жақсарту бойынша жүргізілуде.

Бизнес ортаны жақсарту бойынша USAID жобасының рөлі – бизнеске және үкіметтік серіктестерге ақпараттық, ұйымдастырушылық, сараптамалық және әдістемелік қолдау көрсетту. Бұхаралық ақпарат құралдары мен жергілікті сараптамалық қоғамдастықтарды белседі түрде іске қосу [85].

Реформалар жүйелі түрде жаңа кәсіпорындарды тіркеу саласында да жүргізілуде. Жаңа бизнесті тіркеу үрдісін айтарлықтай жеңілдететін «бір терезеден» қағидасы бойынша әрекет ететін Халыққа қызмет көрсету орталығы (ХҚКО) бар күштерін салып жұмыс жасай бастады. Жылжымайтын мүліктің берілуіне келсек жалпы ел үшін бірыңғай схема бойынша нотариалды баж салығын бір жүйеге келтіру және төмендету күтілуде. Банкротқа ұшыраған

кәсіпорындарды жабу тәртібі бойынша қосымша шаралар қабылдануда. Несие ресурстарының жетіспеушілігі, әсіресе, шағын және орта бизнеске әсер ететін жағымсыз салдарларын жұмсартатын несие алушылардың құқықтарын нығайту және несие ақпараттарының сапасын көтеру мақсаты бойынша жұмыстарға күш салынуда. Қазіргі уақытта бизнесті жүргізу жағдайын жақсарту үшін қабылданған жаңа заңдар немесе әрекет етуші заңдарға енгізілген өзгерістер тез арада қолданысқа енуін қамтамасыз ету өте маңызды. Ол үшін Үкімет тарапынан да, іскерлік қоғамдардың тарапынан да қосымша күш-жігерлерін салуды талап етеді.

Дүниежүзлік Банктің «Doing Business-2015» рейтингінде Қазақстан кәсіпкерлікті жүргізу бойынша бір сатыға жоғарлап 63-шы орынға орнықты. Сарапшылардың пікірінше, Қазақстандағы маңызды реформаның бірі бизнесті жүргізуді оңайлатуға жағдай жасаған кәсіпорындарға салық ауыртпалығын азайту болып табылды. Жалпы алғанда, пайдаға салынатын салық қойылымының жиынтығы 41,7 пайыздан 35,9 пайызға төмендеді. Сонымен қатар, сарапшылардың айтуынша Қазақстанда құрлыс салуға рұқсат алу рәсімі оңайлатылды. Электржелісіне жаңадан қосылуға төлем туралы талап алынып тасталды, топографиялық өлшем құны төмендетілді. Құжаттарға қойылатын талаптарды оңайлату жолы арқылы кәсіпорынды қалыптастыру жеңілдетілді және жергілікті салық органдарда тіркелу туралы талаптар жойылды.

Яғни, үкімет іскерлік жағдайды жақсартуға үлкен мән беріп отыр. Дүниежүзілік банкінің рейтингінде посткеңестік мемлекеттердің арасынан ең жоғарғы орынды Грузия (11 орын), Азербайжан 38-ші орын, Қырғызстан 41-ші орынды, Армения - 43, Белоруссия - 58, Молдова – 94. Ресей 120-шы орынды, Украина - 142, Өзбекстан - 150, Тәжікстан – 152 - орында тұр [38].

Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингіндегі Қазақстанның 2008-2015 жылдарға арналған ұсатанымын арттыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Бизнес ортаны жақсарту (BEI) мен Сауданы ырықтандыру және кедендік реформа (RTLС) USAID жобаларының бірлескен іс-қимыл жоспары іске асырылуда.

Жұмыс ауқымын бағалай отыра, Жоспар үш жылға есептелген және Қазақстанның айтылмыш рейтингтегі орнын жақсартуға бағытталған қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді және жалпы жүйелік шаралардан құралады.

Алғашқыда шарттардың жақсаруы бойынша жұмыс қысқа мерзімді шаралар шегінде (2014 жылдың сәуіріне дейін) мынадай индикаторлар рейтингі бойынша бағаланып жоспарланады: кәсіпорын ашу; құрылыс жүргізуге рұқсат алу; меншікті тіркеу; несие алу; инвесторларды қорғау; халықаралық сауда; кәсіпорынды жою.

Бұдан әрі жұмыс келісімнің орындалуын қамтамасыз ету және жұмыс күшін жалдау индикаторлары бойынша жүргізіледі.

Жоғарыда көрсетілген индикаторлардың рейтингісі бойынша ие болып отырған деңгейді жоғарылату үшін әкімшілік кедергілерді төмендету мәселелері және Қазақстандағы бизнес ортаның дамуының жағдайын жақсарту жұмысы қолданыстағы заңнаманы түзетуді көздейді. Сол үшін, 2013 жылдың

13 желтоқсанында әкімшілік кедергілерді жою мен шағын және орта бизнес үшін бизнес-ортаның дамуын жақсарту комиссиясының шешімімен нормативтік құқықтық актілерге түзету бойынша Бүкіләлемдік Банктің «Doing Business» рейтингісіндегі Қазақстанның ұстанымын арттыру шеңберіндегі Жоспар-Кесте мақұлданды.

Жоспар-Кесте өзіне Бүкіләлемдік Банктің «Doing Business» рейтингісіндегі 5 индикатор бойынша 21 нормативтік-құқықтық актілерді және 2 жаңа зерттемені енгізетін 10 шарадан тұрады [39].

Көрсетілген әдістер дәл осындай Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қаңтардағы №6 қаулысымен қабылданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Ұлттық Банктің, Экономика мен қаржы жүйесін тұрақтандыру бойынша Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің 2014-2015 жж. арналған бірлескен іс-шаралар жоспарында көрініс тапты.

Жалпы жүйелік шаралар шеңберінде берілген бағытта қабылданатын шараларды айқындау бойынша ақпараттық-насихаттау жұмыстары жүргізіледі; бейне-конференциялар, Вашингтон қаласындағы Бүкіләлемдік Банктің бас кеңсесімен телефон арқылы сөйлесу түрінде кеңес берулер жүзеге асырылады.

Бизнесті жүргізу рәсімдерін өтудің құны мен уақытын қысқартуға бағытталған 2013-2015 жылдарға арналған «Doing business» рейтингінде Қазақстанның ұстанымын арттыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Бизнес ортаны жақсарту (BEI) және сауданы ырықтандыру мен кедендік реформа (RTLC) бойынша USAID жобаларымен бірлескен іс-қимыл жоспарының (бұда әрі – Бірлескен іс-қимыл жоспары) бірінші кезеңі аяқталып келеді [44].

Бірлескен іс-қимыл жоспарының орындалуын нақтылау мақсатында нормативтік-құқықтық актілерді түзету бойынша Жоспар-Кесте қабылданып, оның шеңберінде Дүниежүзілік Банк «Doing Business» рейтингісінің «Халықаралық сауда» индикаторын жақсарту жөнінде арнайы құрылған сарапшы топ келесі жұмыстарды атқарды:

- «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 16 қаңтарда Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 13 қаулысы қабылданды. Бұл құжат сертификаттау жұмыстарын жүргізу туралы сәйкестікті растау бойынша органның өтінішті қарау мен шешім қабылдау мерзімін заңды тұлғалар үшін 3 күнге, жеке тұлғалар үшін 1 күнге дейін қысқартты;

- «Санитарлық-эпидемиологиялық сараптауды өткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 14 қарашадағы N 841 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 657 бұйрығы шықты, ол азық-түлік өнімдерін санитарлық-эпидемиологиялық сараптаудан өткізу мерзімін 10 күнге дейін қысқартты, өнімді сараптаудан өткізу үшін қажетті құжаттардың тізімін бекітеді және өнімнің санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысының әрекет ету мерзімін ресімдеді;

- Азық-түлік өнімдерін әкелу (импорттау) және әкету (экспорттау) кезінде санитарлық-эпидемиологиялық сараптауды өткізу мен сараптау актілерін көп дегенде 5 күнде берудеді көздейтін «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін айқындау бойынша оларға ветеринарлық-санитарлық сараптама жүргізу Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 1 сәуірдегі № 199 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 19 ақпандағы № 93 және «Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне диагностика немесе ветеринариялық-санитарлық сараптау нәтижесінде ветеринариялық зертханалардың сараптау актісін беру туралы Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2002 жылғы 4 желтоқсандағы № 399 бұйрығына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 19 ақпандағы № 92 бұйрықтары қабылданды.

Әлем елдерінде мемлекеттік басқару сапасы туралы Дүниежүзілік Банктің есеп берулерінде Қазақстан барлық көрсеткіштер бойынша, соның ішінде заң шығару сапасы бойынша төмен рейтингке ие болды. Бұдан біздің елде жеке сектордың дамуына қолдау жасайтын Үкіметтің рационалдық саясатты және құқықтық актілерді қалыптастыру және жүзеге асыру мүмкіндігі өте төмен деуге болады [40]. Бұдан басқа, қазақстандық кәсіпкерліктің жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізу мен қолдануда, отандық кәсіпорындардың экспорттық бағыттылығын дамытуда мәселелер әлі де қалып отыр.

Осылайша, елдің алатын орнының нығаюына қарамастан, отандық кәсіпкерлік ортаның сыртқы бағалауы айтарлықтай жоғары бағаға ие емес, бірақ, жалпылай алғанда ел позициясының жақсаруын сипаттайды.

Білім сапасын тексеруге арналған сұрақтар:

1. Жұмыспен қамтылу проблемасын шағын және орта бизнес қалай шешеді?
2. Шағын және орта бизнесіне көрсетілетін көмек қалай жүзеге асырылады?
3. USAID (Халықаралық даму бойынша Американдық агентігі) жобасы қалай жүзеге асырылады?
4. Банк жүйесі шағын және орта бизнесіне қосатын үлесі қандай?
5. Шағын және орта бизнестің рейтингі немен сипатталады?
6. Шағын және орта бизнесте ақша реформасы қалай жүзеге асырылады?


Тапсырмалар:

1. Компаудинг және дисконттау дегеніміз не?
2. Командалық жұмыс: кәсіпорын идеяларын бизнес идеяларды бағалау
3. Өндірісітік кәсіпкерліктің дамуы қалай жүзеге асырылады?
4. Еңбек кодексінің мақсаттары мен міндеттер.
5. Бизнес план құрастыру (кәсіпорын мысалында).

3 БӨЛІМ ҚАЗАҚСТАНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПОРЫНДАР ДАМУЫН БАСҚАРУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

3.1 Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау мен реттеуді жетілдіру жолдары

Қоғамдағы әлеуметтік дағдарысты кәсіпкерлер тобын қалыптастырмай жою қиын. Дүниежүзінің тәжірибесі бұл ақиқатты дәлелдеді. Кәсіпкерлер еркін экономикада гүлдене алғанда ғана әлеуметтік-экономикалық, саяси тұрақтылық жайында сеніммен айтуға болады. Әрбір кәсіпкер өз ісін бастау үшін мемлекет тарапынан бірдей дәрежеде жәрдем алуға құқықты. Ал, мемлекет әрбір кәсіпкермен қарым-қатынас жасап, қолдау мақсатында тиісті салық құрылымдарын орнықтарды. Осыған орай ғалымдар шағын және орта бизнес нысандарын дамытудағы ұйымдастарушылық, өндірістік, құқықтық, қаржылық және экономикалық қарым-қатынастардың мынандай кестесін ұсынады (10-сурет):



Ескерту – Мәліметтер негізінде автормен құрастырылған[16]
Сурет 10 - Шағын кәсіпкерлік нысандарын дамытудағы ұйымдастырушылық өндірістік қарым-қатынастарды кеңейтілген кестесі.

Қазақстанның танымал экономист-ғалымдары шағын және орта кәсіпкерлік мәселелерін терең қарастырғанда, оның өтпелі экономикадағы маңызын белгілеп берді, олар: тұтынушылық тауарлар мен қызметтер түрлерін көбейту және өндіріс көлемін ұлғайту; халыққа қажет тауарлар мен қызметтердің өндірісін шұғыл ұйымдастыру; экономиканың мемлекеттік секторының тиімсіз өндірісін (аз шығарылатын өнім түрі) қолға алып, өнім шығару және осының есебінен ірі кәсіпорындар қызметінің тиімділігін арттыру; қосымша әрі көмекші өндірісті жандандыру; нарық сұранысына ыңғайлы және шұғыл жұмыс істейтін өнім түрлерін шығару арқылы қоғамдық өндірістің көлемін ұлғайтып, халықтың әл-ауқатының артуына ықпал ету; жаппай жұмыссыздықты ауыздықтауға көмектесу; экономикадағы бәсекелестікті дамыту және т.б. [17].

Сонымен қатар, шағын және орта бизнесті ҚР – да дамытудың бірден-бір жолы – бұл салааралық шағын кәсіпорындар құру, аймақтақ-салалық құрылымды жетілдіруде олардың арасындағы сапалы үйлестіру жұмыстарын ұйымдастыру, шағын және орта бизнесті дамыту көрсеткіштерін қалыптастыру, көп деңгейлі шағын кәсіпкерлік пен бизнесті дамытуды жеделдету шараларын жүргізу.

Шағын және орта бизнесті қолдауда кешендік көзқарастың қажеттілігі ұзақмерзімдік тұрақтылықтың кепілі бола алады. Әрбір кәсіпкердің іс-әрекеті мен жағдайы әрқалай болғанымен, мемлекеттік қолдау мен реттеуде әлеуметтік принципі орнығуы тиіс. Шағын және орта бизнесті өзінің дамуына байланысты алғышарттар мен мүмкіндіктерге қарай ырғақты дами отырып, әрдайым мемлекет тарапынан қолдауға мұқтаж.

Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау жүйесінің құрылымы үш деңгейде қалыптасатынының барлығына мәлім (республикалық деңгей, аймақтың деңгей, жергілікті деңгей). Республикалық деңгейдегі қолдау құрылымдары құқықтық-нормативтік және әдістемелік көмек көрсетіп қана қоймай, аймақтық және жергілікті деңгейдегі қолдау құрылымдарына тікелей қаржылар аудару арқылы да жәрдемдесуге тиіс.

Республикамызда шағын және орта бизнесті дамыту үшін мынандай шараларды жүргізу керек:

- салық салу базасын жетілдіру;
- салықтың түрлерін анықтауға қатысты салық заңдарына өзгерістер енгізу;
- қаржы операцияларын жүргізуге мұрындық болатын салық ставкаларын азайту және соған сәйкес тиісті салықты төлеуді жетілдіру;
- несиелендіру мерзімдерін ұзарту және аймақтық мәні зор шағын өндірістік кәсіпорындар үшін пайыздық ставкаларды төмендету арқылы отандық өндірістерді ыңдаландыру және сапасы төмен арзан қолды тауарларды тасып әкелуге тосқауыл қою [44];
- шағын бизнесті несиелендіру механизмдерін жетілдіру үшін лизингтік несиелерді, венчурлық қаржыландыру, факторинг, сонымен бірге, кепілдік қорларды құру және өзара несиелендіру қалыптастыру жолдары. Әрбір деңгей өзіндік жүйе құрып, үш топқа бөлінеді:

а) концептуальды-бағдарламалық топ шағын және орта бизнесті қолдаудың мақсаттарын, әдістерін, принциптерін, тұжырымдамалары мен бағдарламаларын қамтиды.

ә) ұйымдық-ресурстық топ шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың арнайы мемлекеттік басқару органдары мен қоғамдық бірлестіктерін, сондай-ақ, тиісті ресурстармен және мамандармен қамтамасыз етілген инфрақұрылым нысандарын біріктірді.

б) функционалдық топ шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жүйесінің негізгі бағыттарын қарастырады. Басқаша айтқанда, бұл:

- шағын және орта бизнестің сыртқы ортасының факторларын басқару;
- жекелеген шағын және орта кәсіпорындарды тікелей қолдау;
- қолдау жүйесінің ұйымдастырылуы мен жетілдірілуі.

Шағын және орта бизнесті дамытудың құқықтық шарттарын жетілдіруде кәсіпкерлердің құқығын қорғау жөнінде заңдарды түсіндіретін аймақтарда арнайы семинарлар жүргізу, кәсіпкерлер арасында анкета жүргізу, фермерлер, шағын бизнес өнімдері, шаруашылық субъектілерінің басшылары үшін еңбек туралы монополияға қарсы заңдар жөнінде түсініктемелер беруді ұйымдастыру қажет.

Қазақстанның танымал экономист-ғалымдары шағын және орта кәсіпкерлік мәселелерін терең қарастырғанда, оның өтпелі экономикадағы маңызын белгілеп берді, олар: тұтынушылық тауарлар мен қызметтер түрлерін көбейту және өндіріс көлемін ұлғайту; халыққа қажет тауарлар мен қызметтердің өндірісін шұғыл ұйымдастыру; экономиканың мемлекеттік секторының тиімсіз өндірісін (аз шығарылатын өнім түрі) қолға алып, өнім шығару және осының есебінен ірі кәсіпорындар қызметінің тиімділігін арттыру; қосымша әрі көмекші өндірісті жандандыру; нарық сұранысына ыңғайлы және шұғыл жұмыс істейтін өнім түрлерін шығару арқылы қоғамдық өндірістің көлемін ұлғайтып, халықтың әл-ауқатының артуына ықпал ету; жаппай жұмыссыздықты ауыздықтауға көмектесу; экономикадағы бәсекелестікті дамыту және т.б. [51]

Сонымен қатар, менің ойымша, шағын және орта кәсіпкерлік пен бизнесті Қазақстанда дамытудың бірден-бір жолы – бұл салааралық шағын және орта кәсіпорындар құру, аймақтық-салалық құрылымды жетілдіруде олардың арасындағы сапалы үйлестіру жұмыстарын ұйымдастыру, шағын және орта бизнесті дамыту көрсеткіштерін қалыптастыру, көп деңгейлі шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды жеделдету шараларын жүргізу.

Шағын және орта бизнесті ақпараттармен және мамандармен қамтамасыз ету үшін бизнес негіздерін жастарға үйрету, ақпараттармен және мамандармен қамтамасыз ету үшін бизнес негіздерін жастарға үйрету, ақпараттық-түсіндірме және әдіснамалық көмек көрсету, шағын және орта бизнесті тіркеу, қаржыландыру және салық салу курстарын бизнес инкубаторларда ұйымдастыру өз жалғасын табуы керек.

Шағын және орта бизнесті қолдаудың инфрақұрылымын дамытуда өнеркәсіпте, саудада, құрылыста, көлік шаруашылығында, жалпы алғанда

экономиканың барлық секторларын жандандыру, халықтың қолөнері, туризмді дамыту шараларын әзірлеу және жүзеге асыру маңызды орында болуы тиіс.

Импорт алмастыру бағдарламасына сәйкес кәсіпорынның босаған алаңдарында шағын кәсіпорындарды орналастыру арқылы тауарлардың жаңа түрлерін өндіру жөнінде ұсыныстар кәсіпорын бағдарламасына енгізілуі тиіс:

1. Шағын және орта бизнесті сыртқы ортасының факторларын басқару дегеніміз – шағын кәсіпорынның қызметіне аса қажетті сыртқы ортаның жаңа элементтерін (мысалы, ірі және шағын бизнес арасындағы кооперациялық байланыстар жүйесі) құрып, бүгінгі күнге дейін қалыптасқан факторларының озығын жетілдіру және келеңсіздеріне тосқауыл қою.

2. Жекелеген шағын кәсіпорындарға тікелей қолдау көрсету – арнайы инфрақұрылымдардың көмегімен жүзеге асырылады. Атап айтқанда: қаржылық институттар (шағын кәсіпкерлікті қолдау қорлары, арнайы банктер, қаржы сақтандыру қорлары); лизинг компаниялары; бизнес-инкубаторлар, технопарктер, өнеркәсіп компаниялары және т.б.; шағын кәсіпкерлікті дамытудың агенттіктері мен орталықтары; технологияларды тарату орталықтары; ақпараттық қамтамасыз ету қызметтері; оқу орталықтары бухгалтерлік, аудиторлық, жарнамалық, маркетингтік, көлік және басқа да қызметтер көрсету жөніндегі арнайы фирмалар, мамандар таңдауға жәрдемдесетін агенттіктер [7].

3. Қолдау жүйесінің ұйымдастырылуы мен жетілдірілуі – қолдау көрсетудің нақты стратегиялық бағыттарын анықтаумен тығыз байланысты. Қолдау жүйесін ұйымдастыруда мемлекеттік бақылау құрылымдары мен олардың қызметіне бақылау жасаудың тәртібін белгілеп алудың бағыттарын ырғақты дамыту арқылы кең қанатты интеграциялық өркендеуге қол жеткізуге әбден болады.

Мемлекеттік қолдаудың бүгінгі күнге дейінгі жүйесіз іс-әрекеті шағын бизнес нысандарының жабылуын жылдамдатты. Шағын кәсіпорындардың өмір сүру мерзімінің қысқа болуына әсер етуші факторлар: қаржының жетіспеушілігі; ресурс қорының әлсіздігі; салық қысымдары; қылмыстық құрылымдардың қысымы; әкімшілік кедергілердің көптігі; заң құжаттарының жетілдірілмеуі; тауар өткізу нарығының тарылуы; монополияның қысымы.

Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі мақсаты – олардың әлеуметтік экономикалық қызметін тиімді атқаруына мүмкіндіктер жасап, өмір сүру мерзімінің неғұрлым ұзаруына ықпал ету. Ол үшін мемлекеттік қолдаудың бағыттары бойынша бірнеше нақты шараларды іске асыру қажет. Бірінші шара - шағын және орта бизнестің мүдделерін қорғайтын салық реформасын жасау керек, атап айтқанда, біріншіден, экономиканың бұл секторына мемлекет тарапынан таза фискальдық көзқарасты өзгерту; екіншіден, тиімді инвестициялар тарту үшін салық жеңілдіктерін енгізу. Мемлекет кәсіпкерлерді қылмыстық құрылымдардан қорғауы тиіс. Сонымен қатар, кәсіпкерлер өздерінің қоғамдық ұйымдарын мемлекеттік, аймақтық, жергілікті деңгейлерде құрып, өз-өздерін кәсіби жүйе арқылы қорғай алса құба-құп. Құқық қорғау органдары мен кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің арасындағы тығыз

қарым-қатынасты жан-жақты қолдап-қорғаған жөн. Шағын және орта бизнестің құқықтық қолдауда қолданыстағы заң құжаттары талаптарының сөзсіз орындалуын және олардың мазмұнының ведомствалық ережелерімен бұрмаланбауын қамтамасыз ету қажет. Кәсіпкерлердің тауар өткізу нарығын кеңейту үшін мемлекет мұқтаж өнімдерді шығаруға оларды тікелей қатыстыру керек. Мемлекет мұқтаж өнімдерді шығаруға шағын бизнес нысандары үшін міндетті түрдегі кіші квота енгізу – тауар өткізу нарығындағы шағын кәсіпорындардың тұрақтылығын нығайта түседі.

Екінші шара – шағын кәсіпкерлікке қаржылық жәрдем беретін арнайы қаржылық қорларды құру.

Үшінші шара – монополияға қарсы күрес, әділетті бәсекелестік орнату, тұтынушылар құқығын қорғау, осыларды іс-жүзінде жетілдіру үшін республика бойынша шағын және орта бизнесті қолдаудың жүйесін жасау [8].

Шағын және орта бизнесті экономикалық мықты буынына айналдыру үшін оның қуатты инфрақұрылымдары ауадай қажет. Егер мемлекет тікелей қаржы-қаражат бөліп, шағын және орта бизнеске көмектесе алмаса, мемлекеттік тапсырысқа қатыстырып, әсіресе, өндірістік саланы дамытуға сөзсіз ықпал ете алады. Салалық министрліктер мен комитеттердің өз қызметтерін шағын және орта бизнеске қатысты тиімді ұйымдастыруы арқасында ведомствалық қолдау көрсетуге болады. Бұл шараға ірі отандық кәсіпорындар мен трансұлттық компаниялар да қатыса алады.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың қажетті инфрақұрылымдарын құру – мағынасы терең мәселе. Айталық, шағын кәсіпкерлікті дамыту қорының тікелей міндеттерінің бірі – осындай құрылымдар қалыптастыру болатын. Өкінішке орай, бұл дамыту қоры халықаралық ұйымдардың қаржыларын тартумен ғана айналысуда. Бұл дамыту қоры кәсіпкерлердің қолы жетпейтін құрылымға айналды. Аймақтық және жергілікті кәсіпкерлерді былай қойғанда, ірі қалалардағы шағын кәсіпкерлік пен бизнес нысандары – дамыту қорынан консалтингтік көмек те ала алмауда. Менің ойымша, дамыту қоры өзінің тікелей міндеттерінен алшақтамай, мынандай мәселелерді шұғыл шешуі керек: жергілікті билік органдарымен қарым-қатынас орнату арқылы жылжымайтын мүліктер мен ғимараттар алу. Сол аймақтардан бизнес орталықтарын ашып, кәсіпкерлерге нақты ақылы кеңестер көрсету, бизнес-жоспарлар әзірлеуге жәрдемдесу және несиелер беру; шағын фирмалар басқа қаржы институттарынан несиелер алғанда, оларға кепілдік беруді тәжірибеге енгізу; дамыту қорынан несиелену алуға қажетті құжаттардың тізімін барынша ықшамдау.

Шетелдік нарық экономикасының тәжірибелері шағын және орта бизнесті қолдауда лизингтік және франчайзингтік қарым-қатынастардың қолайлығын да дәлелдеді. Менімше, шағын және орта кәсіпорынның ірі орталық және шетелдік компаниялардың құрал-жабдықтарын, қаржы-қаражаттарын, технологияларын пайдалану арқалы дамуы да тығырықтан шығудың бір жолы.

Шағын және орта бизнесті дамытуда лизингтік несиелендіру көмегімен өндірісті қалыпқа келтіруге болатыны шетел тәжірибелерінен белгілі. Лизинг

көмегімен кепілге беретін мүлкі жоқ ұсақ кәсіпорындарды несиелеуге болады. Лизингтік мәміле жасалған мерзім бойынша лизинг объектісі лизингке берушінің меншігінде қалады да, лизинг алушы банкротқа ұшыраған жағдайда несиелік тәуекел деген болмайды.

Лизинг 100 пайыз несиелеуді ұсынады, кәсіпорынға қысқа мерзім ішінде өзінің меншікті капиталын жұмсамай-ақ, жаңа құрал-жабдықты пайдалана отырып, өнеркәсіптік өнім шығаруға және пайда табуға мүмкіндік береді. Құрал-жабдықтың лизинг берушінің меншігінде болатындығына байланысты өнімнің құнына лизингтік төлемдер ғана қосылып, мүлікке салынатын салықты жалға берушінің өзі төлейді. Сөйтіп, лизинг алушы салықтық жеңілдіктер алады. Мұның барлығы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға өз үлесін қосады.

Шағын және орта бизнестің табысты дамуы елдегі қолайлы әлеуметтік, экономикалық, құқықтық және саяси жағдайларды қалыптастыруға бағытталған, осы мемлекеттің саяси еркі қалыптасқанда ғана мүмкін болады. Өз кезегінде ерікті қолдау мен нығайту шағын және орта бизнестің кең ауқымды дамуына жол ашады.

Шағын және орта бизнесті дамытуда мемлекеттік қолдаудың іргетасы қалана бастады, оның басты бағыттары мынандай:

- а) ұтымды құқықтық-нормативтік база;
- ә) мемлекеттің реттеуші құрылымдарының айқындылығы мен реттеуші қағидалардың қарапайымдылығы;
- б) қолданыстағы заңдардың қатаң сақталынуы;
- в) бұл сала жөніндегі мемлекеттік саясаттың жариялылығы;
- г) мемлекеттік реттеу формаларының икемділігі;
- ғ) шағын және орта бизнес мәселелерін іргелі ғылыми зерттеулермен қамтамасыз ету;
- д) шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі арнайы мемлекеттік органдардың кәсіби деңгейінің жоғары болуы;
- е) шағын және орта бизнест нысандырының жүйелі мониторингін жасау;
- ж) шағын және орта бизнес саласындағы үгіт-насихат жұмыстарының кешенді жүргізілуі.

Өтпелі экономикада шағын және орта бизнестің біртіндеп қалыптасуы заңды құбылыс. Мемлекет тарапынан жіберілген кемшіліктер мен қателіктерді уақыттың өзі түзеп отыратыны да белгілі, дей тұрғанмен, шағын және орта бизнесті дамытудағы мемлекеттік қолдаудың жоғарыда ұсынылған үш деңгейлі жүйесі бүгінгі күні маңызды көрінеді. Республикалық, аймақтық және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік қолдау механизмдері нарық экономикасының ең белсенді бөлігінің - шағын және орта бизнестің дамуына жол ашады.

Шағын және орта бизнесті аймақтық дамыту, ең алдымен, өндірістік секторды көтеруге, шағын және орта бизнесті қолдаудың инфрақұрылымын дамытуға, жаңа жұмыс орындарының неғұрлым көп санын құруға, жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерлік орат мен неғұрлым жоғары деңгейде өзара іс-қимыл жасауын бағытталған болады. Аймақтарда шағын және орта бизнесті

дамыту тек халықты жұмыспен қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың әлеуметтік, рухани, экономикалық іргелі мәселелерін шешуге ықпалын тигізеді. Жастар арасында жұмыссыздық салдарынан кездесіп жүрген нашақорлық, ішімдіктерге бой алдыру сияқты қоғамға жат қылықтарды болдырмауға шағын және орта бизнесті дамытудың және қолдаудың әсері мол деп санаймын. Аймақтардағы өндірісті дамыту өз аумағында нарықты қажетті тауарлармен толтыру, халықтың тұтынушылық қабілетін қанағаттандыру мақсатында отандық, оның ішінде аймақтағы өнеркәсіптік өнімдердің көптеп шығарылуын қамтамасыз етеді. Мұның өзі тауарлар өндіру және сату шығындарын төмендете отырып, оның бағасын арзандатуға бірден-бір себеп болмақ. Өндірістік сектордың дамуы жергілікті бюджеттің толығына, аймақтың гүлденуіне, әлеуметтік жағдайдың көтерілуіне, қосымша жұмыс орындарының қалыптасуына ықпал етеді. Өнеркәсіптік өндірісті өрге бастыру үшін өндірістік инфрақұрылымды, соның ішінде кәсіпорын жанындағы энергетика, көлік, құрал-сайман, қойма және т.б. шаруашылықтарды дамытуда шағын және орта бизнеске жүгініп, оның тиімділігін арттырудың ең ұтымды түрлері мен жолдарын қарастыру және қолдану қажет деп санаймын. Осы тұрғыда да шағын және орта бизнесті қолдаудың инфрақұрылымын жетілдіру ең басты мәселе қатарына жатады. Мысала, салықты төмендету, өндіріс алаңдарын төмен бағамен жалға немесе уақытша тегін беру, кәсіпорын тарапынан қаржылай көмектесу, несие берудің ең озық тәжірибелерін қолдану шағын бизнесті дамытуға себепін тигізеді хақ. Жаңа жұмыс орындарын шағын және орта бизнес арқылы қалыптастыру – халықты кәсіпкерлік қызмет саласына да белсенді түрде тартуға мүмкіндік береді. Мұның өзі аймақтардағы өмір сүру деңгейін көтеруге ықпал етіп, ондағы тұрғындардың жұмыссыздық салдарынан ірі қалаларға көшуін тоқтатады. Осыған орай жергілікті атқарушы органдардың шағын және орта бизнесті қолдау және дамыту үшін нақты іс-шараларды дайындаумен қатар, алдағы жылдардағы оның даму стратегиясын Үкімет стратегиясы негізінде әзірлеуі тиіс. Шағын және орта бизнесті дамытуда мамандар даярлау – кәсіпкерлік тәуекел дәрежесін төмендетумен қатар, оның нарық талаптарына сәйкес жоғары нәтижесімен жұмыс істеуіне көмектеседі.

3.2 Нақты өндіріс саласындағы шағын және орта бизнесті белсендірудің қаржылық-несиелік әдістерді жетілдіру жолдары

Қазіргі кездегі ең басты міндет ұлттық экономиканы инновациялық технология негізінде диверсификациялауды жүзеге асыруда шағын және орта бизнеске басым назар аудару болып отыр. Елдегі шағын және орта бизнестің дамуына Қазақстан Республикасының Үкіметі өз алдына мүдделі.

Ұлттық шаруашылықтағы, соның ішінде нақты өндіріс саласындағы шағын және орта бизнестегі экономикалық үрдістер барысында қаржы мен несие өзара байланысты. Сондықтан экономиканың осы аталған саласына қаржылық-несиелік әдістердің әсетін зерттеудің қажеттігі қазіргі күн талабынан

туындап отырған мәселе болып отыр. Халық шаруашылығын басқарудың орталықтандырылған жүйесінің негізгі механизмі – жоспарлаудан бір сәтте бас тарту өндірістің құлдырауы, көлеңкелі экономиканың нығаюы сияқты келеңсіз элементтердің пайда болуына жағдай жасады. Осыған орай шағын және орта бизнесті қолдау оған қаржылық несиелік ықпал жасау «Қазақстан 2030» стратегиясы және Қазақстанның 2015 жылға дейінгі индустриялды-инновациялық даму стратегиясы тәрізді негізгі құжаттардың бағыттарында бекітілген.

Қазақстан жағдайында шағын және орта бизнесті белсендіруде қаржылық-несиелік әдістерді жүзеге асыру барысында басты екі ерекшелікті назарға ұстау шарт: біріншіден, еліміз саяси еркіндік алғаннан кейін, экономикалық тәуелсіздіке қол жеткізу үшін оны да нарық талыптарына сай қалыптастырып, жүзеге асыру мәселесі жаңа мазмұнға ие болды; екіншіден, қазіргі таңда Қазақстанда қолға алынған, яғни қатаң орталықтандырылған жоспарлы үлгідің, шаруашылық жүргізудің нарықтың үлгісіне өту, нарық субъектілері арасында бәсекелестікті жетілдіру, шағын және орта бизнес субъектісі мен мемлекет арасындағы қаржылық қатынасты нарық талаптарына сай жетілдіру көкейкесті мәселелер қатарынан орын алды. Нарық жағдайындағы республикамызда он жылдан астам тәжірибесі дәлелдеп отырғандай, осы ерекшеліктерді ескермеу қате шешімдер қабылдауға негіз болған [35].

Экономиканың аталған секторының даму барысында қаржы жағы өз ықпалын тигізбей қоймайды. Көп жағдайда кәсіпкерлік субъектісі өз қаржысы есебінен өз бизнесін бастауға ұмтылады.

Нақты өндіріс саласындағы кәсіпкерлік қызметті қаржылық әдістер арқылы белсенділігін арттыру барысында салықтардың фискалдық және реттеушілік функцияларын ұтымды да тиімді үйлестіру өзекті мәселелер қатарында көрініс алды. Салықтың фискалдық функциясының басымдылығы, шағын және орта бизнесті белсендіретін нақты салықтық құралдарының айтарлықтай дәрежеде жұмыс істелмеуі экономиканың аталған саласының дамуына біршама кері әсерін тигізеді.

Экономикалық қатынастардың жаңа жүйесіне көшкен елімізде жүргізіліп жатқан реформалардың барлығы экономиканың негізгі - өндірістен бастау алса, мемлекеттік бюджет кірісін толықтырудың негізгі көзі – салықтар, ел экономикасын дамыту жөніндегі басым бағыттардың бірі – шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және оның нығаюына жағдай жасау, өндірістегі шағын және орта бизнестің өркендеуі үшін қолайлы жағдай қалыптастыру, аталған саладағы субъектілерді ынталандыру. Кәсіпкерлік – тәуекелі мен қатері мейлінше зор кәсіп түрі болып саналатындықтан, рынокта мемлекетке де, кәсіпкерге де өзара тиімді салықтық және құқықтық жағдайлар болуы шарт, яғни екі жақтың да мүддесі қорғалуы керек. Бұл мүдделерді жүзеге асыру барысында мемлекеттік саясат белгілі бір қағидаларға негізделуі қажет, яғни шағын және орта бизнестің дамуына ықпал етіп қана қоймай, олармен ынтымақтаса отырып жұмыс жасау, салық ауыртпалығын төмендету;

инвестициялық саясат пен экономикалық саясаттың басқа да бағыттарымен шағын және орта бизнестің қарама-қайшы келмеуін қарастыру, өндірістегі шағын және орта бизнестің қалыпты дамуына кедергі болатын тосқауылдарды жою. Өндірістегі технологиялық жабдықталу деңгейін жоғарлату; экономиканың импорттық өнімдерден тәуелділігін жойып, ішкі рынокты бәсекелік қабілетті, сұранысқа сай жоғары сапалы отандық өнімдермен толықтыру қажет. Осы орайда шағын және орта бизнесті қолдау, оған қаржылық-несиелік әдістер арқылы ықпал жасау «Қазақстан 2030» стратегиясы және Қазақстанның 2015 жылға дейінгі индустриялық-инновациялық даму стратегиясы тәрізді құжаттардың бағыттарында бекітілген. Сондықтан, қазіргі кезде ең басты міндет ұлттық экономиканы инновациялық технология негізінде әртараптандыруды жүзеге асыруда шағын және орта бизнеске, оның ішінде жаңа технологиялық өндірістерге бағдар ұстанған шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасау есебінен қоғамдағы тұрақтылықтың негізгі болып табылатын орта тапты қалыптастыруға басым назар аудару болып отыр. Елдегі шағын және орта бизнестің дамуына Қазақстан Республикасының Үкіметі өз алдына мүдделі. Ол қызығушылық мынандай себептермен негізделеді: елдің индустриялық-инновациялық дамуының құрамдас бөлігі болып табылатын инновациялық және өндірістік шағын және орта бизнесті қалыптастырып, жетілдіру; елдің орта сыныбын құру және нығайту; нақты өндіріс саласындағы шағын және орта бизнесті өркендету арқылы жаңа жұмыс орындарын құру нәтижесінде жұмыссыздық және кедейшілікпен күрес жөніндегі мәселелерді шешу, т.б..

Мемлекеттің экономикалық саясаты экономикалық қызығушылықтардың оңтайлы қатынасына салық салу жүйесі арқылы бағытталуы тиіс. Салықтар мен салық салудың жағымсыз әсерін болдырмау үшін экономикалық реттеуді шаруашылық субъектілердің қызығушылықтарын ескере отырып жүргізген дұрыс.

Экономикалық реттеушілердің қызмет етуі, салықтарды қоса алғанда, қоғам қажеттілігінің есебінсіз жүргізілсе, ол реттеушілердің рөлін және бағыттарын бұрмалайды. Салықтар мен салық салудың ынталандырушы механизмін құрмаса салық жүйесінің фискалдық бағытталуы төлеушінің табысынан әкімшілік өндіріп алуды жоғарлатады, сәйкесінше кәсіпкерлік қызметтің азаюына байланысты салық базасы да азаяды. Салық базасы, сондай-ақ салық төлеушілердің табыстарын жасыруынан, дәлелсіз шығындардың өсуінен, салық заңнамасын бұзу себептерінен азаяды. Сондықтан, салық салудың ынталандырушы механизмін шығу құралдары арқылы жүзеге асатын салық салудың өндіруші функциясы толық орындалмайды. Соңғы жылдары салықтық ынталандыру арқылы мемлекет кәсіпкерлік қызметтің дамуын қолдауға бағытталған біршама маңызды істерді жүзеге асырды. Атап айтсақ: шағын және орта бизнес субъектілеріне арнайы салық режимі енгізілген, салық салу процедурасы оңайлатылған, табысқа салық қойылымы төмендетілген, қосылған құнға салынатын салықты төлеудің шекті деңгейі мен әлеуметтік салықтың регрессиялық ставкасы енгізілген. Елдегі салық салуды жетілдіруді

талдау Қазақстандағы салық салудың ынталандырушы механизмінің жұмыс істей бастағандығын көрсетеді.

Салық салудың шағын бизнесті ынталандырушы механизмі кәсіпкерлерді табыс табуға қызықтырып, өз ісін жүзеге асыруға, сонымен қатар, кәсіпкерлік қызметте ұзақ мерзімді болжамдар қабылдаудың дұрыстығына деген сенімнің қалыптасуына әсер етуі тиіс.

Дамыған елдердің тәжірибесіне қарасақ, салық ауыртпалығының ұлғаюы әрқашанда өндірістің даму қарқынының төмендеуіне әкеледі. Керісінше, салық ауыртпалығының азаюы, экономиканың өсуіне үлкен ықпал етеді.

Егер осы шаралар тиісті дәрежеде іске асырылса, ол, әрине кәсіпкерліктің дамуына тікелей әсерін тигізеді. Қосылған құнға салынатын салықтың мөлшері азайса, ол тауарлар мен қызметтердің арзандауына әкеледі. Әлеуметтік салықтың азаюы, жұмыс берушілердің жалақыны көтеруіне әсерін тигізеді. Жеке табыс салығының мөлшері азайса, халықтың тұтыну қабілеті ұлғайды және әлеуметтік жағдайы жақсарады, тауарлар мен қызметтерге деген сұранысы күшейеді. Сұраныстың өсуі өндірістің дамуына ықпал етеді, осы жағдайда кәсіпкерлік те дамиды. Сонымен қатар салық ауыртпалығының деңгейі көлеңкелі бизнеске әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып саналады.

Сондай-ақ, нақты өндіріс саласындағы шағын және орта бизнеске салық салу мәселелеріне талдау жасау барысында байқағанымыз, жеңілдік беру арқылы оларды салық салудан толығымен босату ешқандай оң нәтиже бермейді, керісінше өндірістегі шағын және орта кәсіпкерліктің қалыпты даму барысына, жалпы өндірістің қарқынына кедергі болады. Бірақ та, республикамыздағы салықтардың фискалдық сипатының басымдылығы, өндірістегі шағын және орта бизнесті ынталандыратын құралдардың біршама артта қалып отырғандығы аталған саланың өркендеуіне өзіндік әсерін тигізеді. Сондықтан, салық ставкасы, салық жеңілдіктері тәрізді салықтық реттеу құралдарын жетілдіріп, салық ауыртпалығын азайту мақсатында салық жүйесінде нақты шаралар қарастырылуы керек.

Жалпы шет мемлекеттердің тәжірибелерін таудау оны нақты бір елдің практикасында қолдану мүмкіндігі тұрғысынан қызығушылық туғызады. Сондықтан, шетел тәжірибелерін ескерумен бірге, шағын бизнеске қолдау көрсету барысында ықпал ететін мемлекеттік саясат жеңілдікпен несиелеу, инвесторлар ауқымын кеңейту, несиелер бойынша мемлекеттің кепілдігі тәрізді бағыттарда жұмыс жасауы керек.

Кез-келген кәсіпкерлік субъектісінің несие алуға жағдайы бола бермейді. Кәсіпкерлердің қаржы-несие ресурстарына қол жекізудегі шектеушілік проблемасы әсіресе, жоғарғы қарыз пайызы, несиені қайтарудың қысқы мерзімі, несие қабілетінің төмендігі, кепіл мүлкінің жоқтығы немесе оның құнының жеткіліксіздігі, несиелік қорлардың тапшылығы, мемлекеттік органдармен арадағы байланыстардың олқылығы, тағы басқалары болып отыр.

Бүгінгі күнге, коммерциялық банктерден шағын бизнеске берілетін несиелер бойынша пайыздық ставкалар мөлшері валютада 16-18 пайызға және

20-24 пайызға дейін құрайды. Алынған несиелі ресурстарын игерудің орташа мерзімі шамамен 11-12 ай. Шағын және орта бизнеске, біздің пікірімізше, бұл тұста қосымша жеңілдіктер жасауға болар еді.

Сонымен республикамыздағы шағын және орта бизнестің дамуына тежеуші болып отырған факторларға мыналар жатады: несиелі арудың қиындығы; несиелі мерзімінің қысқалығы (6 айдан 18 айға дейін) және пайыздық ставканың жоғарлауы; кепілмен қамтамасыз етілуге қойылар талаптың жоғарлығы; несиені рәсімдеу процедурасының ұзақтығы және оны сақтандырудың қажеттігі; шағын бизнесті микронесиелеу туралы заңнамалық ақпараттық базаның жеткіліксіздігі, тағы басқалар.

Несиелеу механизмінің әрбір элементінің өзара тығыз байланыста жұмыс істеуін қамтамасыз еткен жағдайда нақты өндіріс саласындағы шағын және орта бизнестің дамуына ықпал етуге, өнеркәсіптік өнімдер өндірісінің көлемін арттыру арқылы бәсеке қабілетті ұсынысты қамтамасыз етуге, шетелдік дайын өнім импортының көлемін азайтып, отандық өнім өндірушілер потенциалын көтеру, яғни ел экономикалық импортқа тәуелділігін мектеп, сауда балансының тапшылығын азайтуға мүмкіндік туады. Шағын және орта бизнесті несиелеуді дамыту нақты өндіріс саласындағы шағын және орта бизнес субъектілерінің санының артуына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына, жалпы ішкі өнімдегі шағын бизнестің өсуіне үлесінің өсуіне, жоғары сапалық бәсекелік қабілетті өнім өндірісінің өркендеуіне ықпал етеді. Осыған орай шағын және орта бизнес субъектілерін несиелеу барысында минималды тәуекелмен неғұрлым көп табыс алуды көздейтін Қазақстанды екінші деігейлі банктердің негізгі операцияларының бірі несиелеу болып табылады десек те, шағын және орта бизнес субъектілерінің несиені алу барысында біршама кедергілерге кездесетіні аян. Атап айтқанда, кәсіпкерлердің банкке қажетті құжаттарды (өтініш, сұрақ-жауап қағазы, бизнес-жоспар, мемлекеттік органдардың рұқсат құжаты) дайындауға білімдерінің таяздығы еліміздегі шағын және орта бизнесті несиелеуге бағытталған отандық және шетелдік бағдарламалар туралы жеткілікті деңгейде ақпараттың болмауы, несиенің негізгі сомасын бірінші айдан бастап өтеу, кепілмен қамтамасыз ету, т.б.. Несиені беру барысында қаржылық есеп құжаттарына кем дегенде соңғы 12 айдағы қаржылық есеп құжаттары мен соңғы 6 айда тұрақты алған пайдасы туралы талаптар қойылады.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін несиелеуді дамыту барысында кезігетін кедергілердің бірі кепілмен қамтамасыз ету болып табылады. Белгіленген тәртіпке сәйкес, кепіл ретінде кәсіпкерлік субъектісіне тиесілі өндірістік және әкімшілік типтегі ғимараттар, құрылғылар, үйлер, офистер, сауда павильондары, мейрамханалар, тауарлы-материалдық запастар, автокөліктер және т.б. алынады. Сонымен бірге жылжымайтын мүліктердің орналасқан жері, коммуналдық қызметтермен қамтамасыз етілуі, техникалық жағдайы тәрізді факторлар назарға алынады. Несиелі беру барысында банк клиенттен кепіл мүлкін сараптамалық бағалаудан өткізуді, кепіл мүлкін иемдену құқығын белгілеуді талап етеді. Несиені кепілмен қамтамасыз ету барысында кәсіпкерлік

субъектісі кепіл мүлкінің жоқтығын немесе оның құнының төмендігі тәрізді кедергілерге кезігеді.

Нақты бір жобаны жүзеге тасыру барысында экология және табиғи ресурстар министірлігінің жергілікті органдары, санитарлық-эпидемиологиялық, өртпен күрес, кеден, стандарттау мен сертификаттау, сәулет пен құрылысты мемлекеттік қадағалау тәрізді қызмет орындарынан арнайы рұқсат құжаттарының болуы да талап етіледі. Мұның өзі несиені алу барысында өз ықпалын тигізеді.

Қазақстан Республикасының экономикалық зерттеулер институтының шағын және орта бизнес орталығының жүргізетін зерттеулері барысында зерттелінген кәсіпкерлердің 46,3 пайызы алған несиелерін айналым капиталын толтыруға, 22,6 пайызы негізгі құрал-жабдықтар сатып алуға жұмсалған. Бүгінгі таңда отандық тауар өндірушілер бәсекеге қабілетті өнім өндіруін ұйымдастыру мақсатында өндірістерін техникалық жағынан жарақтандыру үшін орта және ұзақ мерзімді несиеге мұқтаж. Өз бизнесін жаңадан бастап отырған шағын және орта бизнес субъектілерінің ерекшеліктерін, пайдаланатын технологиясын, маркетингтік саясатын ескере отырып, оларды несиелендірудің жаңа балама механизмін енгізу қажет. Қазіргі кезде екінші деңгейдегі банктер несиелеудің жаңа әдістерін енгізуге аса құлшыныс танытып отырған жоқ. Өйткені екінші деңгейдегі банктердің қолданыстағы несие саясаты шағын және орта бизнес субъектілеріне берілетін несие ресурстарын максималды қамтамасыз етуге және неғұрлым көп пайдамен тез қайтаруға бағытталған. Сондықтан шағын өндірістік және инновациялық кәсіпкерлікті дамыту үшін өз бизнесін басқарып отырған шағын және орта бизнес субъектілерге қаржылық көмек көрсету және белгілі бір шарттар негізінде лизингке түрлі құрал-жабдықтарды ұсыну міндеті болып табылатын мамандандырылған қаржы институттарының қызметін жандандыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осыған байланысты Ұлттық банк тарапынан несиелеудің банк, несие серіктестіктері, микронесиелік ұйымдар тәрізді үш деңгейлі жүйесі құрылады. Несие серіктестіктері мен микронесиелік ұйымдардың қызметінің дамуына жағдай жасай отырып, олардың негізгі тұтынушылары шағын және орта бизнес субъектілері екенін есте ұстай отырып, үш деңгейлі несиелеу жүйесін одан әрі дамыту қажет.

Еліміздегі кәсіпкерлікті оның ішінде нақты өндіріс саласындағы шағын және орта бизнесі несиелеуде лизинг, франчайзинг сияқты нысандарды қолдану 90-шы жылдардың соңынан бастап кеңінен етек алып дамуда. Көптеген дамыған елдерде олар кәсіпкерлер үшін несиелеудің ең ыңғайлы нысандарының бірі болып табылады.

Соның бірі франчайзингке қатысты 2002 жылы 24 маусымда Қазақстан Республикасының «Франчайзинг туралы» Заң қабылданып, Қазақстандық Франчайзинг Ассоциациясы құрылды. Қазіргі таңда франчайзинг жүйесі әсіресе мейрамхана қызметі саласында біршама дамып келеді. Елімізде мейрамхана бизнесі саласында франчайзингті қолдану бірнеше жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік туғызады. Атап айтқанда, басқару және қаржы қызметі саласындағы

менеджерлер мен персоналдарды білім алумен қамтамасыз ету және озық шетелдік ноу-хау технологиялар мен басқару әдістерін өндіріске енгізудің жеделдігі: мейрамхана қызметінің рыногының сапасын арттыруға және тұтынушы сұранысын қанағаттандыруға бағытталған шетел инвестициясының көлемінің ұлғаюы, т.б. Қазіргі кезде елімізде франчайзингтің дамуына шектеу болып отырған мәселелердің бірі кәсіпкердің франчайзингі, оның мүмкіндіктері мен артықшылықтары туралы ақпараттарының жеткіліксіздігі, кеңес алу көздерінің тапшылығы болып отыр.

Несиелеудің қолайлы нысандарының бірі – лизинг, менің пікірімше экономикалық үрдістердің маңызды қозғаушы күші болып табылады. Дүниежүзілік тәжірибе дәлелдегендей, ел экономикасының құрылымдық өзгерісі негізінде лизинг маңызды құралдардың бірі болып табылады. Көптеген өнеркәсібі дамыған елдерде лизинг экономикалық құрылымның ажырамас бөлігі болып табылады. Соңғы жылдары батыс елдерінде лизингтік операциялар көлемінің орташа жылдық өсу қарқыны 15-20 пайызды құрады. Италия, Швеция тәрізді елдердің лизингтік операцияларының өсу қарқыны АҚШ, Жапония тәрізді елдердің лизингтік операцияларының қарқынынан едәуір жоғары болып отыр. Шығыс Азия, Оңтүстік Америка тәрізді орташа дамыған елдерде, әсіресе халықаралық қаржы лизингі қарқынды дамуда.

Қазіргі кезде лизинг дүниежүзілік тауар алмасудың, халықаралық инвестициялық саясаттың маңызды факторларының бірі болғандықтан әртүрлі мемлекеттердің, ондағы компания, фирмалардың экономикалық саясаттарына лизингтік операция түрлері арқылы ықпал ете алады.

Лизингті дамыту өзектілігі еліміздің шикізат ресурстарының әлемдік бағаларына тәуелділігімен бұл тәуекелділіктің алдағы уақытта да көмірсутекті шикізат экспортының көлемінің ұлғаюына байланысты тұрақты өсумен сипатталады. Қазақстан Республикасының экономикасын шикізат бағаларының тұрақсыздығынан қорғаудың бір жолы отандық экономиканың негізгі тұғыры болып табылатын - өндірісті өркендету болып табылады. Бұл ретте экономиканың барлық саласындағы отандық өндірістегі негізгі құрал-жабдықтың 80 пайызға жуығының табиғи және моралдық жағынан тозғанын және алдағы бірнеше жылда оларды алмастыру объективтік қажеттік екенін ескерген жөн. Осы мәселені шешудің бір жолы басқа түрлерімен салыстырғанда кешенді сипаты бір сыртқы-экономикалық, несиелік және инвестициялық операциялар элементтерін біріктіретін лизинг болмақ.

Сонымен бірге, өндірістің негізгі құрал-жабдықтарының ішінде тек шетелде өндірілетіндері де кездеседі. Оларды сатып алу барысында шағын және орта бизнестегі кәсіпкерлік субъектілерінің валюталық активтерін жұмсалыуына тура келеді.

Осы тұста экономикалық, несиелік, инвестициялық операциялардың элементтерін біріктіретін лизингтің атқаратын рөлі зор.

Осы орайда Қазақстанда лизингтік операцияларды дамытудағы негізгі міндеттер ретінде мыналарды қарастыру қажет:

- мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын

мемлекеттік лизингті дамыту;

- жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жергілікті лизингті дамыту;
- мемлекет пен коммерциялық құрылымдардың үлестік қатынасуы негізіндегі лизингті дамыту;
- лизингке берілетін құрал-жабдықтардың тапшылығын жою;
- лизингтік операциялар туралы әдістемелік құралдарды жетілдіру;
- жалпы мемлекеттік және аймақтық лизингтік компаниялар желісін кеңейту.

Бұл міндеттердің ойдағыдай жүзеге асуы экономикадағы инвестициялық белсенділікті көтеру, ұлттық экономикадағы шағын және орта бизнестің дамуына мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсету. Жалпы, лизингтік саланың дамуы экономикалық өсуге бірнеше бағыттар бойынша әсер етеді. Ол шағын және орта кәсіпорындарға өз өндірісін құру мен жетілдіруге мүмкіндік бере отырып, шағын және орта бизнестің одан әрі дамуына көмектеседі. Мұнымен қоса, нақты өндіріс саласындағы шағын және орта бизнесті құру мен жетілдіруге мүмкіндік бере отырып, оны одан әрі дамытуға ықпал жасайды. Елдегі лизингтің дамуы үшін жағымды заңды базаны құру барлық өндіріс сектор дамуына серпін болады. Демек, аталмыш саланың өркендеуіне қолайлы жағдай жасау барысында, ең алдымен шағын және орта бизнес жетіле түседі; екіншіден жұмыссыздар саны қысқарады, демек салық субъектілерінің саны артады; үшіншіден жұмыссыздар үшін бюджеттен жұмсалатын шығын мөлшері қысқарады; төртіншіден бюджет кірісінің өсуге оң ықпал жасалады. Нәтижесінде, ел экономикасының шикізаттың экспортқа тәуелділігін төмендетуге жағдай жасайды.

Лизингтік несиенің дамуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі тиісті заңнамалар мен нормативтік кесімдер болып табылады. Қазіргі кезде лизингтік қатынастар заңнамаларында, нормативтік келісімдерде жеткілікті көрініс таппауының салдарынан оның дамуы біршама тежелуде. Сондықтан, еліміздің лизингке қатысты заңдық құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қазіргі кездегі көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр.

Нарықтық қатынастар мен бәсекеге қабілетті экономиканың негізгі іргетасы ретінде кәсіпкерлік секторды дамытудағы басты ұстаным - шағын және орта бизнесті дамытуда сапалы серпілісті қамтамасыз ету, осы саладағы өнімділік пен бәсекеге қабілеттілікті өсіру.

Демек, еліміздің нақты өндіріс саласындағы шағын және орта бизнесті қаржылық-несиелік белсендіру, оның ішінде лизинг, франчайзинг арқылы қолдау көрсету біріншіден, экономиканың аталған саласының дамуына өзіндік ықпалын тигізсе, екіншіден банктерге ұзақ мерзім ішінде табыс алуға мүмкіндік береді, үшіншіден, ол кәсіпкерлер үшін ең қолайлы, тиімді және іс қағаздар жағынан аз және жаңалық ретінде жақсы еңгіздірілуі мүмкін.

3.3 Шағын және орта кәсіпкерлік - қорғауға және қолдауға ие бизнес

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту ол – кез келген ел экономикасының негізі. Дамыған елдердің тәжірибелері көрсетіп отырғандай, шағын және орта бизнесті қалыптастыру мен дамыту экономиканы нығайту үшін қолайлы алғышарттар жасайды. Атап айтқанда, салалық және өңірлік монополизм жойылады, нарықта тауарлар мен қызметтер көбейеді, жаңа жұмыс орындары ашылады, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері өмірге енгізіледі, қоғам тұрақтылығының кепілі болып табылатын орта тап қалыптасады. Нәтижесінде шағын және орта кәсіпкерлік жүздеген мың адамдар үшін тартымды сипатқа ие болып, нарық экономикасының қажетті элементіне айналады.

Сөз жоқ, шағын және орта бизнесті дамыту мемлекеттен ішкі қолайлы жағдайлар туғызуды талап етеді. Мәселен, Шығыс және Орталық Еуропа елдерінде шағын және орта кәсіпорындарға тиесілі ІЖӨ үлесінің айтарлықтай өсуіне мақсатты бюджеттік субсидиялар мен салық салудағы айтарлықтай жеңілдіктер арқылы қол жеткізілді. Оның сыртында көптеген басқа да елдердегі сияқты Венгрияда да қолданыстағы заңдарға өзгертулер енгізген кезде ол өзгерістердің шағын және орта кәсіпкерлікке қалай әсер ететіні туралы қорытынды жасау міндетті болып табылады.

Біздің елімізде де шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Ел басшылығы ол істі табысты жүзеге асырудың мемлекеттің одан әрі экономикалық және саяси дамуын айқындайтынын жақсы түсінеді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Президентінің “Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан” атты Қазақстан халқына 2007 жылдың 28 наурызындағы Жолдауында шағын және орта бизнеске қолдау көрсетудің жүйелі іс-қимылдары баяндала отырып, кәсіпкерлік ортаны одан әрі нығайтуға айрықша көңіл бөлінген.

Қазір Үкіметте 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік жеделдетілген индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы жасалды. Оны жасау кезінде жаңадан әзірленген әдістеме негізінде арнайы құрылған жұмыс тобында 180 салаға талдау жасалған. Сондай-ақ оның қорытындысы бойынша 46 сала іріктеліп алынып, қазіргі таңда олардың 23-і бойынша жоспарлар қарастырылды. Ол өнім өндірудің оңтайлы технологиясын, потенциалды тұтыну нарықтарын, бәсекелестік деңгейін, инновациялық жобаларға шағын және орта бизнестің қатысу мүмкіндіктері мен қолданыстағы заңдарға қажетті өзгерістерді анықтайды. Сондай-ақ негізгі бағыттар бойынша - институционалдық, инфрақұрылымдық және инвестициялық негізгі тетіктерді жасауға мүмкіндік береді. Бағдарламаның басты мақсаты - экономиканың бәсекеге қабілеттігін арттыру және орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз ету. Оны жүзеге асыруда мынандай 5 стратегиялық мақсаттар айқындалып отыр. Бірінші, бизнесті жүргізуге қолайлы орта. Екінші, ұлттық экономиканы жаңарту және әртараптандыру. Үшінші, тиімді ұлттық инновациялық жүйе.

Төртінші, тұтыну мен тұтынушылар нарықтарына енуді қамтамасыз ету. Бесінші, экономиканы инфрақұрылымдық және ресурстық қамтамасыз ету.

Елде қазірдің өзінде шағын және орта бизнесті дамыту үшін негіз қалыптасқанын мойындау қажет. Тіркелген шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны жылдан жылға өсіп келеді. Мәселен, соңғы 5 жылда олардың саны 2 есе артты. Жұмыс істеп тұрған бүкіл шаруашылық субъектілері құрылымындағы олардың үлесінің 91,4 пайыз құрауы да осыны нақты айғақтайды. Қазіргі таңда елде 106 мыңға жуық шағын және орта бизнес кәсіпорындары жұмыс істейді. Шағын және орта кәсіпкерлік өндірген өнімдер мен қызметтер елдің ІЖӨ құрылымында қазірдің өзінде 30 пайыздан асады.

Осылайша, мемлекет бүгінгі күні кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің нарық экономикасының толыққанды қатысушысы ретінде өз қызметтерін жүзеге асыруларына қажетті жағдайды қамтамасыз етіп отыр. Шағын және орта кәсіпорындармен жұмыс істетуді көздейтін жалпыұлттық институттар құрылуда. Шағын және орта бизнеске атаулы қолдау көрсетуді жүзеге асыратын арнаулы Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту қоры құрылып, табысты жұмыс жүргізуде.

“Атамекен” жалпыұлттық одағының бағдарламасын жүзеге асыру шағын және орта өнеркәсіп кәсіпорындарын технологиялық жаңалықтарға тезірек бейімдеуге бағытталған, бизнестегі инновациялық саясатқа да дәл осындай көзқарас қарастырылуда. Бәсекеге қабілетті және экспортқа бағдарланған өндірістердің бизнестің неғұрлым жоғары сатысында тұрғаны және әлдеқайда артық мүмкіндіктерге ие екені еш күпия емес. Соның бір көрінісіндей, жаңа технологиялық кәсіпорындар құрылып, университеттер мен өнеркәсіп секторы арасындағы байланыстарды нығайту қарастырылуда.

Кәсіпкерлікке қолдау көрсету үшін бес мемлекеттік бағдарлама қабылданып, жүзеге асырылуда. Кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға және бизнестің билікпен арадағы іс-қимылдарының жаңа моделін құруға бағытталған “Жеке кәсіпкерлік туралы” Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Кәсіпкерлердің белсенділігін ынталандыруды көздейтін айтарлықтай салықтық жеңілдіктер заңдық деңгейде қарастырылды. Оның сыртында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және салық салуды жақсарту жөнінен үлкен жұмыстар атқарылды. Мәселен, осылайша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, шағын және орта бизнесті жеделдете дамыту шаралары жөнінде бағдарламалар әзірленіп, салық заңына түзетулер енгізілді.

Бизнесті құру жолындағы көптеген бюрократтық кедергілер біртіндеп алынып тасталуда. Соңғы жылдардың өзінде ғана лицензияланатын 350-ге тарта сан-алуан қызмет түрлері қысқартылды. Кейбір лицензияларды беру ісі өңірлік деңгейге ауыстырылып, процедуралар айтарлықтай оңайлатылды.

Демек, мемлекетке елдегі шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды одан әрі ынталандыру үшін алда бірқатар міндеттерді шешуге тура келеді. Жоспарлы түрде, заң жүзіндегі бастамалар арқылы және қазірде күшінде тұрған мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде шағын және орта кәсіпкерліктің ІЖӨ құрылымындағы үлесінің айтарлықтай артуына қол жеткізіп, сол арқылы

мемлекеттің экономикалық және саяси тұрақтылығының берік іргетасы – орта тапты нығайту қажет. Дегенмен соңғы жылдары қабылданған кешенді шаралардың нәтижесінде Қазақстанда орта тап қоғамның жақсы қалыптасқан, экономикалық және саяси белсенді тобына айналды деп қазірдің өзінде айтуға болады.

Соған байланысты өнеркәсіптік кәсіпорындар мен шағын кәсіпкерлердің арасында әріптестік қатынас орнату жолымен бәсекеқабілетті нақты сектор құру үшін мемлекет мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

а) мемлекеттік тапсырыс және гранттар жүйесі арқылы приоритетті ғылыми зерттеулер жүргізуді қаржыландыру, сонымен қатар ғылыми-техникалық өнім нарықтарын құру;

ә) инвестициялық несиелер ұсынумен айналысатын банктердің, сонымен қатар шағын инновациялық кәсіпорындарды қолдайтын қорлардың (сақтық ұйымдар, лизингтік компаниялар, кеңестік және ақпараттық ұйымдар және т.б.) қызметін ынталандыру;

б) барлық меншік түрі бойынша кәсіпорындардың қызметін жаңа және жоғары технологияларды үнемі енгізу, салықтық жеңілдіктер беру жолымен ынталандыру;

в) салық салынатын табысты аймақтық өндірістік және әлеуметтік инфраструктура объектілерін құруға, қайта құруға және техникалық жабдықтауға жұмсалған көлемге сәйкес қысқарту;

г) аймаққа приоритетті инновациялық әзірлемелерді жүзеге асыратын жаңадан құрылған кәсіпорындар үшін, құрылған күнінен бастап 12 ай мерзімінде табысқа салынатын салықтан босатуды қарастыру; кәсіпорын 24 ай өтетін мерзімнен ерте жабылатын болса, салықтарды толықтай көлемде төлеуді қарастыру;

ғ) аймаққа приоритетті қызметті ынталандыруды көрсетілген кәсіпорындар үшін арнайы салықтардың көлемін азайту немесе жою жолымен ынталандыру арқылы жергілікті басқару органдарының потенциалын қолдану. 3 жыл уақыт ішінде шағын инновациялық кәсіпорындарды жер және жылжымайтын мүлік салығынан толықтай босату немесе пайыздық мөлшерлемелерін төмендету.

Елде инновациялық саясатты жүзеге асыру қомақты қаржылық қаражаты талап етеді. Шағын инновациялық кәсіпкерлікті қаржыландыруда маңызды рөл - ғылымды талап ететін өнім өндірісін дамытатын шағын және орта сектор кәсіпорындарына инвестиция тарту механизмін құруға берілуі тиіс.

Шағын және орта өндірістерге жұмсалатын инвестициялардың потенциалдық тиімділігін бағалауда жұмылдырылған қаражаттардың қайтарымдылығын нақты және түпкілікті өсіретін мынадай факторларды ескеру қажет:

- жаңа және жанартылған қуаттардың рентабельділігі сәйкес өнім өндіретін қуаттардан әлдеқайда басым болады;

- техника мен технологияларды жетілдіру, инновацияларды енгізу энергия тасымалдағыштардың шығындарын төмендетуге, өнім сапасын жоғарылатуға мүмкіндік береді;

- инновациялық, инвестициялық және құрылымдық саясатты интеграциялау ескі және жаңа технологиялар арасындағы қатынастарды соңғылардың пайдасына өзгертуге, өнімнің бәсекеқабілеттілігін арттыруға, өндірістік шығындарды азайтуға, негізгі өндірістік қорларды жаңартуға, ескі жартылай жарамды өңдеу цехтарын жаңаларға өзгертуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда, біздің ойымызша, аймақта шағын кәсіпкерлікті инновациялық қолдау бойынша іс-шаралар жүйесі мынадай негізгі тапсырмаларды шешуден тұруы тиіс:

а) инновациялық аядағы шағын кәсіпкерлік субъектілерін дамыту және қолдауды нормативтік-құқықтық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;

ә) ШКС-нің инновациялық қызметін қолдау және дамытудың қаржылық механизмдері;

б) ШКС-ін қолдаудың облыстық инновациялық инфрақұрылымын құру;

в) инновациялық салада шағын кәсіпкерлік субъектілерінің аймақаралық және халықаралық ынтымақтастық қатынастарын дамыту;

г) аймақтарда шағын кәсіпкерлікті қолдау институттарының қызметін жетілдіру.

Аймақтарда кәсіпкерлік дамуының инновациялық бағыттылығын жоғарылату мақсатында маңызды үлесті мына шаралар қосуы тиіс:

- инновациялық саланың шағын кәсіпкерлік субъектілеріне шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымның ұйымдарына қызметтер мен ресурстарды ұсыну;

- шағын кәсіпкерлікті облыста қызмет ететін қолдау институттарының негізінде дамыту, облыстың шағын кәсіпкерлік субъектілеріне ресурстар мен қызметтер көрсету;

- АҚШ тәжірибесі бойынша «Зейнеттегі жетекші қызметкерлердің кеңестік бюросын» құру;

- дамыған елдердің үлгісі бойынша шағын және орта кәсіпорындарға облыстық ақпараттық қызмет көрсету жүйесін көрсету.

Сонымен қатар, аймақта қолдау институттарының негізінде шағын кәсіпкерліктің жоғары технологиялар және инновациялар орталығын құру ұсынылады және оған келесі қызметтерді жүктеу қажет:

а) инновациялық шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту саласында жергілікті басқару органдары мен шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымның ұйымдарымен шараларды жүзеге асыруды үйлестіру;

ә) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің инновациялық өнімдерін, технологияларын және ғылыми әзірлемелерін облыстық және мемлекеттік нарыққа жылжыту бойынша қызметтерді ұйымдастыру және жүзеге асыру;

б) облыстық еншілес қорды ұйымдастыру бойынша ұйымдастырушылық және ақпараттық қызметті қамтамасыз ету, бюджеттік емес көздерді тарту бойынша іс-шараларды реттеу;

в) облыстың патенттік, лицензиялық, кеңестік және инновациялар саласындағы шағын кәсіпкерлік субъектілеріне басқа да арнайы қызметтер көрсету;

г) облыста инновациялық шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамытудың жоспарын және бағдарламаларын жүзеге асырудың технологиясын әзірлеу;

ғ) инновациялық шағын кәсіпкерлікті қолдау бойынша жергілікті іс-шараларды жүзеге асыруда аудандық және қалалық әкімдіктерге жәрдемдесу;

д) облыста шағын инновациялық кәсіпкерлік дамуының жағдайын және тенденциясын реттеу, инновациялар саласының мәселелері бойынша зерттеу және талдамалық жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру.

Кәсіпорындар деңгейінде әдептілік, әлеуметтік жауапкершілік, сәйкесінше сыбайлас жемқорлық элементтерін төмендетуге әкелетін мемлекеттік қызметкерлердің корпоративтік қызметін жоғарылататын маңызды элементтерге ерекше көңіл бөле отырып, жетекшілердің экономикалық сауаттылығын өсіру.

Қай жағынан алсақ та, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бұдан былай да біздің мемлекетіміздегі басымдықтардың бірі болып қала бермек. Таяудағы он жылда шағын және орта бизнестің өндіріс көлеміндегі үлес салмағы 50 пайыздық шекарадан асып түседі деуге толық негіз бар. Бұл ірі өнеркәсіп кәсіпорындары аутсорсинг арқылы ұсақ кәсіпорындарға жасақтаушы өндіріспен, қызметтер көрсетумен айналысуға жағдай жасайтындай өндіріс көлемінің артуы арқасында мүмкін болмақ.

Олай болса мемлекеттің шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағыттаған бүкіл күш-жігерінің таяудағы болашақтың өзінде-ақ өз жемісін беретініне нық сеніммен қарауға болады.

Білім сапасын тексеруге арналған сұрақтар:

1. Шағын және орта бизнесті жетілдіру жолдарын ата?
2. Кадырларлық потенциалдың жетіспеушілігі неде?
3. Шет ел тәжірибесінен қандай үрдістер отандық кәсіпкерліктерге тиімді болады?
4. Бизнес несиелеуді жетілдіру жолдары.
5. Лизинг пен факторингтің дамыту жолдарын ата.
6. Инновациялық процесстің дамыту жолдары.

Тапсырмалар:

1. Кадырлық қамсыздандыруды зерттеу және кадырларды іріктеу бойынша басты құралдар.
2. Инновациялық кәсіпорынға мемлекет тарапынан қандай жеңілдіктер жасалынады?
3. Коммерциялық компаниялардың жұмыс істеу ерекшеліктері.
4. Кәсіпкерлік қызметте тәуекелділіктің әсер етуі.
5. Кәсіпкерліктің дәрежесі және одан тұратын бизнесмендердің атақ дәрежесінің кодексі туралы ақпарат жинау.

ҚОРЫТЫНДЫ

Шаруашылықты дамытуда басты рөл атқаратын бәсекелік ортаны қамтамасыз етіп, өнеркәсіп өнімдерінің өсуіне ықпал жасайтын, технологиялық процестерді жетілдіретін, жұмыссыздық мәселесін шешуде ерекше маңызы бар болғандықтан, нарықтық экономикасы қалыптасқан елдерде шағын және орта кәсіпкерлік мемлекет тұрғысынан үнемі қолдау тауып отырады.

Шағын және орта кәсіпкерліктің шынайы мағынасы - әділетті бәсекелестік пен еркін экономикалық даму. Сондықтан, республикамыздағы шағын және орта кәсіпкерлік нысандары да әлемдегі гүлденген елдердегі сияқты міндетті түрде мемлекеттік қолдау мен реттеуге тәуелді. Өйткені, еркін кәсіпкерлік – нарыққа бағытталған заңдардың үстемдік етуі.

Нарық экономикасына өтуде шағын және орта кәсіпкерлік басты үш мақсатты жүзеге асыруға ықпал етеді:

1. Тауар-ақша қатынастарын пайдалану арқылы шаруашылық механизмін жедел дамытуға;
2. Аз уақыт ішінде аса қажетті тауарлар мен қызметтің жетіспеушілігін жоюға;
3. Халықтың жаппай тұтынатын тауарларына сұранысты қамтамасыз ететін құрылымдар құруға.

Республикамыздағы шағын кәсіпорындар қызметіне жасалған зерттеулердің нәтижесі олардың өміршеңдігінің тұрақсыздығын көрсетті. Мұның себебі: өнімді өткізудегі сәтсіздіктер; шағын фирманы басқарудағы тәжірибенің аздығы; шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудағы мемлекеттік қолдаудың төмен деңгейі.

Диссертациялық жұмысымызда шағын және орта кәсіпкерлікті басқарудың тарихын, қағидаларын, әдістері мен жолдарын қарастырғанда, әрдайым өз еліміздегі мысалдармен салыстырып талдауға күш салынды. Қазір еліміздің экономикасында шағын және орта кәсіпкерліктің өз орны табылып, дами бастады. Оның үлес салмағы жалпы ішкі өнімде әзірге болмашы болғанмен, болашақта анағұрлым артатынына сенім мол.

Шағын және орта бизнесті дамытуды қолдаудың маңыздылығына – экономиканың ары қарай өсуін республикалық және аймақтық деңгейде қамтамасыз ете отырып, нарықты тауарлармен және қызмет түрлерімен толықтыру, бюджетке салықтық түсімдердің көбеюіне ықпал ету арқылы әлеуметтік салаға бөлінетін көлемін жетілдіру, еңбекпен қамтамасыз ету аясын кеңейту, бәсекелестікті дамыту арқылы салалардағы монополизмге қарсы тұру жатады. Мұндай жағдайды қалыптастыру тауарлар мен түрлерін жақсартады және нарықтағы бағаны төмендетумен қатар, халықтың әлеуметтік жағдайын көтереді.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудағы мемлекеттік қолдаудың төмендігінің келесі бір мысалы: көлеңкелі экономика. Мемлекеттік статистика және талдау агенттігінің өзінде көлеңкелі экономиканың елімізге қаншалықты зиян шеккізіп отырғандығынның мониторингі жоқ. Бұл тығырықтан шығудың

жалғыз сара жолы – салық деңгейін азайту, патенттер мен лицензиялардың құнын реттеу, несиелер алуды жеңілдету және т.с.с. толып жатқан нақты шаралар арқылы көлеңкелі бизнесті – күнгейлі (заңды) ету. Заңды шаралар қатысты Жапонияның мысалын алсақ. 1960 жылдары Жапон экономикасының дағдарыс кезеңінде «Шағын және орта кәсіпорындар туралы негізгі Заң» қабылданып, шағын және орта кәсіпкерліктің шұғыл өсуіне қатты әсер етті. Шағын фирма ұйымдастырудағы және басқарудағы жедел іс-әрекеттің, үйлесімділіктің әрі шығармашылық көзқарастың арқасында бүгінгі күнге дейін жапондық шағын және орта кәсіпкерлік тұрақты да ырғақты дамып келеді.

Қазіргі биліктің бюракраттық және жемқорлық сипатына тосқауыл қою үшін сот жүйесі шағын және орта кәсіпкерлік бизнеске бет бұрып, жәрдемдесуі керек. Шағын және орта кәсіпкерлік құқықтық бірыңғай мүмкіндіктер мен кепілдіктер алғаннан кейін, еліміздің экономикалық реформалдарына бүгінгіден де қомақты үлесін қосатын болады.

Шағын және орта бизнесті қолдау мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірегейі болуы тиіс. Мысалы, сонау 1953 жылдың өзінде АҚШ-та шағын және орта бизнес туралы арнайы заң қабылданып, онда былай деп жазылды: «...шағын бизнес кәсіпкерлеріне жағдайдың мүмкіндігінше көмектесу керек, кәсіпкерліктің еркін бәсекелестігін сақтап қалу үшін оларға ақыл-кеңестер беріп, мүдделерін қорғау қажет». Сондақтан, өзімнің диссертациялық жұмысымызда қазақстандық шағын және орта кәсіпкерліктің тууы мен қалыптасуына шолу жасай отырып, ең бастысы, шағын және орта кәсіпорындарды ұйымдастыру мен басқарудың мән-мағынасына, мазмұнына, рөлі мен әдістеріне талдау жасауға ұмтылдым. Осының нәтижесінде шағын және орта бизнесті басқарудағы мемлекеттік қолдау мен реттеудің қажеттілігіне көз жеткіздім. Бұл қажеттілік мынандай белгілерді топтастырады: құқықтық қамтамасыз ету; қаржылық қолдау; ақпараттық қамтамасыз ету; инфрақұрылымдық орнықтыру; технологиялық жәрдем; шағын және орта бизнес өкілдерінің кәсіби деңгейін көтеру; сыртқы экономикалық қызметке ықпал ету.

Бүгінгі таңда шағын және орта бизнестің ерекшеліктері бірнешеу: Сауда саласындағы шағын және орта бизнестің күштілігі. Қызмет көрсету саласындағы шағын және орта бизнестің әлсіздігі. Өндірістік және ауылшаруашылығы кәсіпорындарының жеткіліксіз дамуы. Шағын және орта бизнес нысандары мониторингінің нашарлығы. Шағын және орта кәсіпорындарды ұйымдастыру мен басқарудағы тәжірибенің аздығы.

Менімше, шағын және орта кәсіпкерлік пен бизнесті ел экономикасындағы лайықты орнын – оны ұйымдастыру мен басқарудың жүйесі ғана тауып бере алады, яғни, экономикалық реформалардың түп қазығы – нарықтың қалыптасуы мен кәсіпкерліктің дамуы десек, оның көшбасшысы – шағын және орта кәсіпкерлік саласы болмақ. Дамыған елдер экономикасының 85-90 пайыздан астамын шағын және орта бизнес нысандары құрайды екен. Бұл дегеніміз – экономикасы дамыған мемлекеттерде әрбір адамның кәсіпкерлік қабілетін жарқаратып көрсетуіне мейлінше мүмкіндіктердің жасалғандағын көрсетеді.

Еліміздің экономикасында бүгінде орын алған: шағын және орта бизнесті қолдаудағы жергілікті басқару органдарының немқұрайлылығы; әділ бәсекелестік пен іскерлік қарым-қатынастардың тапшылығы және т.с.с. толып жатқан мәселелер қай елдің болмасын тәжірибесінен табылады.

Сонымен, қорыта айтқанда, еліміздегі шағын және орта кәсіпкерлікті басқарудың бүгінгі жағдайын бағалай отырып, оның дамуының негізгі бағыттарына мыналарды жатқызуға болады: жұмыс істеуге қабілетті арнайы басқару тобын құру, басқару тобы – қызметкерлері басқару және ақшаларды басқару топтарынан тұруы тиіс; басқару тобының әрбір мүшесінің тікелей міндеттері белгіленуі қажет; фирманың қызметі табысты болуы үшін жұмысты жұмсалған топ түрінде ұйымдастыру; басқарудың авторитарлық, демократиялық, либералдық әдістерінен басқару қызметінде әрбір дербес басшы өз әдісін таңдауы тиіс.

Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпорындарының жұмысын талдау нәтижесін қортындылай отырып, жиі кездесетін көптеген қиыншылықтарға қарамастан, өнім өндіру, қызмет түрлерін көрсету аясының артып келе жатқанын айтып өту керек. Сондықтан, бұл оң мәселе болып табылады. Экономиканың түрлі салаларындағы шағын және орта кәсіпорындарының қаржы жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер сауда мен қызмет түрлерін көрсететін олардың анағұрлым жақсы дамығандығын айғақтайды. Бұл өндірістік кәсіпорындарға қарағанда, саудаға салынған қаржылардың өтелуі тезірек екендігімен байланысты болып отыр. Дегенмен, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, кәсіпкерлер сауда-делдалдық қызметтен түскен қаржы ресурстарын өндіріске жұмсаған. Барлық дамыған елдер тәжірибесінен өнім өндіру кәсіпорындарын дамытуға күш салынғанын аңғарамыз. Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттарына лизингтік компанияларды дамыту, өзара несиелендіру және сақтандыру қоғамдарын құру, франчайзингтік қатынастар жүйесін қалыптастыру, шағын инновациялық фирмалар жүйесін енгізу, салааралық шағын және орта бизнес кәсіпорындарын ашу, шағын, орта, ірі бизнестердің кооперациялық байланыстарын орнату жатады. Сонымен бірге, шағын және орта кәсіпкерлік бизнестің өміршеңдігін ұзартуға жергілікті аймақтық органдар тарапынан жәрдем көрсетуді қолға алу қажеттігі басым болуы керек. Шағын кәсіпорындарда қызмет ететін жұмыскерлердің әлеуметтік жағдайын көтеру мәселесі өзінің өзектілігін жойған жоқ. Орташа айлық жалақысының төмен деңгейі жұмыскерлердің ағымдық коэффициентінің жоғары болуына ықпалын тигізеді. Сондықтан, мұндай мәселені шешу үшін мемлекеттік органдар, әлеуметтік қорғау органдары мен кәсіпкерлік құрылымдардың жұмысын үйлестіру іс-шараларын әзірлеу қажет.

Мен мемлекеттік қолдаудың басты бағыттары бойынша үш нақты шараларды іске асыру керектігін атап өтемін: біріншісі – салық жүйесінде шағын және орта кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан фискальдық көзқарасты өзгерту және тиімді инвестициялар тартуда салық жеңілдіктерін енгізу; мемлекеттік, аймақтық, жергілікті деңгейлерде кәсіпкерліктің қоғамдық-кәсіби

жүйесін құру, мемлекет мұқтаж өнімдерді шығаруға шағын және орта бизнес нысандары үшін міндетті түрде кіші квота енгізу сияқты іс-шаралар жатады; екінші шараға – шағын және орта бизнесті дамыту үшін қаржылық қорлар құру жатса, үшінші шараға – монополияға қарсы күрес, әділетті бәсекелестік орнату, тұтынушылар құқығын қорғау, оны жетілдіру үшін республика бойынша шағын және орта бизнесті қолдаудың жүйесін жасауды жатқызамын.

Шағын және орта бизнесті дамытудың аймақтық бағдарламасының іргетасын аймақтардағы өндірістік секторларды қолдау, инфрақұрылымды дамыту, халықты кәсіпкерлік қызметке тарту арқылы жұмыссыздықты жою, шағын және орта кәсіпорындарына мамандар дайындау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру жұмыстарын жүргізу қалайды.

Жалпы, осы жоғарыда аталған шаралар тезірек енгізіліп, оны ұйымдастыру дәрежесі жоғары болғанда шағын және орта бизнес кәсіпорындарының тиімділігі артпақ.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Н.Ә.Назарбаевтің 11.11.2014 ж шыққан «Нұрлы жол – Путь в будущее» атты жолдауы.
2. Токсанова А.Н. Основы предпринимательской деятельности.- Астана., 2007., 479 б.
3. Орысша қазақша талдамалық сөздік, 2008 жылы, Сабден О., Искакова А.
4. Орысша қазақша талдамалық сөздік, 2012 жылы, Айтуғанов М., Балабеков М.Е.
5. Сабден О.С., Токсанова А.Н. Управление малым предпринимательством: вопросы теории и практики.- Астана: Еларна, 2001.- 308 б.
6. Щербаков А.И., Ивасенко А.Г., Чугунова О.А. Инновационный бизнес: российские проблемы и международный опыт. Новосибирск, 2009, 147 б.
7. Малый бизнес и региональное развитие в индустриальных странах. Сборник обзоров. – М: ИНИОН РАН, – 2002. – 165 б.
8. Токсанова А.Н. Развитие систем управления малым бизнесом. Дисс. на соиск. Учен. Степени д.э.н. КИЭМ, 2000.- 297 б.
9. Лапуста М.Г. Малое предпринимательство.: учебник.- М.: Инфра–М, 2009.- 454 б.
10. Ахметов С.С. Әлемнің дамыған елдеріндегі шағын бизнеске арналған қаржы-несиелік тіректер //Қазақстанның банктері, 2008, №1.- 22 б.
11. Мескон М.Х., Альберт М., Хедоури Ф. Основы менеджмента: пер. с англ. – М.: Дело, 1992. С. 463-484 б.
12. Мамыров Н.К. Менеджмент и рынок: казахстанская модель: учебник/ Н.К.Мамыров. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. - 432 б.
13. Блинов А.О. Государственная политика малого предпринимательства в США и Японии. Маркетинг, №2.1999.-495 б.
14. Волков Н.Г. Малые предприятия, М.: Экономика,1997.-125 б.
15. Евенко Д.А. Мелкий бизнес в Западной Европе. М.: Экономика,2002.- 215 б.
16. Шумпетер Й.Теория экономического развития.–М.: Прогресс,2010.-455 б.
17. Орынбасарова С.Е. Государственное регулирование малого бизнеса в Республике Казахстан. Дисс.на соискание ученой степени кандидата экономических наук, Астана, 2006.- 137 б.
18. Жеке кәсіпкерлік туралы 2006 ж. 31 қаңтарындағы №124-III Қазақстан Республикасының Заңы (2008.05.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
19. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы 1997 ж. 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы.
20. Қазақстан халқының әл-ауқаттын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты: Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауы, Астана, 6 ақпан 2008 ж.
21. Указ Президента Республики Казахстан «О Стратегии индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003-2015 годы» от 17.05.2003г. №1096.

22. Дзекунов В., Пердебаева Р., Батпенев Т.: Формирование технопарков и технологических бизнес-инкубаторов. Промышленность Казахстана, 2003г., №11, 40-50 б.
23. Сыздыкова С.Б. Роль общественного фонда в поддержке и развитии малого предпринимательства Казахстана/АГС при Президенте РК. – Астана: АГС при Президенте РК, 2004. – 14 б.
24. Назханов Т., Куанганова Г. Деятельность Форума предпринимателей Казахстана по вопросам развития и поддержки малого и среднего предпринимательства// Базар бастығы – Директор рынка.-2005.- №1-2.-19-20 б.
25. Жанбулатова Ж. О мерах по поддержке малого и среднего предпринимательства// Вестник налоговой службы РК.-2005-№2-3.-23 б.
26. Джобава Н.А. Государственное регулирование малого предпринимательства. – СПб.: ИД СПбГУ, 2004. 112 б.
27. «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының несие ресурстарын толықтыру мен пайдаланудың ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 ж. 22 мамырдағы № 555 Қаулысы (2008.20.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
28. Государственная программа развития и поддержки малого предпринимательства в Республике Казахстан на 2004-2006 годы. Указ Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2003 года N 1268
29. Программа правительства Республики Казахстан на 2003- 2006 годы утверждённая Президентом Республики Казахстан от 15 августа 2003 г. №1165.
30. Указ Президента Республики Казахстан от 7 июля 1997 г. N 3589 О приоритетах и региональных программах поддержки и развития малого предпринимательства в Республике Казахстан
31. Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін! Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы (Астана қаласы, 2004 жылғы 19 наурыз)
32. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (Астана қ., 2006 жылғы 1 наурыз)
33. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында (Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы)
34. Бекмағанбет Г. Шағын кәсіпкерлікті қолдау мәселелері: Экономика негіздері.-2006.-№2.-16-18 б.
35. Манабаева И. Шағын және орта бизнестің экономикадағы маңыздылығы мен артықшылықтары және кемшіліктері: Экономика негіздері.-2006.-№5.8-13 б.
36. «Лицензия беру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 ж. 11 қаңтарындағы Заңы (2014.07.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

37. Қазақстан Республикасы экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен экспорттық мүмкіндіктерін сапалы жаңа деңгейге жеткізудің 2008-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 1332 Қаулысы
38. Дүниежүзілік экономикалық форумының ресми сайты: www.weforum.org
39. Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингісінің ресми сайты: www.doingbusiness.org.
40. Дүниежүзілік Банктің ресми сайты: www.worldbank.org
41. «Глобальный мониторинг предпринимательства» Национальный отчет Казахстана 2014, GEM Казахстан, проект USAID по развитию малого бизнеса в Казахстане.-37 б.
42. «Forbes» журналының ресми сайты: www.forbes.com
43. Доклад Всемирного Банка «Качество управления: Показатели эффективности государственного управления в странах мира за 1996-2010 годы» (Governance Matters 2007: Worldwide Governance Indicators 1996-2010)
44. «Transparency International» ресми сайты: www.transparency.org
45. Официальный портал аналитической поддержки малого предпринимательства г. Москвы (НП "Московский центр развития предпринимательства) www.giac.ru
46. Официальный сайт российского проекта «Программа защиты и представления интересов малого предпринимательства» <http://www.react.ru>
47. Отчёт Генеральной Инспекции SBA за 2001 г. <http://www.sba.gov>
48. Государственная поддержка малого предпринимательства в странах Центральной и Восточной Европы: монография/РАН Институт экономики: отв. ред. Гринберг Р.С. – М.: Наука, 2006. – 258 б.
49. Нұрақым Р. Шағын кәсіпкерлік: кеше мен бүгін//Ақиқат. - 2005.- 44-47б.
50. Статистические сборники Агентства Республики Казахстан по статистике за 2004-2015 гг.
51. Сулейменова Г.К. Институциональные преобразования в сфере малого предпринимательства: теория, методология и практика: Дисс.на соискание ученой степени доктора экономических наук, 08.00.01.- Алматы, 2007.-46 б.
52. Рамазанов Ж. Состояние и перспективы развития предпринимательства в Казахстане: Реальный сектор экономики// Финансы. Кредиты.-2007.-№10.- 14-15 б.
53. Суйлеменова Г.К. Структурные альтернативы и динамика развития малого предпринимательства в Республике Казахстан// Вестник Университета “Кайнар”.-2005.-№3-4.- 42-45 б.
54. Кольбаев М. Экономическая структура предпринимательства// Транзитная экономика.- 2006.-№3.- 49-52 б.
55. Ертаев К. Экономическая эффективность предпринимательства в условиях модернизации: методики, оценки, оптимизации: Автореферат дисс.на соискание ученой степени доктора экономических наук, 08.00.05.- Туркестан: Коргау Тараз-2005, 2007.- 45 б.

56. Сарина Б.С. Перспективы развития малого инновационного предпринимательства в ВКО, Материалы Международного экономического форума «Казахстанская модель экономического развития: новые вызовы и перспективы», Астана, 21 сентября 2014г.: 246 б.
57. Развитие малого бизнеса: Аналитический доклад МИТ РК (в разрезе областей): Аналитический обзор// Малый и средний бизнес Казахстана.- 2014.-№1.-58-64 б.
58. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы (Астана қ., 2007 жылғы 28 ақпан) (І Бөлім)
59. Основные препятствия развития предпринимательства в Республике Казахстана и пути их преодоления, Материалы Международной конференции «Снижение барьеров в предпринимательстве и поддержка развития предпринимательства». ЕЭК ООН, Швейцария, Женева, 18-19 июня 2007 года.
60. Краткое резюме о положении Казахстана в рейтинге Всемирного банка “Легкость ведения бизнеса”, Интернет газета. ZONA KZ, 28 ноябрь 2014года.